

**Қазақ ертегілері**

**Казахские сказки**

Перевел **Гайдар Утешев**

Лексический комментарий Гайдара Утешева и Ильи Франка

*Метод чтения Ильи Франка*

[www.franklang.ru](http://www.franklang.ru)

Дорогие читатели, книга предназначена для бесплатного пользования.

Замечания по переводу и комментарию присылайте, пожалуйста, на

[frank@franklang.ru](mailto:frank@franklang.ru)

**Жиренше шешен**

(Мудрый Жиренше)

Жиренше шешен жолаушы келе жатып (мудрый Жиренше путешествуя/странствуя; жолаушы келе жатып — путешественником идя; жолаушы — путешественник; жолау — подходит близко; приближаться; жол — путь, дорога; келе жату — идти /жату — лежать, используется как

*вспомогательный глагол для обозначения продолжительности действия/), бір ауылдың тұсына келсе (к одного аула стороне/окраине подойдя; тұс — сторона, направление; келу/келсе — прийти/если придет), ауылмен екі арада өзен суы тұрған соң (вследствие того, что между ним и аулом речные воды пролегали: «стояли»; ауылмен екі арада — с аулом двумя между; өзен — река; су — вода; соң — после, затем; /-ған соң/ вследствие того/так как; тұру/тұрған — стоять/стоявший), өткелін біле алмай сасып тұрғанда (брода/перехода не зная<sup>1</sup> растерявшись когда стоял = когда растерялся; өткел — переход; біле алмай — не сумев узнать: «зная не взяв»; білу — знать; алу — брать/суметь; алмау — не брать/не суметь; сасып тұру — растерявшись стоять; тұрған/тұрғанда — стоял/когда стоял), судың ар жағынан су алуға шелекпен бір қыз келді (воды = реки с другого берега воды набрать чтобы с ведром одна девушка пришла; судың ар жағынан — воды с другого берега; жақ — щека; сторона; берег; шелек/шелекпен — ведро/с ведром; қыз — девочка, девушка; келу/келді — прийти/пришел). Жиренше дауыстап сұрады (Жиренше громко/голося спросил; дауыс/дауыстап — голос/голося; сұрау/сұрады — спросить/спросил):*

— Бұл өзеннің өткелі қайда? — деп (этой реки переправа где? — молвив; деу — говорить, сказать).

Жиренше шешен жолаушы келе жатып, бір ауылдың тұсына келсе, ауылмен екі арада өзен суы тұрған соң, өткелін біле алмай сасып тұрғанда, судың ар жағынан су алуға шелекпен бір қыз келді. Жиренше дауыстап сұрады:

— Бұл өзеннің өткелі қайда? — деп.

Қыз айтты (девушка промолвила; айту — говорить, сказать):

---

<sup>1</sup> При дословном переводе сказок на русский язык не всегда соблюдаются правила русской пунктуации, так как их соблюдение помешало бы передать особенности казахского глагола.

— Анау жақта бір өткел бар алыс (на той стороне одна переправа есть далекая; *жақ — сторона*), алыста болса жақын (далеко будучи /она/ близкая, *болу/болса — быть/если будет*), берірек бір өткел бар жақын (поближе одна переправа есть близкая), — жақын да болса алыс (близкой хоть будучи /она/ далекая). Мұның не сөз екенін аңғармай (этого что /за/ слова оказались, не поняв; *екен — оказывается; аңғару/аңғармау/аңғармай — понять/не понять/не понять*), Жиренше жақын деген өткелге барып (Жиренше к той, что близко, переправе пойдя; *деген — тот что; бару — пойти*), жүріп кетіп еді (идя уходя был = пошел; *жүру — идти; кету — уходить; еді — был/была/были /используется, чтобы придать продолжительность действию/*), судың орта жеріне барғанда аты омбылап жығылып (воды = реки до середины дошел когда, его лошадь увязая повалившись = увязнув, повалилась; *орта жеріне — до среднего места; бару/барған/барғанда — пойти/пошел/когда пошел; ат — лошадь/конь, аты — лошадь его/ее/их; омбылау — увязнуть; жығылу — падать, повалиться*), үсті-басы былғанып (весь его облик испачкав; *үсті — поверхность; бас — голова; үсті-басы — вся одежда, с ног до головы; былғану — пачкаться*), азар-мазар қайтып шықты (едва выбралась назад; *қайтып шығу — вернувшись выйти*). Сонан-соң алыста болса жақын деген өткелге барып (после этого к той, что хоть и далекая, а близкая, переправе пойдя; *сонан-соң — этого после*), оп-оңай ар жақтағы қыздың үйіне келді (с легкостью на той/другой стороне /расположенному/ к девушкиному дому пришел; *оп-оңай — очень легко, легко-легко; үй — дом, жилище*). Үйіне кіріп отырған соң (после того, как в ее дом войдя уселся; *соң — после того как; вследствие; кіру — входит; отыру — сидеть; садиться*), Жиренше қызға қарап (Жиренше, на девушку глядя, *қарау — смотреть*):

— Жаным, қарным ашып алыстан келемін (душа моя = *милая*, проголодавшись издалека иду; *қарным ашып — желудок мой опустев; жан — душа: жаным — моя душа; алыс/алыстан — далекий/издалека; келу/келе/келемін —*

*идти/идя/иду*), тамағыңның тәттісін бер — деді (*из еды своей вкусного подай — сказал; тамақ/тамағың/тамағыңның — еда/твоя еда/из твоей еды; тәтті/тәттісі/тәттісін — вкусный/нечто вкусное/чего-то вкусного; беру — давать*).

Қыз айтты:

— Анау жақта бір өткел бар алыс, алыста болса жақын, берірек бір өткел бар жақын, — жақын да болса алыс. Мұның не сөз екенін аңғармай, Жиренше жақын деген өткелге барып, жүріп кетіп еді, судың орта жеріне барғанда аты омбылап жығылып, үсті-басы былғанып, азар-мазар қайтып шықты. Сонан-соң алыста болса жақын деген өткелге барып, оп-оңай ар жақтағы қыздың үйіне келді. Үйіне кіріп отырған соң, Жиренше қызға қарап:

— Жаным, қарным ашып алыстан келемін, тамағыңның тәттісін бер — деді.

Қыз айтты (*девушка промолвила*):

— Бір тамақ бар ащы, ащы да болса тәтті (*одно яство есть/имеется соленое, соленым хоть будучи /оно/ вкусное; ащы — соленый; горький*); бір тамақ бар тұщы, тұщы да болса ащы (*одно яство есть пресное, пресным хоть будучи /оно/ соленое*).

Жиренше: — Ащы да болса тәтті деген тамағыңды келтір — деді (*то, что соленое хоть будучи, а сладкое, яство приведи/принеси — сказал; келтіру — приводит*). Қыз тұрып шанаштан бір уыс тұз алып (*девушка встав, из бурдюка одну горсть соли взяв*), бір аяқшаға салып (*в одну чашечку /ее/ положив; салу — класть*), Жиреншенің алдына қойды (*перед Жиренше /ее/ поставила; алды — передняя часть; қою — помещать /ставит, класть/*).

Қыз айтты:

— Бір тамақ бар ащы, ащы да болса тәтті; бір тамақ бар тұщы, тұщы да болса ащы.

Жиренше: — Ащы да болса тәтті деген тамағынды келтір — деді. Қыз тұрып шанаштан бір уыс тұз алып, бір аяқшаға салып, Жиреншенің алдына қойды.

Жиренше мұны көріп (Жиренше, это увидев):

— Жаным, құр тұзды қалай жеймін? — деді (душа моя, простую соль как я буду есть? — сказал; *жеу/жеймін — кушать/я буду есть*). Сонда қыз үндемей (тогда девушка молча; *үн/үндеу/үндемеу — звук/звучать/не звучать, не проронить ни звука, молчать*), тұзы жоқ қара көже құйып берді (соли нет = *несоленную* черной = *простой* похлебки налив дала; *көже — национальный кисло-молочный продукт; құю — лить*). Жиренше, өзі де данышпан ақылды кісі (Жиренше, /будучи/ сам также мудрым рассудительным человеком; *данышпан — мудрый, гениальный; ақыл — ум, разум, рассудок; ақылды — умный, рассудительный*), ойлап отырып, бұл сөздерге түсінді (думая посидев = *подумав*, эти слова понял; *ой/ойлау — мысль/думать; отыру — сидеть /используется как вспомогательный глагол для обозначения продолжительности действия, наряду с глаголами «жату» — лежать, «тұру» — стоять, «жүру» — ходить, идти/; /сөз/сөздер — слово/слова; түсіну — понять*), және өзінің үй иесінің берген мәзірін күтпей (и своего дома владелицей поданного меню не дожидаясь; *өз/өзінің — сам/свой; үй — дом; иесі — владелец; мәзір — меню; күту/күтпеу — ждать/не ждать*), тәтті тамағынды бер деп сұрағанына ұялды (то, что вкусную еду свою подай сказал, своей просьбы устыдился; *деп — сказав /деу — говорить/; сұрау/сұраған/сұрағаны/сұрағанына — просить/просил/просьба его/за то что спросил; ұялу — стыдиться, стесняться*). Сол істерінен Жиренше қыздың есті қыз екенін аңғарып (из тех деяний Жиренше, что девушка сознательной/мудрой девушкой является, уяснив; *сол істер — те дела; екенін — то что является/оказывается; аңғару —*

*понимать, догадаться*), ақырында өзіне қалыңдыққа айттырып алды дейді (в конце концов себе /ее/ в невесты сосватав взял поговаривают; *ақыр/ақырын/ақырында — конец/тихо или медленно/в конце концов; өзіне — себе; қалыңдыққа айттыру — в невесты сосватать*).

Жиренше мұны көріп:

— Жаным, құр тұзды қалай жеймін? — деді. Сонда қыз үндемей, тұзы жоқ қара көже құйып берді. Жиренше, өзі де данышпан ақылды кісі, ойлап отырып, бұл сөздерге түсінді, және өзінің үй иесінің берген мәзірін күтпей, тәтті тамағыңды бер деп сұрағанына ұялды. Сол істерінен Жиренше қыздың есті қыз екенін аңғарып, ақырында өзіне қалыңдыққа айттырып алды дейді.

Қыздың аты Қарашаш-сұлу (девушки имя — Черновласка-краса; *ат — имя; қара шаш — черные волосы; сұлу — красавица*), жұртқа белгілі көркем, данышпан болған соң (народу известной изящной, мудрой будучи поскольку = так как она была известна в народе своей красотой и мудростью) заманындағы хан күндеп (той ее поры/времени = *тогдашний* хан позавидовав = *приревновав*; *заман — время/пора; күндеу — завидовать; соперничать*), Жиреншемен қас болды (с Жиренше врагом/недругом стал; *қас — неприятель*). Бір күні ханның көңілі шапқан соң (однажды: «в один день» хана желание помчалось = *разгорелось* так как/вследствие; *көңіл — настроение, душевное состояние, расположение духа; желание, охота; внимание; шабу — скакать, мчаться; соң — затем, после; /-қан соң/ так как*), асбасшылар алдына бір қаз пісіріп алып келіп қойысты (шеф-поварá перед ним одного гуся сварив принеся поставили; *қаз — гусь; пісіру — варить; алу — брать; келу — прийти; алып келу — взяв прийти = принести, доставить; қою — класть; қойысу — положить совместно/всем вместе*). Жиренше қасында отыр екен (Жиренше рядом с ним

сидит, оказывается; қасында — рядом с ним), хан оған бұйырды (хан ему приказал, бұйыру — приказать):

— Бұл қазды өзіме, ханымға, екі балама және өзіңе (этого гуся мне самому, ханше, двум детям моим и себе; өзіме — мне самому), біріне артық, бірімізге кем жібермей бөліп бер (одному больше, одному из нас меньше не отпустив раздели = раздели поровну; бірімізге — одному из нас); егер біреуімізге бір мысқал артық-кем болса (если у одного из нас удел больше-меньше будет), өзіңді қатты жазаландырамын, — деп (тебя самого сильно = жестоко казню, — сказав; өзіңді — тебя самого).

Қыздың аты Қарашаш-сұлу, жұртқа белгілі көркем, данышпан болған соң заманындағы хан күндеп, Жиреншемен қас болды. Бір күні ханның көңілі шапқан соң, асбасшылар алдына бір қаз пісіріп алып келіп қойысты. Жиренше қасында отыр екен, хан оған бұйырды:

— Бұл қазды өзіме, ханымға, екі балама және өзіңе, біріне артық, бірімізге кем жібермей бөліп бер; егер біреуімізге бір мысқал артық-кем болса, өзіңді қатты жазаландырамын, — деп.

Жиренше қолына пышақ алып (Жиренше в руку нож взяв), әуелі қаздың басын кесіп ханға берді (сначала гуся голову отрезав хану отдал /ее/):

— Тақсыр, сіз біздің басымызсыз (государь, вы нашей головой являетесь; бас/басымыз/басымызсыз — голова/наша голова/нашей головой являетесь), міне сізге бас, — деп (вот вам голова, — сказав).

— Екінші хан ханымсыз болмас (второго хана без ханши не будет/не бывает), ханым хансыз болмас (ханше без хана не быть), құс мойынсыз болмас (птице без шеи не быть; мойын — шея); олай болса, Ханым, сіздің мойныңыз, — деп (так бывает если, ханша, /вот/ ваша шея, — сказав), оған қаздың кеңірдегін кесіп алдына қойды (ей гуся горловину/шею отрезав перед ней положил /ее/).

— Мынау екі балаңыз — сіздің екі қанатыңыз (эти два ребенка ваших — два крыла ваших), оларға міне қанат, — деп (им вот крыло, — сказав), қаздың екі қанатын кесіп қойды (гуся два крыла отрезав положил /их/).

— Мен өзім, тақсыр, бас та емес, аяқ та емес, — орташа ғана адаммын (я сам, государь, и не голова, и не нога, средним/заурядным всего лишь человеком являюсь; бас та емес — голова даже не; аяқ та емес — нога даже не; орта/орташа — середина/средний; ғана — всего лишь; адаммын — человеком являюсь; адам — человек), мынау құстың орта денесі маған лайық, — деп (этой птицы средняя часть тела мне соответствующая/соответствует; дене — тело), қаздың қалған денесін өз алдына қойды дейді (гуся оставшееся тело перед собой положил говорят).

Жиренше қолына пышақ алып, әуелі қаздың басын кесіп ханға берді:

— Тақсыр, сіз біздің басымызсыз, міне сізге бас, — деп.

— Екінші хан ханымсыз болмас, ханым хансыз болмас, құс мойынсыз болмас; олай болса, Ханым, сіздің мойныңыз, — деп, оған қаздың кеңірдегін кесіп алдына қойды.

— Мынау екі балаңыз — сіздің екі қанатыңыз, оларға міне қанат, — деп, қаздың екі қанатын кесіп қойды.

— Мен өзім, тақсыр, бас та емес, аяқ та емес, — орташа ғана адаммын, мынау құстың орта денесі маған лайық, — деп, қаздың қалған денесін өз алдына қойды дейді.

Жаңа біраз күн өткен соң (новых несколько дней спустя; өту/өткен — пройти/прошел), хан аң аулай далаға шығып жүріп (хан на зверя охотясь в степь вышел/выехал; аулау — ловить/охотиться; жүру — передвигаться /вспомогательный глагол, подчеркивающий продолжительность действия/), домалап бара жатқан бір қаңбақты көріп, Жиреншеге бұйырды (катящееся одно

перекати-поле завидев, Жиренше приказал; домалап бара жатқан — катясь передвигаясь лежащий, домалау — катить/ся/; жату — лежать /вспомогательный глагол, подчеркивающий продолжительность действия/):

— Барып қаңбақтың көшу-қонуының қайда болатынын сұрап кел (пойдя перекати-поле кочевка его где будет находиться спрося приди; көшу-қонуы — его кочевка/миграция: «переезд-остановка», көшу — кочевать, перекочевывать; қону — располагаться, останавливаться на житье, болатынын — будет находиться; болу — быть, находиться), жауабын дұрыс келтірмесең, жасауылдарға ұрдыруға бұйырамын, — деп (его ответ правильно если не приведешь, есаулам побить прикажу, — сказав; жауап — ответ; келтіру/келтірмеу/келтірмесең — приводит/не приводит/если ты не приведешь).

Жиренше атын борбайға салып жіберіп шауып кетті де (Жиренше коня по ляжке хлестнув/стегнув ускакал и; шауып кету — скакав уйти = ускакать; салып жіберу — хлестнуть; жіберу — посылать, отправлять /как вспомогательный глагол придает действию, выраженному основным глаголом, оттенок завершенности/), қаңбақты қуып жетіп найзасымен шаншып тоқтатып (перекати-поле нагнав своим копьем уколов остановив = остановил; қуып жету — преследуя достичь; найза — копье), біраз тұрды-тұрды да, қайта ханға келіп айтты (некоторое время постояв, снова к хану придя/вернувшись, сказал):

— Тақсыр, қаңбақтан бұйрығыңызша сұрадым (государь, у перекати-поле согласно вашему приказу спросил; бұйрық/бұйрығыңыз/бұйрығыңызша — приказ/ваш приказ/согласно вашему приказу).

Жаңа біраз күн өткен соң, хан аң аулай далаға шығып жүріп, домалап бара жатқан бір қаңбақты көріп, Жиреншеге бұйырды:

— Барып қаңбақтың көшу-қонуының қайда болатынын сұрап кел, жауабын дұрыс келтірмесең, жасауылдарға ұрдыруға бұйырамын, — деп.

Жиренше атын борбайға салып жіберіп шауып кетті де, қаңбақты қуып жетіп найзасымен шаншып тоқтатып, біраз тұрды-тұрды да, қайта ханға келіп айтты:  
— Тақсыр, қаңбақтан бұйрығыңызша сұрадым.

Қаңбақ айтты (перекати-поле ответило):

— Сұрата жіберген хан тентек пе (спросить чтобы отправивший хан — шалун = дурень ли; тентек — шалун, озорник, проказник), сұрай келген сен тентек пе (/или/ спросить пришедший ты шалун/дурень ли)? Көшерімді жел біледі (о кочевании моем ветер знает), қонарымды сай біледі, — деп (о приземлении/оседании моем овраги знают/ведают, — сказав).

Осылайша әуре етіп жүре-жүре (таким образом хлопоты создавая слоняясь/передвигаясь), хан Жиреншенің ешбір тұзаққа түспегеніне өшігіп (хан на то, что Жиренше ни в одну ловушку не попался, разозлясь; ешбір — ни один/никакой; тұзақ — силки; түспегеніне — на то, что не попался: түсу/түспеу/түспеген — упасть/не упасть/не упавший; өш/өшігу — мечь/злобу затаить), енді лайығын тапса (теперь соответствующее /средство/ если найдет; лайық — приемлемый, подходящий; табу/тапса — найти/если найдет), тіпті, өлтіріп қатынын алуға ойланды (даже/вообще убив жену /его/ забрать надумал; өлтіру — убивать, умертвлять; өлу — умереть). Бұл ыңғайын таныған соң (это удобство распознал поскольку; ыңғай — удобство, удобный случай, благоприятное стечение обстоятельств; тану — узнавать), Жиренше қайғыда болып жүргенде (Жиренше в печали/горе когда будучи ходил/передвигался; жүргенде — когда передвигался; жүру — идти, двигаться), бір күні Қарашаш-сұлу байынан сұрады (однажды Черновласка-краса у своего мужа спросила):

— Нере қамығасын? — деп (почему горюешь/печалишься? — сказав; қамығу — горевать, печалиться; қам — забота).

Қаңбақ айтты:

— Сұрата жіберген хан тентек пе, сұрай келген сен тентек пе? Көшерімді жел біледі, қонарымды сай біледі, — деп.

Осылайша әуре етіп жүре-жүре, хан Жиреншенің ешбір тұзаққа түспегеніне өшігіп, енді лайығын тапса, тіпті, өлтіріп қатынын алуға ойланды. Бұл ыңғайын таныған соң, Жиренше қайғыда болып жүргенде, бір күні Қарашаш-сұлу байынан сұрады:

— Неге қамығасын? — деп.

Жиренше мағынасын айтты (Жиренше суть/смысл рассказал; *мағына — смысл, значение*). Қарашаш айтты (Черновласка промолвила):

— Достым, қайғырма, бұған бір ақыл табылар (друг мой, не горюй, этому одно решение/разумение найдется; *ақыл — разум; табу — находить*). Екі күннен соң ханды, билерді үйге қонаққа шақырыңыз (два дня спустя хана, судей домой в гости позовите; *би — судья; қонақ — гость; шақыру — звать*). Жиренше елінен озған алаяқ шешен атанса да (Жиренше страну опередившим пронырой мудрецом славился/назывался хотя: «если и»; *-са да — хотя, пускай*), өзі кедей екен дейді (сам бедняком был/оказался говорят). Кедейлігі турасында әлі күнге қазақта қалған бір сөз де бар ғой (о бедности до сего дня у казахов оставшееся одно слово/поговорка же есть ведь; *кедей/кедейлік — бедный/бедность; турасында — ради*): ханның сәулетті ордасында күн бойы әдемі төсек үстінде отырып (хана в роскошной ставке день напролет красивой перины поверху сидя; *сәулет — внешняя красота; сәулетті — величественный, роскошный*), кеш өзінің қара лашығына келіп (вечером в свою черную лачугу приходя; *лашық — лачуга*), тулақ үстіне жатып айтады-мыс (подстилки поверх развалившись/лежа поговаривает в действительности; *тулақ — тулак /высушенная шкура, используемая как подстилка и для взбивания шерсти/*, *мыс — поистине/в действительности*): «Ай-һай менің өз үйім — кең сарайым боз

үйім» деп (ух ты, собственный дом мой — просторный дворец мой, белый дом мой /здесь имеется в виду, что ничто, даже ханские палаты, не заменяют простую опочивальню, в которой ютился некогда претендент на трон/).

Жиренше мағынасын айтты. Қарашаш айтты:

— Достым, қайғырма, бұған бір ақыл табылар. Екі күннен соң ханды, билерді үйге қонаққа шақырыңыз. Жиренше елінен озған алаяқ шешен атанса да, өзі кедей екен дейді. Кедейлігі турасында әлі күнге қазақта қалған бір сөз де бар ғой: ханның сәулетті ордасында күн бойы әдемі төсек үстінде отырып, кеш өзінің қара лашығына келіп, тулақ үстіне жатып айтады-мыс: «Ай-һай менің өз үйім — кең сарайым боз үйім» деп.

Әйелінің әлгі айтқан сөзін естіп, Жиренше айтты (жены своей те сказанные слова услышав, Жиренше молвил):

— Хан-қараны шақырып (хана черного позвав /здесь имеется в виду: позвать хана в качестве простолюдина/), қай жерге отырғызамыз және немен сыйлаймыз (на какое место посадим и чем угощать будем; жер — место/земля; отырғызу — сажать; сыйлау — дарить/почитать/угощать)?

Қарашаш айтты (Черновласка сказала):

— Оның ақылын маған қоя беріңіз (его рассудительность/решение мне оставив дайте = этот вопрос оставьте мне; қою — помещать /класть, ставить/; оставлять; позволять, дозволять).

Екі күн өткен соң (после того как два дня прошли; өту — проходить; переходить), Жиренше ханды уәзірлерімен қонаққа шақырды (Жиренше хана с визирями в гости позвал; уәзір — визирь). Хан да, жасауылдары да Жиренше бізді немен сыйлар екен көрейік деп келіпті-міс (и хан, и свита его, Жиренше нас чем угостит, окажется, посмотрим сказав пришли в действительности/поистине; біз/бізді — мы/нас; көру — видеть). Сыйғаны үйге

кіріп (поместившиеся домой войдя; *сюю/сыйған/сыйғаны — поместиться/поместившийся/те что поместились*), сыймағанына далада киіз жайып (для не поместившихся на улице/во дворе кошму постелив; *сюю/сыймау/сыйған/сыймаған — поместиться/не поместиться/поместившийся/не поместившийся*, дала — *степь*; *улица, двор; жаю — пасти; расстилать*), тегіс отырып болған соң (после того, как ровно /все/ расселись; *тегіс — ровный; отырып болу — севши быть /расположиться, рассесться/*), Қарашаш-сұлу өзі тұрып ханның алдына бір аяқшаға салған азғана сүт-қаймақты келтіріп қойды (*Черновласка-краса сама встав перед ханом в одну чашу вложенного немного молочно-сливочного продукта приведя положила; ханның алдына — перед ханом; азғана — немного/чуть-чуть; сүт — молоко; қаймақ — сливки, сметана*).

Әйелінің әлгі айтқан сөзін естіп, Жиренше айтты:

— Хан-қараны шақырып, қай жерге отырғызамыз және немен сыйлаймыз?

Қарашаш айтты:

— Оның ақылын маған қоя беріңіз.

Екі күн өткен соң, Жиренше ханды уәзірлерімен қонаққа шақырды. Хан да, жасауылдары да Жиренше бізді немен сыйлар екен көрейік деп келіпті-міс. Сыйғаны үйге кіріп, сыймағанына далада киіз жайып, тегіс отырып болған соң, Қарашаш-сұлу өзі тұрып ханның алдына бір аяқшаға салған азғана сүт-қаймақты келтіріп қойды.

Хан шынашағымен ғана қаймақтан аузына алып салып еді (*хан мизинцем всего лишь/только от сливок в рот взяв положив был/зачерпнув положил; шынашақ — мизинец; ауыз — рот*), бұл қаймақ ханның өмірінде жеп көрмеген артықша бір тәтті дәм (*эти сливки в хана жизни /никогда/ не пробованным излишне/особенно одним лакомым вкусом /оказались/; өмір — жизнь; жеп көру*

— *попробовать: «кушая видитъ»*) және сол шынашағымен бір-екі алып жегенде тойып та қалды (и тем/левым мизинцем раз-два взяв когда покушал, насытившись уже остался = тогда насытился вдоволь; *жеу/жеген/жегенде — кушать/кушал/когда покушал*). Ханнан қалғанын қасындағы жақсыларына беріп (от хана оставшееся подле /расположившимся/ хорошим /людям/ раздав; *қалу/қалды/қалған/қалғанын — остаться/остался/оставшийся/оставшееся, жақсы/жақсылар/жақсылары/жақсыларына — хороший/хорошие/его хорошие/его хороший*), үй ішіндегі жан біткеннің бәрі де не тамақ екен деп (дома внутри любопытствовавшие все также что /за/ еда является сказав/подумав; *іш/үй іші/ішіндегі — нутро/внутренняя часть дома/внутри; жан — душа; біткен — законченный; погибший, пропащий; біту — заканчиваться; пропадать, погибать; жан біткен — сгорающий от любопытства*) аз-аздап алып дәмін татысты (понемногу взяв вкус пробовали).

Аттанар уақытта, хан Қарашаш-сұлудан сұрады (при отправлении хан у Черновласки-красы спросил; *ат/аттану/аттанар — конь/садиться на коня/отправиться в путь дорогу; уақыт/уақытта — время/во время, аттанар уақытта — перед тем как отправиться*):

— Сұлу, бұл берген тамағыңыз не тамақ (красавица, эта данная еда ваша что за еда)! Біз көрмеген бір тәтті дәм екен (невиданным нами одним лакомым вкусом является/кажется), үйретсең асбасшыларыма бұйырайын, әрдайым осындай тамақ істеуге (если научишь, поварам своим прикажу постоянно такую еду готовить/делать; *үйрету/үйретсең — научить/если научишь; әрдайым — каждый раз*).

Хан шынашағымен ғана қаймақтан аузына алып салып еді, бұл қаймақ ханның өмірінде жеп көрмеген артықша бір тәтті дәм және сол шынашағымен бір-екі алып жегенде тойып та қалды. Ханнан қалғанын қасындағы жақсыларына беріп,

үй ішіндегі жан біткеннің бәрі де не тамақ екен деп аз-аздап алып дәмін татысты.

Аттанар уақытта, хан Қарашаш-сұлудан сұрады:

— Сұлу, бұл берген тамағыңыз не тамақ! Біз көрмеген бір тәтті дәм екен, үйретсең асбасшыларыма бұйырайын, әрдайым осындай тамақ істеуге.

Сонда Қарашаш айтты дейді (тогда Черновласка сказала, поговаривают):

— Тақсыр, сіз білесіз біздің жарлы екенімізді (государь, вы знаете, что мы бедными/неимущими являемся; *біздің жарлы екенімізді — нашу неимущую являемость/сущность; жарлы — бедный; неимущий*); ерім сізді жақсыларыңызбен қонақ етуге ниет еткен соң (так как мой муж вас с хорошими вашими /людьми/ гостями сделать желание = *удовлетворить ваше желание изъявил*), не тамақпен сыйласам болар деп уайымға қалдым (каким яством угощать буду сказав/подумав раздумью предалась я: «в раздумье осталась»; *уайым — печаль, грусть; беспокойство, забота*); ақырында ойладым (в конце-концов подумала): дүниедегі тамақтың асылы — адамның сүті болса керек (в мире самым драгоценным из еды человека молоко быть должно); не үшін десеңіз — бала бес-алты жасқа келгенше жалғыз емшек сүтімен күн көреді (почему если скажете/спросите — ребенок пока 5-6 лет не достигнет только груди, молоком день/свет видит, *не үшін — для чего/почем; жас — молодой; /возраст; келу/келген/келгенше — прийти/пришел/пока не пришел или пока не достиг; сүт/сүті/сүтімен — молоко/его молоко/его молоком*). Сол үшін өз сүтімді сауып (для этого/поэтому собственного молока надоив), осы қаймақты істедім, — деді (эти сливки сделала, — сказала). Хан «ах» деп санын бір соғып, шыға жөнелді — дейді (хан «ах» сказав по бедру раз ударив, выходя отправился). Ол заман да бұл заман да белгілі (в те времена и в данное время известно) — емшегінің сүтін ішкен әйел шеше есебіне кіріп (из груди /которой/ молоко /ты/ пил, женщина в матери качество/счет перейдя/переходит = ставшую

тем самым как мать), қалыңдыққа алуға болмайтындығы (то что ее в невесты /себе/ брать нельзя; болмайтын/болмайтындығы — не бывающий/то что не может быть или то что нельзя). Мұнансоң бірнеше күннен соң (после этого несколько дней спустя), хан Жиреншені шақырып алып (хан Жиренше призвав; шақырып алу — позвать: «позвав взять»), қиянат істерімді кешіріңіз деп өтініп (зловещие дела мои простите сказав умоляя/прося; қиянат — зло; преступление, насилие), көп мал сыйлапты-мыс (много скота подарил в действительности/поистине).

Сонда Қарашаш айтты дейді:

— Тақсыр, сіз білесіз біздің жарлы екенімізді; ерім сізді жақсыларыңызбен қонақ етуге ниет еткен соң, не тамақпен сыйласам болар деп уайымға қалдым; ақырында ойладым: дүниедегі тамақтың асылы — адамның сүті болса керек; не үшін десеңіз — бала бес-алты жасқа келгенше жалғыз емшек сүтімен күн көреді. Сол үшін өз сүтімді сауып, осы қаймақты істедім, — деді. Хан «ах»деп санын бір соғып, шыға жөнелді — дейді. Ол заман да бұл заман да белгілі — емшегінің сүтін ішкен әйел шеше есебіне кіріп, қалыңдыққа алуға болмайтындығы. Мұнансоң бірнеше күннен соң, хан Жиреншені шақырып алып, қиянат істерімді кешіріңіз деп өтініп, көп мал сыйлапты-мыс.

## Өнеге

(Пример)

Бұрынғы заманда бір үлкен шаһар бар екен (в древние времена один большой город был/имелся оказывается). Бұл шаһардың ханы болыпты (этого города хан

был). Ол күнде жаман киініп (он ежедневно плохо одеваясь; *киіну — одеваться; кию — надевать*), жай кісі болып (простым человеком будучи = под видом простого человека), шахарды, базарды аралап жүреді екен (город, базар обходя передвигается/ходит оказывается; *жүру — передвигаться /вспомогательный глагол, подчеркивающий продолжительность действия/*). Күндердің бір күнінде аралап келе жатып (дней в один день = *как-то в один день* обходя передвигаясь; *жату — лежать /как вспомогательный глагол подчеркивает продолжительность действия/*), басына бір кесек алтын (на голову один кусок золота), аяғына бір кесек алтын (под ноги один кусок золота; *аяқ — нога*) қойып жатқан бір адамды көреді (кладущего одного человека видит). Мұны көріп (это завидев), хан таң қалып (хан удивившись; *таң — заря/рассвет; қалу — оставить/остаться, таң қалу — озариться/удивиться*), неше күндей мұны сыртынан бағып жүреді (сколько дней этого /человека/ = *к этому человеку со стороны* присматривается: «присматриваясь ходит»; *сыртынан — снаружи, извне; за спиной; сырт — внешняя/задняя сторона*).

Бұрынғы заманда бір үлкен шаһар бар екен. Бұл шаһардың ханы болыпты. Ол күнде жаман киініп, жай кісі болып, шахарды, базарды аралап жүреді екен. Күндердің бір күнінде аралап келе жатып, басына бір кесек алтын, аяғына бір кесек алтын қойып жатқан бір адамды көреді. Мұны көріп, хан таң қалып, неше күндей мұны сыртынан бағып жүреді.

Бұл адам ерте де, кеш те бір қалыпта (этот человек рано и поздно и в одном состоянии/положении): басына, аяғына бір-бір кесек алтын қойып жатады (на голову, под ноги по одному куску золота кладет: «кладя лежит/пребывает»). Ақырында, бір күні хан (в конце концов, в один день хан):

— Сен не қылған адамсың (ты что сделавшим человеком являешься = что за человек ты; қылу — *делать; совершать действие: не қылып жүрсің? — что ты делаешь?*)? — деп сұрайды (спрашивает). Ол адам басын көтеріп (тот человек, голову свою приподнял):

— Мен ақыл сатушымын (я ум/совет продающим/продавцом являюсь; *сатушы — продавец; сату — продавать*), — дейді (молвит).

— Олай болса (в таком случае: «так есть если»), маған бір ақыл сатшы (мне один совет продай, пожалуйста; *сатшы — продай, пожалуйста*), — дейді патша (молвит правитель). Сонда ол адам (тогда тот человек):

— Құп болады (хорошо/будет сделано; *құп — ладно, хорошо*), бірақ әр ақылымның бағасы мың алтын (однако каждого совета цена тысяча алтынов /золотых монет/), — дейді (молвит). Хан санап (хан, посчитав = отсчитав; *санау — считать*), мың алтын береді (тысячу золотых дает). Сонда ақыл сатушы (тогда ума/советов продавец):

— Не істесең де ойлап істе (что делать будешь если, подумав делай), ойламай іс қылсаң (не подумав, дело совершать будешь если), қор боласың (страдающим будешь = пострадаешь), — дейді (молвит).

Бұл адам ерте де, кеш те бір қалыпта: басына, аяғына бір-бір кесек алтын қойып жатады. Ақырында, бір күні хан:

— Сен не қылған адамсың? — деп сұрайды. Ол адам басын көтеріп:

— Мен ақыл сатушымын, — дейді.

— Олай болса, маған бір ақыл сатшы, — дейді патша. Сонда ол адам:

— Құп болады, бірақ әр ақылымның бағасы мың алтын, — дейді. Хан санап, мың алтын береді. Сонда ақыл сатушы:

— Не істесең де ойлап істе, ойламай іс қылсаң, қор боласың, — дейді.

Мұнан соң хан ордасына келіп (этого после хан, в ставку свою придя), баяғы сөзді әрбір көзге түсетін жерлерге (предыдущее слово/фразу на любому глазу попадающие места), орамал-дастарқанға дейін (до платка и дастархана /скатерти/ вплоть) жазып қояды (пишет: «написав оставляет»; қою — ставит, класть /как вспомогательный глагол придает выражению оттенок усиления/). Бір күні хан шашын алғызатын болып (в один день хан, собираясь постричься: «волосы свои постричь будучи»; алу/алғызу — взять/заставитъ взять): «Шаштараз алып кел (парикмахера приведи)», — деп, бас уәзірге әмір қылады (главному везиру повеление делает).

Мұнан соң хан ордасына келіп, баяғы сөзді әрбір көзге түсетін жерлерге, орамал-дастарқанға дейін жазып қояды. Бір күні хан шашын алғызатын болып: «Шаштараз алып кел», — деп, бас уәзірге әмір қылады.

Уәзір дереу бір шаштаразға барып (везирь тотчас же к одному парикмахеру пойдя): «Ертең келіп, ханның шашын ал (завтра придя, хана волосы постриги: «возьми»)» — деп бұйырады (приказывает). Ертең ерте шаштараз ханның ордасына келе жатса (завтра = на следующий день рано парикмахер к хана ставке идет если = когда), алдынан уәзір шығады (перед ним везирь выходит/появляется).

Уәзір дереу бір шаштаразға барып: «Ертең келіп, ханның шашын ал» — деп бұйырады. Ертең ерте шаштараз ханның ордасына келе жатса, алдынан уәзір шығады.

Уәзір (везирь):

— Ей, шаштараз (эй, парикмахер), ханның шашын қандай ұстарамен алмақшы едің (хана волосы какой бритвой стричь: «братъ» намеревался ты; ұстара — бритва)? — дейді (молвит). Шаштараз (парикмахер):

— Ай, тақсыр, күндегі (ой, милостивый, ежедневно) ұстап жүрген жай ұстарамен аламындағы (держа ходящей = которая постоянно при мне простой бритвой братъ = стричь буду). Жақсы ұстараны мен байғұс қайдан табамын (хорошую бритву я, бедняга, откуда = где найду)? — дейді (молвит).

Уәзір:

— Ей, шаштараз, ханның шашын қандай ұстарамен алмақшы едің? — дейді.

Шаштараз:

— Ай, тақсыр, күндегі ұстап жүрген жай ұстарамен аламындағы. Жақсы ұстараны мен байғұс қайдан табамын? — дейді.

Сонда уәзір (тогда везирь):

— Ей, ақымақ (эй, дурень)! Ханның шашын жай ұстарамен алуға болмайды (хана волосы простой бритвой стричь нельзя). Мә, мынау ұстарамен ал (на, этой бритвой стриги), — деп, қалтасынан шығарып (молвив, из кармана своего вытащив; қалта — карман), бір алтын сапты ұстара береді (одну с золотой рукояткой бритву подает; сап — рукоятка, черенок, ручка).

Сонда уәзір:

— Ей, ақымақ! Ханның шашын жай ұстарамен алуға болмайды. Мә, мынау ұстарамен ал, — деп, қалтасынан шығарып, бір алтын сапты ұстара береді.

Шаштараз қуанып (парикмахер, обрадовавшись), ханның құзырына келіп (хана в подчинение/ведение придя), шашын жібіте бастайды (волосы его увлажнять начинает). Сол уақытта шаштараз (в тот момент парикмахер): «Не істесең де ойлап істе (что делать будешь если, подумав делай), ойламай іс қылсаң (не подумав дело совершишь если), қор боларсың (пострадаешь)! — деп, әр жерге жазылған сөздерді (молвив, на каждом месте написанные слова) көреді де ішінен (видит и внутренне = про себя): «Қой, уәзірдің ұстарасын қояйын (погоди, везиря бритву отложу /пусть, лучше/), өзімнің үйренген жаман ұстараммен-ақ ханның шашын алайын (сам же наученной/привыкшей плохой бритвой хана волосы постригу: «возьму» /пусть/; -ақ — же)», — деп, уәзірдің алтын сапты ұстарасын былай қойып (молвив, везиря с золотой рукояткой бритву так отложив), өзінің ағаш сапты ұстарасымен ала бастайды (своей с деревянной рукояткой бритвой стричь начинает; ағаш — дерево; древесина).

Шаштараз қуанып, ханның құзырына келіп, шашын жібіте бастайды. Сол уақытта шаштараз: «Не істесең де ойлап істе, ойламай іс қылсаң, қор боларсың! — деп, әр жерге жазылған сөздерді көреді де ішінен: «Қой, уәзірдің ұстарасын қояйын, өзімнің үйренген жаман ұстараммен-ақ ханның шашын алайын», — деп, уәзірдің алтын сапты ұстарасын былай қойып, өзінің ағаш сапты ұстарасымен ала бастайды.

Мұны көріп хан ішінен (это завидев хан изнутри/про себя): «Бұл ақымақ алтын сапты ұстарасын (этот дурень с золотой рукояткой бритву) менің шашымды алуға аяды ғой (мои волосы состричь чтобы пожалел ведь; аяу — пожалеть)! Онымен менен артық кімнің шашын алады (ею меня помимо чьи волосы стрижет)? Тоқтай тұр (остановись = погоди; тоқтау — останавливаться; тұру — стоять /используется для придания продолжительного или прерывистого

*оттенка значения/*), мен саған көрсетейін (я тебе покажу)!» — деп шашын алғызып болған соң хан (молвил хан, после того как ему состригли волосы: «волос состриженности будучи после»):

— Дереву жендетті шақырып келіндер (срочно/немедленно палача позовите: «позвав придите»; *жендет — палач*), мен бұл шаштараздың басын аламын (я этого парикмахера голову возьму = прикажу отрубить ему голову)! — деп, кісілеріне әмір қылады (людям своим приказ делает = отдает).

Мұны көріп хан ішінен: «Бұл ақымақ алтын сапты ұстарасын менің шашымды алуға аяды ғой! Онымен менен артық кімнің шашын алады? Тоқтай тұр, мен саған көрсетейін!» — деп шашын алғызып болған соң хан:

— Дереву жендетті шақырып келіндер, мен бұл шаштараздың басын аламын! — деп, кісілеріне әмір қылады.

Шаштараз мұны естіп (*парикмахер, это услышав*), неге қылмысты болғанын білмей (*почему преступным стал, не зная; қылмыс — преступление*), қайран қалып тұр еді (*/совсем/ жалким став было*), жендет келген соң (*палач пришедши поскольку = после того, как пришел палач*), бейшара шаштараз ханның аяғына жығылып (*бедный парикмахер, хана в ноги повалившись/упав*):

— Ей, тақсыр, менің басымды алсаңыз да ықтияр (*о владыка, мою голову возьмете если даже, воля /ваша на это/*), бірақ менің кінәмды айтып алсаңыз екен (*однако мою вину высказав смогли вы если бы = если бы вы могли сказать, в чем моя вина*)! — дейді (молвит).

Шаштараз мұны естіп, неге қылмысты болғанын білмей, қайран қалып тұр еді, жендет келген соң, бейшара шаштараз ханның аяғына жығылып:

— Ей, тақсыр, менің басымды алсаңыз да ықтияр, бірақ менің кінәмды айтып алсаңыз екен! — дейді.

Хан:

— Сен басында менің шашымды алтын сапты ұстарамен алмақшы болдың (ты вначале мои волосы с золотой рукояткой бритвой состричь с намерением был/собирался). Ақырында оны менен аяп (в конце концов ее от меня = мне пожалев), ағаш сапты жай ұстарамен алып (с деревянной рукояткой простой бритвой взял = постригши), мені қорладың (меня оскорбил ты). Сенің кінәң осы (твоя вина это), — дейді (молвит).

Хан:

— Сен басында менің шашымды алтын сапты ұстарамен алмақшы болдың. Ақырында оны менен аяп, ағаш сапты жай ұстарамен алып, мені қорладың. Сенің кінәң осы, — дейді.

Сонда шаштараз (тогда парикмахер):

— Жаңа сіздің шашыңызды алуға (вот только ваши волосы состричь чтобы) ордаға келе жатқанымда (в ставку когда шел я) алдымнан бас уәзіріңіз шығып (передо мной ваш главный везирь, выйдя): «Ханның шашын алуға мына ұстара лайық (хана волосы стричь чтобы, эта бритва подходящая)», — деп, осы алтын сапты ұстараны беріп еді (молвив, эту с золотой рукояткой бритву вручил: «вручив был»). Мен сіздің шашыңызды жібітіп жатып (я, ваши волосы увлажняя), әр жерде жазылған (в каждом месте написанные) «Не істесең де ойлап істе (что делаешь если, подумав делай), ойламай іс қылсаң қор боларсың (не подумав дело совершись если, пострадаешь)», — деген сөздерді көріп (сказанные слова увидев): «Бұл уәзір берген ұстараның қандай екенін білмеймін

(этим везирем данная бритва какой оказывается = *что это за бритва* не знаю), ханға бір зиян келтіріп жүрмейін (хану один/какой-либо вред причинить не желаю я). Жаман да болса (плохой и является если), үйренген өзімнің ұстараммен алайын (привычной своей бритвой возьму/состригу пусть/лучше; *үйрену — учиться, научатся; привыкать*)), — деп ойладым (подумал). Шашыңызды ағаш ұстарамен алғанымның себебі осы еді (волосы ваши деревянной бритвой то что состриг я, причина в этом заключается), — дейді (молвит).

Сонда шаштараз:

— Жаңа сіздің шашыңызды алуға ордаға келе жатқанымда алдымнан бас уәзіріңіз шығып: «Ханның шашын алуға мына ұстара лайық», — деп, осы алтын сапты ұстараны беріп еді. Мен сіздің шашыңызды жібітіп жатып, әр жерде жазылған «Не істесең де ойлап істе, ойламай іс қылсаң қор боларсың», — деген сөздерді көріп: «Бұл уәзір берген ұстараның қандай екенін білмеймін, ханға бір зиян келтіріп жүрмейін. Жаман да болса, үйренген өзімнің ұстараммен алайын», — деп ойладым. Шашыңызды ағаш ұстарамен алғанымның себебі осы еді, — дейді.

Сонан соң хан жасауылдарын жіберіп (*этого после хан есаулов своих отправив; жасауыл — исполнитель поручений при военном командующем*) бас уәзірін шақыртып алдырып (*главного везиря вызвав: «позвав приведея»*):

— Мынау ұстараны шаштаразға сен бердің бе (*эту бритву парикмахеру ты дали*)? — деп сұрайды (*спрашивает*). Уәзір (*везирь*):

— Мен бердім (*я дал*), — дейді (*молвит*).

— Олай болса (*так является если*), бұл ұстарамен уәзірдің шашын ал (*этой бритвой везиря волосы состриги*), — деп, Хан шаштаразға бұйырады (*хан*

парикмахеру приказывает). Шаштараз уәзірдің шашын жібітіп (парикмахер везиря волосы смягчив/увлажнив), алтын ұстарамен бір сипағанда (золотой бритвой раз погладив когда), уәзірдің жаны шығып кетеді (везиря душа выйдя уходит/умирает). Сөйтсе, бұл уәзір ханға қас екен (итак, этот везирь хану враг/недруг оказывается). Соны өлтірмекші болып (того умертвить с намерением будучи), ұстарасын зәрге суарған екен (бритву свою в отраве обмочил оказывается; суару — поить: атты суару — поить коня; орошать, поливать). Мұны көріп (это завидев), хан шаштаразға қатты риза болады (хан парикмахеру сильно = весьма благодарен будет). Көп алтын (много золота), күміс сыйлық беріп (серебра подарков дав), үйіне қайтарады (в его дом = домой отправляет).

Сонан соң хан жасауылдарын жіберіп бас уәзірін шақыртып алдырып:

— Мынау ұстараны шаштаразға сен бердің бе? — деп сұрайды. Уәзір:

— Мен бердім, — дейді.

— Олай болса, бұл ұстарамен уәзірдің шашын ал, — деп, Хан шаштаразға бұйырады. Шаштараз уәзірдің шашын жібітіп, алтын ұстарамен бір сипағанда, уәзірдің жаны шығып кетеді. Сөйтсе, бұл уәзір ханға қас екен. Соны өлтірмекші болып, ұстарасын зәрге суарған екен. Мұны көріп, хан шаштаразға қатты риза болады. Көп алтын, күміс сыйлық беріп, үйіне қайтарады.

### **Қарт пен тапқыр жігіт**

(Старик и находчивый джигит)

Бір қарт адам болып (один старый человек будучи), өзі ғалым болыпты (сам ученым был). Бір күні шаһарға барып (в один день в город сходя), үйіне қайтып келе жатса (домой возвращаясь идет если = когда возвращался домой) оны бір жас жігіт қуып жетеді (его один молодой джигит догоняет). Ол келе жатып жөн сұрасады да (он передвигаясь направление спрашивает и), барар жолы бір болғаннан кейін (проходимая дорога одной будучи поскольку = так как у них дорога совпала):

— Ата, жолды қысқартайық (дедушка, путь/дорогу давайте сократим; қысқарту — укорачивать; сокращать), — дейді (молвит). Қарт (старик):

— Жол қалай қысқарады (дорога как сократится; қысқару — укорачиваться, сокращаться)? — дейді. Жігіт:

— Жолдың қысқаруы оңай (дороги сокращение легкое), екеуміз бірімізді-біріміз (оба друг другу), кезек-кезек арқаласақ болғаны (поочередно потаскаем на спине если и всё; арқалау — взваливать себе на спину; нести на спине; арқа — спина), — дейді (молвит).

Бір қарт адам болып, өзі ғалым болыпты. Бір күні шаһарға барып, үйіне қайтып келе жатса оны бір жас жігіт қуып жетеді. Ол келе жатып жөн сұрасады да, барар жолы бір болғаннан кейін:

— Ата, жолды қысқартайық, — дейді. Қарт:

— Жол қалай қысқарады? — дейді. Жігіт:

— Жолдың қысқаруы оңай, екеуміз бірімізді-біріміз, кезек-кезек арқаласақ болғаны, — дейді.

Шал ішінен (старик изнутри/про себя):

— Япырым-ай (скажи-ка /восклицание/), мынау бір кесапатты адам болмаса игі еді (этот одним зловредным человеком не оказался бы только; *кесапат* — *беда, напасть; пакость; вред; кесапатты* — *вредный; зловредный; кесапатты адам* — *зловредный человек, кесапатты сөздер* — *ехидные слова; игі еді* — *благом было бы*)? Сөзінің түрі жаман екен (слов его форма плохой оказывается). Жүгіммен мені бұл қалай арқалайды (с ношей моей меня этот как на спине потащит; *жүк* — *ноша*)? Мен қалай арқаламақшымын (я как на спину взвалить намереваюсь; *арқа/арқалау/арқаламау/арқаламақшы* — *спина/тащить на спине/не тащить на спине/тащить на спине с намерением*)? — деп ойлап, жауап қайырмай (подумав, ответ не возвращая), бетіне ажырайып қарап қояды (в лицо выпучив глаза смотрит; *бет* — *лицо; ажырау* — *отделяться*).

Шал ішінен:

— Япырым-ай, мынау бір кесапатты адам болмаса игі еді? Сөзінің түрі жаман екен. Жүгіммен мені бұл қалай арқалайды? Мен қалай арқаламақшымын? — деп ойлап, жауап қайырмай, бетіне ажырайып қарап қояды.

Мұнан кейін жігіт те үндемей келе жатады да (этого после джигит также молча идет и; *үн/үндеу/үндемеу* — *звук/звучать/не звучать*), орылмаған (не сжатые; *орылу* — *сжинаться; ору* — *жать: бидай ору* — *жать пшеницу*), бірақ пісіп тұрған егінді көріп (но поспев стоящие посевы завидя):

— Ата, мына егін сіздің елдікі ме (дедушка, эти посевы вашего поселения ли)?

— дейді. Қарт:

— Иә, біздің елдікі (да, нашего поселения; *ел* — *страна; родной край; племя; елдікі* — *принадлежащий нашему краю, относящийся к нашему краю*), — дейді.

Жігіт:

— Иесін білесіз бе (владельца знаете ли)? — дейді. Қарт:

— Білемін (знаю), — дейді.

— Олай болғанда (так было когда/если так), бұл өзі желініп қойған егін бе (это сами собой съеденные посе́вы ли; желіну — быть съеденным), жоқ, желінбеген егін бе (или нет, несъеденные посе́вы ли)? — дейді. Қарт тағы да бетіне ажырайып қарап қояды да (старик снова в лицо его выпучив глаза смотрит и): «Япырым-ай (скажи-ка), мынаның бір сөзінен бір сөзі сорақы болды-ау (этого из одного слова другое слово несуразным выдалось)! Орылмай тұрған егінді көре тұра (несжатыми стоящие посе́вы видя), бұл не айтқаны (этим что сказано)?» — деп ойлайды (думает).

Мұнан кейін жігіт те үндемей келе жатады да, орылмаған, бірақ пісіп тұрған егінді көріп:

— Ата, мына егін сіздің елдікі ме? — дейді. Қарт:

— Иә, біздің елдікі, — дейді. Жігіт:

— Иесін білесіз бе? — дейді. Қарт:

— Білемін, — дейді.

— Олай болғанда, бұл өзі желініп қойған егін бе, жоқ, желінбеген егін бе? — дейді. Қарт тағы да бетіне ажырайып қарап қояды да: «Япырым-ай, мынаның бір сөзінен бір сөзі сорақы болды-ау! Орылмай тұрған егінді көре тұра, бұл не айтқаны?» — деп ойлайды.

Онан өтіп (через них пройдя), жолшыбай бір елге кездеседі (попутно на одно селение натываются; кездесу — встречаются, сталкиваются). Бұл елдің адамдары бір өлген кісіні көтеріп (этого селения люди одного умершего человека поднося; өлу — умереть), қабірге қойғалы апара жатыр екен (в могилу положить чтобы, несут оказывается; қабір — могила; қою — помещать

*/ставитъ, класть/; хоронитъ; апару — отнести; отвести; отвезти; доставитъ; жату — лежать; находится /в роли вспомогательного глагола выражает продолжающееся, незаконченное действие/*. Жігіт (джигит):

— Ата, мына кісіні білесіз бе (дедушка, этого человека знаете ли)? — деп сұрайды (спрашивает). Қарт:

— Білемін (знаю), — дейді. Жігіт:

— Ата, мына кісі өлген адам ба (дедушка, этот человек умерший человек ли), өлмеген адам ба (неумерший человек ли)? — деп сұрайды (спрашивает). Қарт шыдай алмай (старик выдержать не сумев; *шыдау — терпеть, выдерживать, переносить*):

— Өлмесе жерлеуге апармайды ғой (если бы не умер хоронитъ чтобы не вели бы ведь; *өлу/өлмеу/өлмесе — умереть/не умереть/если не умрет; жер/жерлеу/жерлеуге — земля/погребать/чтобы похоронитъ; апару/апармау/апармай/апармайды — вести/не вести/не ведя/не ведет*)! — деп жігіттің бетін қайырып тастайды (джигита лицо повернув оставляет/поворачивает). Жігіт үндемейді (джигит молчит). Көтеріп келе жатқан өліктің қабірі жолда екен (подняв = *поднятого* ведомого мертвеца/покойника могила на пути оказывается; *көтеріп келе жатқан өлік — мертвец, которого, подняв, несут*). Бұлар қабіршілерге келеді де солармен бірге өлікті қойысады (эти к могильщикам идут и с ними вместе покойника кладут/спускают).

Онан өтіп, жолшыбай бір елге кездеседі. Бұл елдің адамдары бір өлген кісіні көтеріп, қабірге қойғалы апара жатыр екен. Жігіт:

— Ата, мына кісіні білесіз бе? — деп сұрайды. Қарт:

— Білемін, — дейді. Жігіт:

— Ата, мына кісі өлген адам ба, өлмеген адам ба? — деп сұрайды. Қарт шыдай алмай:

— Өлмесе жерлеуге апармайды ғой! — деп жігіттің бетін қайырып тастайды. Жігіт үндемейді. Көтеріп келе жатқан өліктің қабірі жолда екен. Бұлар қабіршілерге келеді де солармен бірге өлікті қойысады.

Былай шыққаннан кейін (так вышло после того как):

— Ата, әлгі кісі өлмеген екен (дедушка, тот человек не умер оказывается), — дейді (молвит). «Я, құдай, мынаның кесапатынан құтқара көр (о, Господь, от этого порока избавить попробуй; *мынаның кесапаты — этого порок; құтқару — избавлять, спасать*). Көрге көміп тастаған адам өлмей ме екен (в могилу закопав = *закопанный человек не мертвый ли оказывается; көму — закапывать; зарывать; хоронить, погребать; тастау — бросать; кидать; оставлять /в роли вспомогательного глагола означает законченность действия/*)? Бұл не деген ақымақ (этот что за дурень)!» — дейді қарт ішінен (молвит старик изнутри = *про себя*). Күн кеш болады (день поздним становится), екеуі қарттың үйіне келеді (оба к старика дому приходят). Қарт оны ұнатпаса да (старик его не любит/нравится хотя: «если и»; *ұнату — одобрять, отнестись благосклонно; симпатизировать, полюбить*), күні бойы жолдас боп (день целый попутчиками будучи), бірге келген соң (вместе пришли поскольку), қондырмасқа болмайды (не пустить ночевать нельзя; *қондыру — пускать ночевать, приглашать переночевать*). Қонағын үйіне кіргізеді де (гостя своего в дом свой вводит и) бойжеткен жалғыз қызы бар екен (совершеннолетняя одна дочь есть оказывается; *бойжету — взростеть; бойжеткен — девушка /на выданье/*), соны оңаша шақырып алып (ее отдельно/наедине подзавав):

— Шырағым (светик мой; *шыра — лучина; лучинка /смолистая и сухая, употребляемая в качестве светильника/; шырағым — светик, голубчик /в*

*обращении к молодым/), менімен бірге үйге бір жігіт келді (со мной вместе домой один джигит пришел), мейман ет (гостеприимство прояви)! Бірақ сүйкімсіз мінезі бар (но неприятный характер имеется /у него/). Сөзінде кесапаты зор адам (в словах = в речи порока/ехидства много /такой/ человек), — дейді (молвит).*

Былай шыққаннан кейін:

— Ата, әлгі кісі өлмеген екен, — дейді. «Я, құдай, мынаның кесапатынан құтқара көр. Көрге көміп тастаған адам өлмей ме екен? Бұл не деген ақымақ!» — дейді қарт ішінен. Күн кеш болады, екеуі қарттың үйіне келеді. Қарт оны ұнатпаса да, күні бойы жолдас боп, бірге келген соң, қондырмасқа болмайды. Қонағын үйіне кіргізеді де бойжеткен жалғыз қызы бар екен, соны оңаша шақырып алып:

— Шырағым, менімен бірге үйге бір жігіт келді, мейман ет! Бірақ сүйкімсіз мінезі бар. Сөзінде кесапаты зор адам, — дейді.

Қыз тамақ әкеліп (*девушка еду принеся*), қонақпен сөйлесіп көрсе (*с гостем поговорить пробует если = когда; қонақ — гость*), сөзі мағыналы (*слова его содержательны/со значением; сөз — слово; речь; мағына — смысл, значение*), кескіні де ажарлы екен (*очертания тоже милостивы оказываются; кескін — внешний облик; обличие /человека/; черты лица*). Қыз (девушка): «Япыр-ау, әкемнің айтқаны осы кісі ме (*скажи-ка, отца моего сказанное = то, что отец сказал, этот человек ли /имелся в виду/; әке — отец*), басқа жігіт пе (другой джигит ли)?» — деген оймен әкесіне келеді де (*с такой мыслью к отцу своему приходит и; ой — мысль, дума*):

— Әке, сізбен еріп келген жолдасыңыз екі кісі ме, әлде бір кісі ме (отец, с вами последовав пришедший попутчик это два человека, или же один человек)? — дейді (молвит). Әкесі (отец ее):

— Жалғыз кісі (один человек), — дейді (молвит).

— Үйде отырған қонақ сол ма (дома сидящий человек тот ли)? — деп, сұрайды қыз (спрашивает девушка). Әкесі:

— Иә, сол (да, тот), — дейді. Қыз (девушка):

— «Сөзінде кесапаты зор (в словах его порока/ехидства много)», — деген адамыңыз осы болса (молвленный = тот, о ком было сказано, человек этот будет если) мұнан қандай кесапат көрдіңіз (из этого = у этого какой порок увидели вы)? — дейді (молвит).

Қыз тамақ әкеліп, қонақпен сөйлесіп көрсе, сөзі мағыналы, кескіні де ажарлы екен. Қыз: «Япыр-ау, әкемнің айтқаны осы кісі ме, басқа жігіт пе?» — деген оймен әкесіне келеді де:

— Әке, сізбен еріп келген жолдасыңыз екі кісі ме, әлде бір кісі ме? — дейді. Әкесі:

— Жалғыз кісі, — дейді.

— Үйде отырған қонақ сол ма? — деп, сұрайды қыз. Әкесі:

— Иә, сол, — дейді. Қыз:

— «Сөзінде кесапаты зор», — деген адамыңыз осы болса мұнан қандай кесапат көрдіңіз? — дейді.

Қарт (старик):

— Ойбай (ой-ой-ой), шырағым (светоч мой), оның күні бойы сөйлеген сөзінде (в его дня на протяжении = в течение дня проговоренных словах/речи; бой —

*рост; бойы — на протяжении; в течение /пространства и времени/: күні бойы — в течение дня; весь день)* кесапатсыз бір сөз жоқ (без порока одного слова нет). Әуелі ол (сначала он): «Жол қысқартайық (путь давайте сократим)», — деді (промолвил). Мен (я): «Жол қалай қысқарады (путь как сократится)?» — деп едім (молвил было). Ол (он): «Бірімізді-біріміз кезек арқалап отырайық (друг дружку по очереди на спину взваливая давайте будем)», — деді (молвил). «Ол мені, мен оны қалай арқаламақшымыз (он меня, я его как будем на спину взваливать)», — деп ойладым (подумал). Мұнысы былай тұрсын (это этак пусть стоит = да это еще цветочки). Онан өтіп (через него /путь/ пройдя) пісіп тұрған егінге кез келіп едік (к созревши стоящим посевам черед придя были мы = дошли до посевов): «Ата (дедушка), мына егін желініп қойған ба (эти посева съеденными оставшиеся ли; *желіну — быть съеденным*), желінбеген бе (несъеденными оставшиеся ли)?» — деп сұрады (спросил). «Орылмай тұрған егінді кім жеп қояды (несжатыми стоящие посева кто съест; *жеу — есть; қою — ставить, класть /в роли вспомогательного глагола придает выражению оттенок усиления, неожиданности или преднамеренности/*)?» — дедім мен (молвил я). Бұл мұнымен тұрсын (это с этим пусть стоит = это еще ничего). Бір кісі өліп (один человек умерев), оны табытқа салып (его в гроб положив), қойғалы апара жатыр екен (похоронить чтобы несут оказывается; *қою — ставить, класть; хоронить, погребать*), соны көре сала (то завидев): «Ата, мына кісі өлген адам ба (дедушка, этот человек умерший человек ли), өлмеген адам ба (неумерший человек ли)?» — дейді (молвит). Онан шығып келе жатыр едік (с этого выйдя = *оттуда удалившись* шлі далее было мы): «Ата, жаңағы адам өлмеген екен (дедушка, тот человек неумершим оказался)», — деді (молвил). — Міне (вот), мен оның осындай төрт кесапатты сөзін естідім (я его такие четыре порочные/ехидные речи выслушал), — дейді (молвит).

Қарт:

— Ойбай, шырағым, оның күні бойы сөйлеген сөзінде кесапатсыз бір сөз жоқ. Әуелі ол: «Жол қысқартайық», — деді. Мен: «Жол қалай қысқарады?» — деп едім. Ол: «Бірімізді-біріміз кезек арқалап отырайық», — деді. «Ол мені, мен оны қалай арқаламақшымыз», — деп ойладым. Мұнысы былай тұрсын. Онан өтіп пісіп тұрған егінге кез келіп едік: «Ата, мына егін желініп қойған ба, желінбеген бе?» — деп сұрады. «Орылмай тұрған егінді кім жеп қояды?» — дедім мен. Бұл мұнымен тұрсын. Бір кісі өліп, оны табытқа салып, қойғалы апара жатыр екен, соны көре сала: «Ата, мына кісі өлген адам ба, өлмеген адам ба?» — дейді. Онан шығып келе жатыр едік: «Ата, жаңағы адам өлмеген екен», — деді. — Міне, мен оның осындай төрт кесапатты сөзін естідім, — дейді.

Сонда қыз тұрып (тогда девушка встав):

— Әке, бұл сөздер кесапатты сөздер емес (отец, эти речи порочными/ехидными речами не являются), зор мағыналы сөздер (сильно = очень значимые слова). — Сіз оның айтқан сөзіне түсінбеген екенсіз (вы его сказанных слов не поняли оказывается; түсіну — понимать; түсінбеген — недоумевающий, недоуменный). Оның бірінші (его первое) — «Кезек арқаласып отыралық (по очереди на спине взваливая давайте /будем двигаться/; отыру — сидеть /как вспомогательный глагол выражает продолжительность действия/» — дегені (сказанное): «Кезекпе-кезек әңгіме айтып отырайық (поочередно рассказы рассказывая давайте /будем двигаться/), жол қысқарсын (дорога пусть сократится)» — дегені (сказанное/то, что хотел он сказать). Екінші (второе): «Мына егін желінген бе (эти посевы съеденные ли), желінбеген бе (несъеденные ли)?» — дегені (сказанное): «Байдікі ме (богачей ли; бай — богач; байдікі — принадлежащий богачу), кедейдікіме (бедняков ли; кедей — бедняк)?» — дегені (сказанное/имевшееся в виду). Байдікі болса (богача будет если) — өз көлігімен (своей скотиной; көлік — верховое или вьючное животное; транспорт), кісі

жалдап жыртып (человека наняв вспахав; *жыртуу — рвать, разрывать; пахать, распахать*), өз тұқымын себеді (свои семена сеет; *тұқым — семя, семена*), өнімін ертең өзі алады (продукцию завтра сам возьмет/соберет; *өнім — продукция, изделие, выработка*). Ал бұл желінбеген болып саналады (а это несъеденное будучи считается). Кедейдікі болса (бедняка будет если), ол сорлы тұқымды несиеге сатып алады (он несчастные = *жалкие* семена в кредит купив берет; *сорлы — соленый; солончаковый /о почве/: сорлы жер — солончаковая местность; бедняга, горемыка: өй, сорлы неме! — о, бедняга!; бедный, несчастный: сорлы адам — несчастный человек; сор — солончак; несие — кредит; долг*), жерді көлік жалдап жыртады да (землю скотину нанимая возделывает/вспахивает и; *жалдау — нанимать*), түскен өнімі борыштан аспайды (упавшая/выпавшая = *полученная* продукция долга не превосходит; *түсу — спускаться; падать, выпадать /об атмосферных осадках/*). Сондықтан ол шикідей жеп қойғанмен бір есеп болады (поэтому он сырому подобно съест если даже один расчет будет/ждет его; *шикі — сырой /недоваренный, недопеченный/; шикідей — подобный сырому*). Үшінші (третий): «Өлген адам ба (умерший человек ли), өлмеген адам ба (неумерший человек ли)?» — деп, сұрағаны (мол, спрошенное): «Баласы бар ма (ребенок его есть ли)?» — дегені (сказанное/имелось в виду). Ол өлген адамды қабірге салғанда (он умершего человека в могилу когда клали) оның балалары қабірдің басында (его дети у могилы; *басында — в начале; у, при*), барлығы бүлініп жылап тұрған шығар (все возбудившись плача стояли наверное; *барлығы — весь, всего; совокупность; бүліну — портиться, приходит в состояние негодности; волноваться, беспокоиться; жылау — плакать*), оны (то): «Өлмеген адам екен (неумерший человек оказывается)», — дегені сол болу керек (сказанное этим быть должно). Артында қалған баласы бар (позади оставшийся ребенок есть /у которого/) адамның аты жойылмайды (человека имя не уничтожается/не исчезает; *жойылу — уничтожаться, быть уничтожаемым; жою — уничтожать*), сондықтан

(поэтому): «Ол өлмейді (он не умрет)», — деген сөзі екен (вымолвленным словом оказалось).

Сонда қыз тұрып:

— Әке, бұл сөздер кесепатты сөздер емес, зор мағыналы сөздер. — Сіз оның айтқан сөзіне түсінбеген екенсіз. Оның бірінші — «Кезек арқаласып отыралық» — дегені: «Кезекпе-кезек әңгіме айтып отырайық, жол қысқарсын» — дегені. Екінші: «Мына егін желінген бе, желінбеген бе?» — дегені: «Байдікі ме, кедейдікіме?» — дегені. Байдікі болса — өз көлігімен, кісі жалдап жыртып, өз тұқымын себеді, өнімін ертең өзі алады. Ал бұл желінбеген болып саналады. Кедейдікі болса, ол сорлы тұқымды несиеге сатып алады, жерді көлік жалдап жыртады да, түскен өнімі борыштан аспайды. Сондықтан ол шикідей жеп қойғанмен бір есеп болады. Үшінші: «Өлген адам ба, өлмеген адам ба?» — деп, сұрағаны: «Баласы бар ма?» — дегені. Ол өлген адамды қабірге салғанда оның балалары қабірдің басында, барлығы бүлініп жылап тұрған шығар, оны: «Өлмеген адам екен», — дегені сол болу керек. Артында қалған баласы бар адамның аты жойылмайды, сондықтан: «Ол өлмейді», — деген сөзі екен.

Сіз ол жұмбағын шеше алмаған екенсіз (вы ту загадку его решить не сумевшим оказались; жұмбақ — загадка), — деген соң (сказавшая после = как только она сказала), қарт өзінің қате ойлағанын сезеді де (старик сам что ошибочно думал чувствует и; ойлау — думать; қате — ошибка; ошибочный), жігіттің қолын алып (джигита руку взял; қол — рука):

— Мен сенің айтқан сөздеріңе түсіне алмай (я тобой сказанные слова понять не сумев), ішімнен соған қатты ренжіп едім (внутренне тому сильно обиделся было; іш — внутренность; внутренняя часть; нутро; ренжу — обижаться). Олай емес (этак нет), сен ақылды жігіт екенсің (ты смысленный джигит

оказывається). Мына менің қызыммен екеуіңнің ақылың тең (этой моей дочкой у обоих вас смекалка/ум равная/одинаковая), екеуің бірге өмір сүріңдер (оба вы вместе жизнь проживайте; өмір сүру — жить, проживать), — деп, қызын соған беріпті (молвив, дочь свою ему выдал).

Сіз ол жұмбағын шеше алмаған екенсіз, — деген соң, қарт өзінің қате ойлағанын сезеді де, жігіттің қолын алып:

— Мен сенің айтқан сөздеріңе түсіне алмай, ішімнен соған қатты ренжіп едім. Олай емес, сен ақылды жігіт екенсің. Мына менің қызыммен екеуіңнің ақылың тең, екеуің бірге өмір сүріңдер, — деп, қызын соған беріпті.

### Үш ауыз ақыл сөз

(Три устных мудрых слова/совета)

Ертеде бір байдың жалғыз баласы жылқы бағып жүрсе (в древнее время одного богача единственный ребенок лошадей паша ходит если = при выпасе; бағу — пасти), бір адам келіп (один человек придя):

— Балам (сынок: «дитя мое»; бала — дитя, ребенок)! Бір үйір жылқы берсең (один табун лошадей дашь если), мен саған үш ауыз ақыл сөз үйретейін (я тебе три устных мудрых слова преподам; үйрету — учить, обучать; үйретейін — давай научу, научу-ка), — депті (промолвил). Бала тұрып (парень встав):

— Құп (хорошо)! Берейін, үйретіңіз (давайте, научите), — дейді (молвит).

Ертеде бір байдың жалғыз баласы жылқы бағып жүрсе, бір адам келіп:

— Балам! Бір үйір жылқы берсең, мен саған үш ауыз ақыл сөз үйретейін, — депті. Бала тұрып:

— Құп! Берейін, үйретіңіз, — дейді.

Әлгі кісі (тот человек):

— Балам (сыноқ)! Суын ішкен құдыққа түкірме (воду /которого/ пьете, в колодец не плюй), ертеңгі асты тастама (утреннюю еду = завтрак не оставляй; тастау — бросать, кидать; оставлять), оң қолың төбелес бастаса (правая рука твоя драку зачинает если), сол қолың арашашы болсын (левая рука твоя разнимающая пусть будет; арашаласу — разнимать), — дейді (молвит). Бала бір үйір жылқы береді (парень один табун лошадей дает). Әлгі адам жылқыны айдап өз жөніне кетеді (тот человек лошадей погнав в своем направлении уходит; айдау — гнать; перегонять /скот/; жөн — направление). Кешке бала үйіне келеді (к вечеру парень домой приходит).

Әлгі кісі:

— Балам! Суын ішкен құдыққа түкірме, ертеңгі асты тастама, оң қолың төбелес бастаса, сол қолың арашашы болсын, — дейді. Бала бір үйір жылқы береді. Әлгі адам жылқыны айдап өз жөніне кетеді. Кешке бала үйіне келеді.

Әкесі (отец):

— Мал аман ба (скот невредим/здоров ли)? — дейді (молвит). Баласы (сын его):

— Мен үш ауыз насихат үйреніп (я трем устным мудростям научившись; ауыз — рот, уста; насихат — наставление, назидание), бір айғыр үйір жылқы бердім (один жеребцовый табун лошадей отдал; айғыр — жеребец), басқа мал аман (другой = оставшийся скот невредим/здоров), — дейді. Әкесі ашуланып

(отец его разгневавшись; ашулану — сердиться; гневаться; ашу — гнев, злоба), баласын қуып жібереді (ребенка своего выгнав посылает = выгоняет; жіберу — посылать, отсылать, отправлять /как вспомогательный глагол придает действию оттенок завершенности/). Әкесінен түңілген бала (от отца отрешенный сын; түңілу — отрешаться, прощаться навсегда; отвыкать от груди матери) жаңадан үйленген аяғы ауыр жас келіншегіне (недавно повенчанной беременной молодой супруге; аяғы ауыр — ноги тяжелые = в положении, беременная; келіншек — молодая замужняя женщина, молодуха):

— Сен мені күт (ты меня жди), әкемнің бір үйір жылқысын (отца моего один табун лошадей) үш үйір жылқы етіп (в три табуна лошадей сделав/превратив) қайтаратындай (чтобы вернуть; қайтару — возвращать; қайту — возвращаться) қазына тауып (казну/клад отыскав), қайтып келемін (вернувшись приду), — деп қоштасып жолға шығады (попрощавшись в дорогу выходит).

Әкесі:

— Мал аман ба? — дейді. Баласы:

— Мен үш ауыз насихат үйреніп, бір айғыр үйір жылқы бердім, басқа мал аман, — дейді. Әкесі ашуланып, баласын қуып жібереді. Әкесінен түңілген бала жаңадан үйленген аяғы ауыр жас келіншегіне:

— Сен мені күт, әкемнің бір үйір жылқысын үш үйір жылқы етіп қайтаратындай қазына тауып, қайтып келемін, — деп қоштасып жолға шығады.

Бірнеше күндер далада қаңғырып жүріп (несколько дней в степи скитаясь ходя; қаңғырау — бродить, шататься), бір қалаға келеді (в один город приходит). Қаланы аралап жүріп (город внутри обходя; аралау — пилить; ходить /среди/; путешествовать, обходить), ханның ордасына кездеседі (на хана ставку наталкивается; кездесу — встречаться, наталкиваться). Ханның нөкерлері

мұның жат жерден келген (хана свита его, с чужой земли пришедший; *нөкер* — *нукер, воин личной охраны, человек из свиты*), бөтен адам екенін сезеді де (чужой человек то что оказывается, чувствуют и) жөн сұрайды (направление спрашивает):

— Неғып жүрген адамсың (почему ходящим человеком являешься ты; *негып* — /сокращение от «не қылып» — что делаю/ почему)? Жұмыс істемейсің бе (работу не делаешь ли)? — дейді (молвит).

— Денім сау (тело мое здоровое), неге жұмыс істемеймін (почему работу не делаю). Жұмыс табылса істейін (работа найдется если, давайте поделаю; *табылу* — *быть найденным, отысканным, найтись; табу* — *находить*), — деп жауап береді (ответ дает).

Бірнеше күндер далада қаңғырып жүріп, бір қалаға келеді. Қаланы аралап жүріп, ханның ордасына кездеседі. Ханның нөкерлері мұның жат жерден келген, бөтен адам екенін сезеді де:

— Неғып жүрген адамсың? Жұмыс істемейсің бе? — дейді.

— Денім сау, неге жұмыс істемеймін. Жұмыс табылса істейін, — деп жауап береді.

Нөкерлер ханға келіп (свита, к хану придя):

— Бұл жолаушы жас бала жігіт (этот путник молодой джигит), өзі ақылды (сам толковый/рассудительный), есті көрінеді (сознательным кажется/видится), қызметші болғысы келеді (служащим быть хочет; *қызмет* — *служба*), — дейді (молвит). Хан шақыртып көрсе (хан вызвав увидит если/при виде), бойы сымбатты (рост/тело статный/стройный), түрі әдемі бала жігіт екен (с виду красивый джигит оказывается).

Нөкерлер ханға келіп:

— Бұл жолаушы жас бала жігіт, өзі ақылды, есті көрінеді, қызметші болғысы келеді, — дейді. Хан шақыртып көрсе, бойы сымбатты, түрі әдемі бала жігіт екен.

Хан мақұл көреді де (хан одобрительно рассматривает и; *мақұл — ладно, согласен, хорошо*):

— Сен менің есігімнің алдында күзетші болып тұр (ты моей двери спереди стражником/охранником будучи стой; *есік — дверь; күзет — караул, охрана*), — дейді (молвит). Бала есік күзетшісі болады (парень двери стражником пребывает). Бұл екі ортада ханның әйелі бұған ғашық болады (между тем одна из жен хана этому влюбленной является = в него влюбляется).

— Мен сендік болайын (я твоей хочу/намереваюсь быть), ойнап-күліп жүрелік (играя-смеясь ходить давай будем; *ойнау — играть; баловаться, резвиться; күлу — смеяться*), — деп ертеңді-кеш айналдыра береді (молвя с утра до вечера кружить голову продолжает; *айналу — возвращаться, вертеться; айналдыру — возвращать, вертеть*).

Хан мақұл көреді де:

— Сен менің есігімнің алдында күзетші болып тұр, — дейді. Бала есік күзетшісі болады. Бұл екі ортада ханның әйелі бұған ғашық болады.

— Мен сендік болайын, ойнап-күліп жүрелік, — деп ертеңді-кеш айналдыра береді.

Бала ханның әйелінің сөзіне азады да (парень от хана жены слов истошается/худеет и), көңілі ауады (настроение меняется = портится; ауу — *перевертываться; опрокидываться*). Бірақ көңілі ауса да (но настроение меняется хоть и если): «Әкем мені неге айдап жіберді (отец мой меня почему выгнав отпустил = выгнал). Бір айғыр үйірлі жылқыны неге бердім (один жеребцовое стадо лошадей почему отдал)? Шал (старик): «Суын ішкен құдыққа түкірме (воду из которого пьешь в колодец не плюй)», — деген еді ғой (молвив было же), — деп, оның үйреткен сөзін есіне түсіреді (мол, его преподавшее слово в сознание/память спускает = вспоминает; *ес — память*). Ханның әйеліне көнбейді (хана жене не поддается/не уступает; *көну — соглашаться, давать согласие; поддаваться*).

Бала ханның әйелінің сөзіне азады да, көңілі ауады. Бірақ көңілі ауса да: «Әкем мені неге айдап жіберді. Бір айғыр үйірлі жылқыны неге бердім? Шал: «Суын ішкен құдыққа түкірме», — деген еді ғой, — деп, оның үйреткен сөзін есіне түсіреді. Ханның әйеліне көнбейді.

Баланың болмайтынын біліп (парня то что не будет узнав = поняв) ханның әйелі күдер үзіп (хана жена надежду потеряв; *үзу — рвать, обрывать, күдер үзу — потерять надежду*):

— Мына, жаңа жүрген жаман, шірік (этот, ново ходячий = *новоиспеченный* негодяй, дрянной человек; *жаман — плохой, дурной; дурной человек; шірік — гнилой; гниль; дрянной человек*): — «Мені қойныңа ал деп қоймайды (меня в объятия свои возьми молвя не отстаю)», — деп ханға шағыстырады (хану подстрекает = подстрекает хана к ссоре/натравливает на него хана). Хан ертең оны өлтірмекші болып, көміршілеріне (хан завтра его убить с намерением будучи, угольщикам своим; *көмір — уголь*):

— Ертең ертемен кім бұрын келсе (завтра спозаранку кто раньше /всех/ придет если), соны отқа салыңдар (того в огонь кладите; от — огонь; салу — класть), — деп бұйрық береді (приказ дает).

Баланың болмайтынын біліп ханның әйелі күдер үзіп:

— Мына, жаңа жүрген жаман, шірік: — «Мені қойныңа ал деп қоймайды», — деп ханға шағыстырады. Хан ертең оны өлтірмекші болып, көміршілеріне:

— Ертең ертемен кім бұрын келсе, соны отқа салыңдар, — деп бұйрық береді.

Сонсоң хан балаға (после этого хан парню; сонсоң — затем, после того):

— Ертең барып көміршілерден бір қап көмір алып кел (завтра пойдя от угольщиков один мешок угля взяв приди/принеси), — деп бұйырады (приказывает).

Бала ерте тұрып (парень рано встав), көміршілерге жүгіріп бара жатса (к угольщикам на бегу направляется если = когда), бір кемпір алдынан шығып (одна старуха перед ним выйдя):

— Ей, балам, дәм татып кет (эй, сынок, вкус попробовав иди; тату — пробовать на вкус, отведывать)! — дейді (молвит).

— Жұмысым асығыс (дело мое спешное), ханның жұмысы еді (хана работа/поручение была), — деп бала кете бергенде (молвив парень при уходе):

— Балам-ау (сыночек), уақыт әлі ерте ғой (время еще раннее ведь)! — дейді кемпір (молвит старуха).

Сонсоң хан балаға:

— Ертең барып көміршілерден бір қап көмір алып кел, — деп бұйырады.

Бала ерте тұрып, көміршілерге жүгіріп бара жатса, бір кемпір алдынан шығып:

— Ей, балам, дәм татып кет! — дейді.

— Жұмысым асығыс, ханның жұмысы еді, — деп бала кете бергенде:

— Балам-ау, уақыт әлі ерте ғой! — дейді кемпір.

Сонда баланың есіне жылқы алған қарттың насихаты түсе кетеді де (тогда парня в сознание лошадей забравшего старика мудрое слово спускается/приходит и), кемпірдің үйіне дәм татқалы кіреді (старухи в дом вкус отведают чтобы заходит). Сол екі арада ханның әйелі баланы бір көріп қалғысы келіп соңынан жүгіреді (в этот промежуток хана жена парня раз увидет с желанием, придя позади бежит; қалу — *оставаться /в роли вспомогательного глагола в разных переносных значениях/*). Ханның әмірін орындауға әзірленіп тұрған көміршілер жүгіріп келген әйелді ұстай алып (хана приказ выполнить чтобы готовящимися стоявшие угольщики прибежав, пришедшую женщину схватив: «хватая взяв»; орындау — *выполнять: бұйрықты орындау — выполнять приказ; әзірлеу — готовить, подготавливать; әзірлену — готовиться, приготовить; әзір — готов; ұстау — держать; хватать*), жанып тұрған отқа тастап жібереді (в полыхая стоящий огонь = *в полыхающее пламя бросив, оставляют; жану — загораться, зажигаться; гореть*).

Сонда баланың есіне жылқы алған қарттың насихаты түсе кетеді де, кемпірдің үйіне дәм татқалы кіреді. Сол екі арада ханның әйелі баланы бір көріп қалғысы келіп соңынан жүгіреді. Ханның әмірін орындауға әзірленіп тұрған көміршілер жүгіріп келген әйелді ұстай алып, жанып тұрған отқа тастап жібереді.

Кемпірдің үйінде тамаққа алданып қалған бала (старухи в доме к еде поддавшись = *на еду согласившись оставшийся парень; алдану — обманываться, заблуждаться: алданып қалдым — я обманулся; занимать себя*

*/чтобы развлечься, отвлечься/* көміршілерден бір қап көмірді ала сала (от угольщиков один мешок угля взял), жүгіріп үйіне қайтып келеді (бегом домой возвращаясь приходит). Хан оның тірі қайтып келгенін көріп, таңданады (хан его живым возвратясь то что пришел увидев, поражается). Қараса хан ордасында әйелі жоқ (если посмотрит/при осмотре хан в ставке его жены нет). Әркімнен сұрайды (от каждого спрашивает), ешкім білмейді (никто не знает). Бала неғып аман келді деп (парень почему невредимым пришел мол), көміршілерден хан сұратады (от угольщиков хан спросить велит). Көміршілер (угольщики):

— Ханның өз жарлығымен ханымды отқа тастадық (хана собственным приказом ханшу в огонь бросили мы; *жарлық — распоряжение, приказание*), — дейді (молвят).

Кемпірдің үйінде тамаққа алданып қалған бала көміршілерден бір қап көмірді ала сала, жүгіріп үйіне қайтып келеді. Хан оның тірі қайтып келгенін көріп, таңданады. Қараса хан ордасында әйелі жоқ. Әркімнен сұрайды, ешкім білмейді. Бала неғып аман келді деп, көміршілерден хан сұратады. Көміршілер: — Ханның өз жарлығымен ханымды отқа тастадық, — дейді.

— Мен баланы отқа салуға бұйырып едім ғой (я парня в огонь бросить чтобы приказал было ведь; *бұйыру — приказывать*)! Бала, сен жәдігөймісің (парень, ты обманщик/лукавый; *жәдігөй — обманщик; льстец; коварный, лукавый*), — деп, хан балаға қаһарланады (молвив, хан на парня гневается; *қаһарлану — гневаться, приходит в ярость; қаһар — гнев, ярость; немилость*). Сонда бала (тогда парень):

— Тақсыр (господин)! Менің бір қасық қанымды қисаң (моей одну ложку крови не пожалеешь = *мне рискнешь оставить если; қан — кровь; қию — резать; не*

*жалетъ, жертвоватъ*) сөздің расын айтайын (слов правду/истину рассказать намереваюсь; *рас* — правда, истина: сөздің расын айту — сказать правду), — дейді (молвит). Хан рұқсат етеді (хан разрешение делает = дает).

— Мен баланы отқа салуға бұйырып едім ғой! Бала, сен жәдігөймісің, — деп, хан балаға қаһарланады. Сонда бала:

— Тақсыр! Менің бір қасық қанымды қисаң сөздің расын айтайын, — дейді. Хан рұқсат етеді.

Бала (парень):

— Тақсыр (господин)! Мен бір байдың баласы едім (я одного богача сыном являлся). Жанада үйленіп едім (недавно поженившись был я = я тогда недавно женился). Далада жылқы бағып жүргенімде (в степи лошадей пася когда ходил я; *бағу* — *пасти*), бір адам келіп (один человек подождя): «Бала, бір айғыр үйір жылқы берсең (сынок, одни жеребцовый табун лошадей дашь если), үш ауыз насихат сөз үйретемін (трем устным мудрым словам научу = три мудрых совета дам)», — деді (сказал). «Мақұл, бір айғыр үйірлі жылқы берейін, үйрет (хорошо, один жеребцовый табун лошадей дам, научи)», — дедім (молвил я). Сонда әлгі адам (тогда тот человек): «Балам, суын ішкен құдыққа түкірме (сынок, воду из которого пьешь в колодец не плюй), ертеңгі асты тастама (завтрашнюю еду/завтрак не оставляй), оң қолың ұрыс бастаса (правая рука драку зачинает если), сол қолың арашашы болсын (левая рука разнимающей пусть будет)», — деп еді (молвил). Мен соны үйреніп (я тому научившись), кешке үйге келген соң (вечером домой пришедши поскольку; *соң* — *после*; */-ген соң/* — *так как*), осы сөздің бәрін әкеме айтып едім (этих слов все отцу своему рассказал было), ол кісі мені ұрып-соғып (тот человек меня побив-поколотив; *ұру* — *бить, ударять*; *соғу* — *бить; ударять*), үйден қуып жіберді (из дома выгнав отослал = выгнал).

Бала:

— Тақсыр! Мен бір байдың баласы едім. Жаңада үйленіп едім. Далада жылқы бағып жүргенімде, бір адам келіп: «Бала, бір айғыр үйір жылқы берсең, үш ауыз насихат сөз үйретемін», — деді. «Мақұл, бір айғыр үйірлі жылқы берейін, үйрет», — дедім. Сонда әлгі адам: «Балам, суын ішкен құдыққа түкірме, ертеңгі асты тастама, оң қолың ұрыс бастаса, сол қолың арашашы болсын», — деп еді. Мен соны үйреніп, кешке үйге келген соң, осы сөздің бәрін әкеме айтып едім, ол кісі мені ұрып-соғып, үйден қуып жіберді.

Сонан тентіреп (после этого бродяжничая *тентіреу* — *бродить; бродяжничать; скитаться*), сіздің алдыңызға келдім (к вашему переду пришел = предстал пред вами). Ханым мені ертеңді-кеш (ханша меня с утра до вечера): «Менімен ойнап-күл (со мной играя смейся = развлекись)» — деп, тынышымды алды (мол, покой мой взяла = нарушила; *тыныш* — *спокойный, тихий; покой, спокойствие*). Ойнап-күлейін десем (/не/ развлекься ли мне сказав если = когда подумал; *күлейін* — *давай посмеюсь, посмеюсь-ка*), бір айғыр үйірлі жылқы беріп үйренген насихатым есіме түсті де (за один жеребцовый табун лошадей дав = *данный выученный мудрый совет мой в сознание = в голову пришел и*), өзім су ішкен құдыққа түкіргім келмеді (сам я в воду из которого пил колодец плевать не захотел; *түкіру* — *плевать*).

Сонан тентіреп, сіздің алдыңызға келдім. Ханым мені ертеңді-кеш: «Менімен ойнап-күл» — деп, тынышымды алды. Ойнап-күлейін десем, бір айғыр үйірлі жылқы беріп үйренген насихатым есіме түсті де, өзім су ішкен құдыққа түкіргім келмеді.

Сіз көміршілерге баруға бұйырған соң (вы к угольщикам пойти чтобы приказали поскольку), қапты алып, кетіп бара жатқанда (мешок взяв, когда я шел), бір кемпір (одна старуха): «Даяр тұрған дәм бар, татып кет (готовой стоящая пища есть, попробовав пойдя = иди попробуй)», — деген соң (молвив поскольку): «Ертеңгі дәмді тастама (утреннюю еду не оставляй)» — деген насихат есіме келіп (молвимый мудрый совет в сознание придя), кемпірдің үйіне бара қалдым (старухи в дом пойдя остался). Сонан шығып көмірді алып қайттым (после этого выйдя уголь взяв вернулся). Менің ханымнан хабарым жоқ (от моей ханши новостей нет; хабар — весть; известие). Тақсыр (господин)! Сөзімнің болғаны сол (слов моих было это = это все что случилось), — дейді (молвит).

Сіз көміршілерге баруға бұйырған соң, қапты алып, кетіп бара жатқанда, бір кемпір: «Даяр тұрған дәм бар, татып кет», — деген соң: «Ертеңгі дәмді тастама» — деген насихат есіме келіп, кемпірдің үйіне бара қалдым. Сонан шығып көмірді алып қайттым. Менің ханымнан хабарым жоқ. Тақсыр! Сөзімнің болғаны сол, — дейді.

Хан мұның адалдығына көзі жетіп (хан до его честности глаза доведя = удостоверившись в его честности; адалдық — годность к употреблению, чистота; честность; адал — рел. разрешенный; дозволенный /шариатом/; неоскверненный, чистый; съедобный, годный для употребления в качестве еды или напитка: адал ас — неоскверненная еда; честный: адал адам — честный человек):

— Бәрекелді, анаң рақмет (молодец, матери твоей спасибо)! Сенің күнәң жоқ екен (твоей вины нет оказывается). Ханым өз жазасын өзі тауыпты (ханша свое наказание сама нашла; жаза — наказание; возмездие, кара), — дейді де (молвит

и), көп дүниелер беріп (много имущества дав), ат мінгізіп (на коня посадив; *мінгізу — сажать: атқа мінгізу — сажать на лошадь; міну — садиться верхом; ездить верхом*), баланы еліне қайтарып жібереді (парня в его селение возвращая отправляет).

Хан мұның адалдығына көзі жетіп:

— Бәрекедді, анаңа рақмет! Сенің күнәң жоқ екен. Ханым өз жазасын өзі тауыпты, — дейді де, көп дүниелер беріп, ат мінгізіп, баланы еліне қайтарып жібереді.

Бала жүріп келе жатып (*парень идя*): «Мен кеткелі бірталай жыл болды (*я как ушел достаточно лет стало/прошло; жыл — год*). Менің үйдегі әйелім не күйде екен (*в моем доме жена моя в что за настроениях оказывается; күй — кюй /вид музыкального произведения, исполняемый на казахских национальных инструментах/; мелодия; состояние, положение*)?» — деп ойлайды (думает). Түнде ақырын үйіне келсе (*ночью потихоньку в дом свой войдет если = при вхождении*), әйелі бір жігітпен (*жена его с одним джигитом*) оңаша бөлмеде қатар қойылған төсекте жатыр екен (*в отдельной комнате на рядом положенной постели лежит оказывается*). Жанынан қылышын суырып алып (*подле себя/сбоку саблю свою выдернув взяв; қылыш — сабля*), шабайын дегенде (*рубить/косить с намерением в момент; шабу — скакать; бежать; рубить, косить: ағашты балтамен шабу — рубить дерево топором; шөп шабу — косить траву; шабайын — давай порублю, порублю-ка я*), баяғы насихат сөз есіне түсіп (*давнее мудрое слово/наставление в сознание/память запов*), сол қолымен оң қолын ұстап (*левой рукой своей правую руку свою удержав*), не істерін білмей тұрған кезде (*что делать не зная стоявши на момент*) әйелі оянады (*жена его просыпается*). Қорқып тұра келіп (*подскочив от испуга*:

«испугавшись подскочив»; *тұра келу — встав подойти*), өзінің күйеуін таниды (своего мужа узнает; *күйеу — муж, супруг*).

Бала жүріп келе жатып: «Мен кеткелі бірталай жыл болды. Менің үйдегі әйелім не күйде екен?» — деп ойлайды. Түнде ақырын үйіне келсе, әйелі бір жігітпен оңаша бөлмеде қатар қойылған төсекте жатыр екен. Жанынан қылышын суырып алып, шабайын дегенде (, баяғы насихат сөз есіне түсіп, сол қолымен оң қолын ұстап, не істерін білмей тұрған кезде әйелі оянады. Қорқып тұра келіп, өзінің күйеуін таниды.

Жігіт ашуланып әйеліне (*джигит, рассердившись, жене своей*):

— Сенің бұл не қылғаның (*твоего это что сделанное = что это ты натворила*)? Мен далада тентіреп жүрсем (*я в степи скитаясь хожу если*), сен жігітпенен оңаша жатырсың (*ты с джигитом отдельно/наедине лежишь*). Асықпа (*не торопись = погоди; асықпау — не спешить, не торопиться; асық — увлекающийся, стремящийся; влюбленный человек*), жазаңды берермін (*наказание твое выдам*)! — деді (молвил).

— Сіздің мұныңыз қате (*ваше это ошибочно/ошибка*), құлағыңызды салыңыз (*уши свои приложите; құлақ — ухо*), мен сізге айтайын (*я вам сказать намереваюсь*): мен сіз кеткенде (*я вы ушли когда*), өзіңізге мәлім (*самому вам известно*), жүкті емес пе едім (*беременной не была ли*)? Кеткеніңізге он бес жыл болды (*уходу вашему пятнадцать лет стало*). Есептеп қараңызшы (*посчитав посмотрите, пожалуйста; есептеу — считать, подсчитывать*)? Бұл өзіңіздің жігіт боп қалған балаңыз ғой (*это ваш собственный джигитом будучи ставший ребенок ваш ведь*)! — дейді әйел (молвит жена). Әйелінің қасындағы өз баласы екенін сонда біліп (*жены подле/рядышком свой/его ребенок оказывается то что тогда узнав*), жігіт онымен құшақтасып көрісіп (*джигит с ним обнявшись*

поздоровавшись; құшақтау — обнимать, заключать в объятия; брать в охапку; құшақ — объятие; обхват), әйелінен кешірім сұрап (от жены своей прощение попросив), татуласады (мирится; тату/татуласу — мирный/помириться), сөйтіп (таким образом), адалдықпен мұратына жетіпті (честностью цели своей достигли; мұрат — цель; желание).

Жігіт ашуланып әйеліне:

— Сенің бұл не қылғаның? Мен далада тентіреп жүрсем, сен жігітпенен оңаша жатырсың. Асықпа, жазанды берермін! — деді.

— Сіздің мұныңыз қате, құлағыңызды салыңыз, мен сізге айтайын: мен сіз кеткенде, өзіңізге мәлім, жүкті емес пе едім? Кеткеніңізге он бес жыл болды. Есептеп қараңызшы? Бұл өзіңіздің жігіт боп қалған балаңыз ғой! — дейді әйел. Әйелінің қасындағы өз баласы екенін сонда біліп, жігіт онымен құшақтасып көрісіп, әйелінен кешірім сұрап, татуласады, сөйтіп, адалдықпен мұратына жетіпті.

## Ер Төстік

(Ер Тостик)

Ерте заманда Ерназар деген кісі болыпты (в ранние времена Ерназар именуемый человек был). Ерназардың өзі бай болыпты (Ерназар сам богачом был). Төрт түлік малы сай болыпты (четыре /вида/ домашнего скота его достойными/подходящими были /здесь подчеркивается зажиточность/; түлік — скот /всех видов/: төрт түлік мал — лошадь, верблюд, корова, овца;

*мал/малы — скот/скот его*). Қора толған қойлары болыпты (*загон/хлев полный овец его был; толу/толған — заполниться/наполненный, қой/қойлар/қойлары — овца/овцы/овцы его*). Келе-келе түйелері болыпты (*постепенно верблюды его были/появились*). Өріс толған жылқылары болыпты (*пастбище/выгон полное лошадей его было*). Ерназардың сегіз ұлы болыпты (*Ерназара восемь сыновей было*). Бір жылы үлкен жұт болып (*в один год большой джут /массовый падеж скота/ вследствие гололедицы будучи; болу/болып — быть/будучи*), ел малын алысқа, отарға айдап кетіпті (*народ скот свой далеко, в отару погнав ушел; алыс — дальний, далекий; далеко, отдаленно; отар — пастбище, далекое от аула*). Ерназардың сегіз ұлы да соның ішінде кетіпті (*Ерназара восемь сыновей также внутри него = с народом ушли; соның ішінде — его внутри*).

Ерте заманда Ерназар деген кісі болыпты. Ерназардың өзі бай болыпты. Төрт түлік малы сай болыпты. Қора толған қойлары болыпты. Келе-келе түйелері болыпты. Өріс толған жылқылары болыпты. Ерназардың сегіз ұлы болыпты. Бір жылы үлкен жұт болып, ел малын алысқа, отарға айдап кетіпті. Ерназардың сегіз ұлы да соның ішінде кетіпті.

Бір қыстық азығын алып (*одной перезимовки продовольствие взяв; қыстық — запас на зиму, азық — продовольствие*), кемпірі мен Ерназар үйінде қалыпты (*старуха его и Ерназар в доме своем остались*). Ерназардың сегіз ұлы сол кеткеннен (*Ерназара восемь сыновей с того ухода, кету/кеткен/кеткеннен — уходит/ушедший/с ухода*) хабарсыз кетеді (*без вести уходят = пропадают, хабар — весть, известие; хабарсыз — без вести*), айлар өтеді, келмейді (*месяцы проходят, не возвращаются*). Ерназардың азығы таусылады (*Ерназара продовольствие заканчивается; таусылу — кончатся, иссякать,*

*исчерпываться*), ашығады, жейтін тамақ таппайды (голодает он, съедобную еду не находит, *табу/таппау — найти/не найти*). Кемпірі екеуінің тұруға әлдері әрең-әрең келеді (со старухой у двоих для житья сил еле-еле приходит = хватает).

Бір қыстық азығын алып, кемпірі мен Ерназар үйінде қалыпты. Ерназардың сегіз ұлы сол кеткеннен хабарсыз кетеді, айлар өтеді, келмейді. Ерназардың азығы таусылады, ашығады, жейтін тамақ таппайды. Кемпірі екеуінің тұруға әлдері әрең-әрең келеді.

Бір күні кешке жақын (однажды, к вечеру ближе) кемпірі төсегінен тұрып (старуха его с постели своей встав, *төсек/төсегі/төсегінен — постель/ее постель/со своей постели*), үйінің түндігін ашады (дома своего тундик открывает; *тундик — покрытие шанрака для выпуска дыма и проникновения света в юрту*). Тұруға мұршасы келмей (чтобы встать, не имея сил; *мұрша — досуг; возможность: мұршам жоқ — у меня нет времени, мне некогда, мне недосуг; мощь, сила: орнымнан тұруға да мұршам жоқ — у меня нет силы даже подняться с места; мұршасы келмеу — быть не в состоянии, не иметь возможности: «возможность/мощь его не придя»*) жатқан шал шаңыраққа қараса (лежавший старик на шанырак посмотрел когда; *шаңырақ — шанырак, деревянный круг на верхушке юрты, дымоход юрты*), шаңырақтың күлдіреуішінде (шанырака в перекрестных рейках) керулі тұрған кер биенің (растянутым находившийся/висевший мухортовой кобылы; *кер — караковый, мухортый /о масти лошади/; бие — кобыла, кобылица*) төстігі көзіне түседі (тостик на глаза попадает; *тостик — особым способом приготовленная*

*грудинка*). Ерназар қуанып (Ерназар обрадовавшись), есі шығады (обезумел: «память его выходит»; *ес шығу — обезуметь*):

— Кемпір, сүйінші (старуха, суйинши; *сүйінші /радость-то какая!/ — возглас, предшествующий сообщению радостной вести; подарок за радостную весть*)!

Кер биенің (мухортовой кобылы) керулі тұрған төстігі (растянутым висящий тостик) майлы көрінеді (жирным/сочным выглядит, *май/майлы — жир/жирный*), бол, жылдам асып жіберші, — дейді (давай, быстрее свари, — молвит; *жылдам — скоро, быстро; асып жіберу — сварить; асу — варить; жіберу — посылать, отправлять /как вспомогательный глагол придает действию, выраженному основным глаголом, оттенок завершенности/*).

Бір күні кешке жақын кемпірі төсегінен тұрып, үйінің түндігін ашады. Тұруға мұршасы келмей жатқан шал шаңыраққа қараса, шаңырақтың күлдіреуішінде керулі тұрған кер биенің төстігі көзіне түседі. Ерназар қуанып, есі шығады:

— Кемпір, сүйінші! Кер биенің керулі тұрған төстігі майлы көрінеді, бол, жылдам асып жіберші, — дейді.

Сөйтіп, бұлар төстікті қазанға салады (таким образом, эти/они тостик в казан кладут). Төстікті асып жеп (тостик сварив и поев), шал мен кемпір әлденеді (старик и старуха подкрепляются/набираются сил; *әлдену — стать сильным; стать мощным; перекусить: әлденіп алайық — давай перекусим; әл — сила, мощь*). Ұзамай кемпір жүкті болады (вскоре/не медля старуха грузной становится; *ұзау — удаляться, отдаляться; становится длиннее, затягиваться /о времени/: қыс ұзап кетті — зима затянулась; жүк — груз, жүкті — загруженный/в положении*). Мезгілі толып босанады (время наполнившись/придя освобождается/рожает = когда приходит ее срок, рождает; *мезгіл — время; пора; срок*). Бір ұл туады (одного сына рождает), оның атын

төстік жеген соң біткен бала деп Төстік қояды (его имя тостик поев спустя зачатый ребенок сказав/мол Тостик ставят = нарекают его Тостиком вследствие того, что он был зачат в результате отведенного тостика).

Сөйтіп, бұлар төстікті қазанға салады. Төстікті асып жеп, шал мен кемпір әлденеді. Ұзамай кемпір жүкті болады. Мезгілі толып босанады. Бір ұл туады, оның атын төстік жеген соң біткен бала деп Төстік қояды.

Төстік өзгеше бала боп өседі (Тостик особым ребенком будучи растет): бір айда бір жастағы баладай (в один месяц годовалому ребенку подобно; *жас* — юный; *годы, лета /при определении возраста/*: *жасы* үлкен адам — старший по возрасту, человек преклонного возраста; *баладай* — как ребенок/ребенку подобно), екі айда екі жастағы баладай (в два месяца двухгодовалому ребенку подобно), үш айда үш жастағы баладай (в три месяца трехгодовалому ребенку подобно), бір жылда он бестегі жасөспірімдей болып (за год пятнадцатилетнему подростку подобно будучи/став; *жасөспірім* — подросток, юноша), екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын бала болады (в два года дерущихся людей схватив бьющим мальчиком/ребенком становится; *алысу* — совместно брать; *драться; бороться /хватая друг друга/*: *балалар алысып ойнады* — ребята играли, *борясь между собой*). Садақ тартып үйренеді (лук натягивать: «натягивая» учится; *тарту* — тянуть, тащить; *натягивать /лук/*), тартқан садағын тоғыз қабат кетпеннен өткізеді (натянутый лук свой через девятислойный кетмень/мотыгу проводит; *қабат* — слой/этаж/ряд; *кетпеннен* — через кетмень). Аң аулап, құс атып (зверя ловя/охотясь, птицу подстреливая; *аң* — зверь, хищные животные; *аң аулау* — охотиться на зверя), әкесі мен

кемпір шешесін асырайды (отца и старуху-мать кормит/содержит; *асырау — содержать; кормить*).

Төстік өзгеше бала боп өседі: бір айда бір жастағы баладай, екі айда екі жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жасөспірімдей болып, екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын бала болады. Садақ тартып үйренеді, тартқан садағын тоғыз қабат кетпеннен өткізеді. Аң аулап, құс атып, әкесі мен кемпір шешесін асырайды.

Төстік бір күні ауылдың арасында (Тостик однажды аула посреди) отырған тарғақты садақпен тартып қалады (сидевшего кречета луком натянув оставляет = подстреливает). Садақ тарғақтың қанатын үзіп кетеді (лук = *стрела* кречета крыло порвав = *ранив* уходит = *задевает*; *үзу — рвать*). Тарғақ жығылмай (кречет, не сдаваясь: «не падая»; *жығылу — сваливаться, падать*), бір қанатын сабалап, қаша береді (одно крыло свое волоча, *убегает*; *қашу — убегать/спасаться; беру — давать; қаша береді — продолжает убегать*). Төстік ұстайын деп қуып жүреді (Тостик, схвачу мол гоняясь ходит = бегают). Сөйтіп жүргенде (таким образом *ходя/бегая; жүру/жүрген/жүргенде — идти/ходивший/ходя*), тарғақ бір кемпірдің өрмегінің үстінен қарғып өтеді (кречет, одной старухи ткацкого станка поверху перепрыгнув, *проходит*; *өрмек — ручной ткацкий станок с пряжей; қарғу — прыгать; перепрыгивать через*). Қуып келе жатқан Төстік те өрмектен секіреді (*ловя/преследуя, Тостик также через ткацкий станок перепрыгивает; келе жату/келе жатқан — идя лежать/идя лежащий /жату — лежать, выступает в роли вспомогательного глагола и означает продолжительность и незаконченность действия/; секіру — прыгать; перепрыгивать*). Сөйткенде Төстіктің бір бақайы өрмекті іліп

кетеді (так деляя, Гостика один палец ноги ткацкий станок зацепив уходит = задевает; сөйту/сөйткен/сөйткенде — так делать/так деляя; бақай — пальцы ног; ілу — вешать, повесить; зацепить, подцепить). Өрмектің бірсыпыра жібі үзіліп қалады (станка целый ряд нитей порвавшись остается = при этом разрывает на станке целый ряд нитей; бірсыпыра — несколько, целый ряд; жіп — нить, ұзу/үзілу — рассоединить/рассоединиться).

Төстік бір күні ауылдың арасында отырған тарғақты садақпен тартып қалады. Садақ тарғақтың қанатын үзіп кетеді. Тарғақ жығылмай, бір қанатын сабалап, қаша береді. Төстік ұстайын деп қуып жүреді. Сөйтіп жүргенде, тарғақ бір кемпірдің өрмегінің үстінен қарғып өтеді. Қуып келе жатқан Төстік те өрмектен секіреді. Сөйткенде Төстіктің бір бақайы өрмекті іліп кетеді. Өрмектің бірсыпыра жібі үзіліп қалады.

Өрмек тоқып отырған кемпір (ткацкий станок = на ткацком станке ткав сидевшая старуха = старуха, ткавшая на ткацком станке; тоқу — ткать):

— Шешек-ай (сорванец)! Өрмегімді үзіп кеттің-ау (мой ткацкий станок рассоединив ушел ты ведь)! Ертеден қара кешке дейін (с рани до черного = позднего вечера; дейін — до) бүйтіп жар қуалап (таким образом крутизну = по крутизне гоняясь; бүйтіп — так деляя/таким образом, жар — обрыв, крутой берег, яр; қуалау — гнать, гонять), торғай атқанша (воробья стреляя вместо того чтобы; ату/атқан/атқанша — стрелять/стрелявший/вместо того, чтобы стрелять), тентіреп кеткен сегіз ағанды тауып алмайсың ба (бродяжничая ушедших восемь брата/братьев твоих найдя не возьмешь ли = не найдешь ли; аға — старший брат; тауып алмайсың ба — не найдешь ли/лучше бы нашел; тауып алу — найти, алу — брать, взять)? — деп қарғап-сілейді (сказав,

проклиная, выбивается из сил; *қарғау — проклинать; сілею — изнемогать; выбиться из сил*).

Төстік кемпірге жауап қайтара алмай (Тостик старухе ответ возвращая не дав = не сумев ответить старухе/не зная, что отвечать старухе; *жауап қайтара алмау — не сумеет ответить, «алу/алмау» помимо значения «брать/не брать» также может выступать в значении «суметь/не сумеет»*), оның сөзіне қатты қорланады (ее слову = *из-за ее слова* сильно задевается/оскорбляется; *қорлану — чувствовать себя оскорбленным; испытывать чувство унижения*). Әсіресе “тентіреп кеткен сегіз ағаң” деген сөз оған қатты тиеді (особенно «бродяжничая ушедшие восемь братьев твоих» сказанное слово его сильно задевает; *қатты — твердый; сильный; крепкий; тиеу — грузить, нагружать*).

Өрмек тоқып отырған кемпір:

— Алда ғана шешек-ай! Өрмегімді үзіп кеттің-ау! Ертеден қара кешке дейін бүйтіп жар қуалап, торғай атқанша, тентіреп кеткен сегіз ағанды тауып алмайсың ба? — деп қарғап-сілейді.

Төстік кемпірге жауап қайтара алмай, оның сөзіне қатты қорланады. Әсіресе “тентіреп кеткен сегіз ағаң” деген сөз оған қатты тиеді.

Төстік бұрын ағалары бар (Тостик раньше братья его есть/были) екенін (то что; *ағалары бар екенін — братья его есть/были то что*) естіген жоқ екен (слышавшим не оказался = *оказалось, что Тостик и не слышал, что у него были братья; естіген жоқ екен — не слыхивал оказывается; есту — слышать*). Әкешесі Төстікке оны айтпайды екен (его отец-мать = *родители Тостику этого не рассказывают оказывается*). Төстік жүгірген бетімен үйіне келеді (Тостик бегом в дом приходит; *жүгірген бетімен — на бегу, сразу же; жүгіру — бегать, бежать*). Төстіктің ашулы түрін көріп шешесі (Тостика гневный вид завидев, мать; *ашу — гнев; түр — вид, форма*):

— Саған не болды (тебе = *с тобой что случилось*)? Кіммен жанжалдастың (с кем поссорился/скандалил; *жанжалдасу — ссориться; скандалить; спорить*)? — деп сұрайды (спрашивает).

Төстік кемпірдің сөзін түгелімен шешесіне айтады (Төстик старухи слово с *полнотой/полностью матери своей рассказывает*):

— Ағаларым қайда (*братья мои где*)? Неге келмейді (почему не *приходят/возвращаются*)? Іздеп тауып әкелемін! — дейді (*ища и найдя = отыскав, приведу! — говорит; іздеу — искать; табу — находить; обрести*).

Төстік бұрын ағалары бар екенін естіген жоқ екен. Әке-шешесі Төстікке оны айтпайды екен. Төстік жүгірген бетімен үйіне келеді. Төстіктің ашулы түрін көріп шешесі:

— Саған не болды? Кіммен жанжалдастың? — деп сұрайды.

Төстік кемпірдің сөзін түгелімен шешесіне айтады:

— Ағаларым қайда? Неге келмейді? Іздеп тауып әкелемін! — дейді.

Шешесі:

— Қақпас кемпір өтірік айтады (*мать: тупая старуха вранье говорит; қағу/қақпау/қақпас — вбивать; ловить / улавливать мысль / не улавливать / тот, который не уловит*). Сенің ағаларың болған жоқ, сенбе оның сөзіне, — дейді (*твоих братьев не было = у тебя не было братьев, не верь ее слову, — говорит; болу/болған/болған жоқ — быть/был/не был; сену — верить, доверять*). Сөйтіп, Төстікті нандырып қояды (таким образом, Тостика заверив *оставляет = завершила Тостика; нандыру — убедить, заставить поверить; нану — верить*).

Шешесі:

— Қақпас кемпір өтірік айтады. Сенің ағаларың болған жоқ, сенбе оның сөзіне,  
— дейді. Сөйтіп, Төстікті нандырып қояды.

Тағы бір күні Төстік асық ойнап жүріп (еще однажды Тостик, в асыки играя; *ойнап жүру — играя ходить, где «жүру» используется для обозначения продолжительности действия; асық — альчик /коленная косточка овцы или козы/; асық ойнау — играть в альчики /играть в асыки/*), әлгі кемпірдің жалғыз баласын жұдырығымен қойып жіберсе (той старухи единственного ребенка кулаком ударяет если; *жұдырық — кулак, қою — ставить, класть; ударять: беттен қойып жіберді — он ударил по лицу*), бала талып қалады (ребенок падая в обморок остается = ребенок падает замертво/как мертвый; *талып қалу — упасть в обморок; қалу — остаться /здесь обозначает завершенность действия/*). Кемпір Төстікті бұрынғыдан да (старуха Тостика прежнего еще; *бұрын/бұрынғы/бұрынғыдан — прежде/прежний/от прежнего*) жаман қарғап-сілейді (плохо/хуже/пуще проклиная изнемогает = причитает):

— Қыршыныңнан қиылғыр, Төстік (от цветения своего отрекись, Тостик; *қыршын — молодой, цветущий; қыршынынан қиылды — он подкошен смертью совсем юным; қыршыныңнан қиылғыр! — /бран./ чтобы тебя подкосило смолоду = чтоб тебя подкосила смерть!; қию/қиылу/қиылғыр — резать/резаться чем-либо, кем-либо/будь отрезанным!*) Менің жалғыз балама әлің жеткенше (на моего единственного ребенка мощь твоя достигла вместо того чтобы; *бала/балам/балама — ребенок/ребенок мой/на ребенка моего, әлің жеткен/әлің жеткенше — твоя мощь достигла/вместо того чтобы твоя сила достигла*), айдалада тентіреп өлген (в бескрайней степи бродяжничая умерших; *дала/айдала — степь/необъятная степь; тентіреу — бродить; бродяжничать; уйти из своих насиженных мест, шататься*) сегіз ағаңның құраған сүйегін тауып алсаң болмай ма (восьми братьев засохшие кости найдя если возмешь нельзя ли = лучше бы нашел...; *қурау — сохнуть; сүйек — кость, тауып*

*алу/тауып алса/тауып алсаң — найти/если найдет/если ты найдешь, бола ма/болмай ма — можно ли/нельзя ли) — дейді (молвит).*

Тағы бір күні Төстік асық ойнап жүріп, әлгі кемпірдің жалғыз баласын жұдырығымен қойып жіберсе, бала талып қалады. Кемпір Төстікті бұрынғыдан да жаман қарғап-сілейді:

— Қыршыныңнан қиылғыр, Төстік! Менің жалғыз балама әлің жеткенше, айдалада тентіреп өлген сегіз ағанның қураған сүйегін тауып алсаң болмай ма? - дейді.

Кемпірдің сөзі Төстікке ой салады (*старухи слова Гостику мысль вкладывают = заставляют Гостику задуматься; салу — класть, помещать внутрь: ой салу — заставляют задуматься; ой — мысль*). Шешесінен ағаларын сұрайды (*от = у матери своей братьев своих/о братьях спрашивает*). Шешесі енді шынын айтады (*мать теперь правду рассказывает; шын — действительный, истинный*):

— Сегіз ағанның бары рас еді (*восемь братьев твоих бытие правдой было*), жұт жылы кетіп еді, содан қайтқан жоқ (*в джутовый год уходя были/ушли, после этого не возвратились*), қайда жүргендерін білмейміз, — дейді (*где ходят, не знаем, — говорит; жүру/жүрген/жүргендер/жүргендерін — ходит/ходивший/ходившие/их хождение*).

Кемпірдің сөзі Төстікке ой салады. Шешесінен ағаларын сұрайды. Шешесі енді шынын айтады:

— Сегіз ағанның бары рас еді, жұт жылы кетіп еді, содан қайтқан жоқ, қайда жүргендерін білмейміз, — дейді.

Төстік ағаларын іздеу қамына кіріседі (Тостик братьев своих искать к заботе приступает; *қам — забота; страдание, печаль*). Кемпір-шалға аң мен құстың етін қақтап үйіп береді де (старухе-старику зверя и птицы мяса навялив, сложив /в кучу/ дает и; *құс — птица; қақтау — вялить, сушить; үю — скирдовать; складывать в кучу*), Төстік жолға шығады (Тостик в путь выходит/отправляется). Беліне садақ байлап (на пояс лук завязав; *байлау — связывать, привязывать, завязывать*), қолына темір таяқ алады (в руку свою железную палку берет), аяғына етік киеді (на ноги свои сапоги надевает). Ай жүреді, жыл жүреді, талай елді, талай жерді аралайды (месяц идет, год идет, довольно много стран, довольно много земель обходит; *талай — несколько, немало, довольно много*). Жолдасы да — садағы (и спутник его — лук его), азығы да — садағы (и пища его — лук его), жолында кезкелген аңды атып жеп отырады (на пути любого зверя подстрелив, ест; *жеп отырады — ест: «кушая сидит», «отыру» используется для обозначения продолжительности действия /для образования настоящего продолженного времени/*).

Төстік ағаларын іздеу қамына кіріседі. Кемпір-шалға аң мен құстың етін қақтап үйіп береді де, Төстік жолға шығады. Беліне садақ байлап, қолына темір таяқ алады, аяғына етік киеді. Ай жүреді, жыл жүреді, талай елді, талай жерді аралайды. Жолдасы да — садағы, азығы да — садағы, жолында кезкелген аңды атып жеп отырады.

Темір етіктен теңгедей (от железных сапог с тенге = с монету; *теңгедей — подобно тенге*), темір таяқтан тебендей қалғанда (от железного посоха/палки со спицу когда осталось; *тебен — толстая длинная игла с большим ушком; қалған/қалғанда — оставшийся/при оставшемся — когда осталось*), алыстан

сағым көтерген бел көрінеді (издалека миражем поднявшийся перевал показался; *сағым — мираж, марево*). Өлдім-талдым деп келіп, белге шықса (умер-потерял сознание я = *очень утомился я* мол придя, когда на перевал взошел; *талу — падать в обморок, терять сознание; уставать, изнемогать; шығу — выйти; взбираться*), қарауытқан қалың үйір жылқы көрінеді (потемневшее густое стадо лошадей показалось; *қалың — густой; толстый*), жылқының ар жағында ел көрінеді (лошадей по ту/другую сторону поселение завиднелось; *жақ — щека; сторона; край*).

Темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанда, алыстан сағым көтерген бел көрінеді. Өлдім-талдым деп келіп, белге шықса, қарауытқан қалың жылқы көрінеді, жылқының ар жағында ел көрінеді.

Жылқы үйіріне келсе, жылқының ішінде тігулі қара қос тұр (к лошадиному стаду если подошел = *при подходе*, лошадей внутри = *среди* сшитая черная походная юрта стоит; *тігу — шить*). Қосқа кірсе (в походную юрту если войдет/при входе), асулы мосы, ілулі бақыр тұр (варящаяся тренога, подвешенный котел стоят; *мосы — тренога, подставка для котла; асулы — то, что висит: қазан асулы тұр — пища варится; асу — вешать на плечо, вешать на шею; варить*). Бақырдың іші піскен етке толы екен (котла нутро сваренным мясом наполнено оказывается). Тәстік етке тойып алады да, елге қарай жүреді (Тостик мясом насытился и к поселению по направлению/в сторону идет; *тою — насыщаться; наедаться вдоволь*). Тәстіктің келген елі ас беріп жатыр екен (Тостика пришедшее поселение = *поселение к которому пришел Тостик* пищу дает = *пищей угощает* оказывается). “Ағаларымды осы астан іздеп көрейін (братьев своих за этой пищей ища посмотрю = *найти попробую; іздеу — искать*,

*разыскивать*)”, — деп асқа тігілген қалың үйді жағалай қыдыра бастайды (молвив, для еды сшитый/поставленный огромный дом вокруг обходя начинает = начинает осматривать; *жағалай — вокруг, вдоль; қыдыру — гулять*). Арықтаған, азған, киімі жыртық-жыртық Төстікті ешкім ескермейді (похудевшего, истощенного, в одежде рваной Тостика никто не замечает = не обращает на него внимания; *арықтау — похудеть, отоцать; арық — тощий, худой, исхудалый; азу — худеть; истоцаться; жыру — прорыть; поцарапать, отделить; ескеру — обратить внимание, принять во внимание; иметь в виду*). Жаяу жүрген адамды кім білсін (пешим идущего человека кто узнает).

Жылқыға келсе, жылқының ішінде тігулі қара қос түр. Қосқа кірсе, асулы мосы, ілулі бақыр түр. Бақырдың іші піскен етке толы екен. Төстік етке тойып алады да, елге қарай жүреді. Төстіктің келген елі ас беріп жатыр екен. “Ағаларымды осы астан іздеп көрейін”, — деп асқа тігілген қалың үйді жағалай қыдыра бастайды. Арықтаған, азған, киімі жыртық-жыртық Төстікті ешкім ескермейді. Жаяу жүрген адамды кім білсін.

Сөйтіп келе жатса, табақшылар бір жерде (таким образом при хождении, разносчики в одном месте; *табақшы — человек, разносящий кушанье на блюде; табақ — большая чаша; блюдо*): “Ерназардың сегізіне тарт, Ерназардың сегізіне тарт”, — деп шуылдасып жүр екен (Ерназара восьмерым тащите, — молвив шумя идут оказывается; *шуылдасу — /вместе/ шуметь, /совместно/ производить шум; шуылдау — шуметь; шуыл — шум*). “Ерназардың сегізің көрейін” (Ерназара восьмерых увижу/увидеть попробую; *көру/көрейін — видеть/дайте мне увидеть/попробовать*), — деп үйге кірмек болса (мол в дом войти при попытке; *кірмек болу — быть с намерением войти, кірмек болса —*

*если будет с намерением войти*), табақшылар Төстікті кейін қарай сүйреп, қақпайлай береді (*разносчики Тостика в обратном направлении/назад оттаскивая, предотвращают = не пускают; қақпайлау — предотвращать, қақпайлай береді — предотвращая продолжают = предотвращают, мешают*). “Қайыршы, әлі етке тоймадың ба (попрошайка, все еще мясу не насытился; қайыр/қайыршы — благо/благо просящий, ет/етке — мясо/мясу, тою/тоймау/тойдың/тоймадың — насытиться/не насытиться/ты насытился/ты не насытился)?” — деп жекіріп ұрсады (*покрикивая ругают; жекіру — покрикивать; ұрсу — бранить, ругать*). Төстік оған шыдамай (Төстік этому не вытерпев/выдержав = не стерпев этого; шыдау — терпеть, переносить), табақшының біреуін жұдырықпен қойып қалады (*разносчика одного кулаком ударяет; жұдырық — кулак; қою — поставить; положить; ударить; қалу — оставаться /в роли вспомогательного глагола подчеркивает завершенность действия/*). Жұрт жиналып қалады (народ собрался: «собравшись остается»):

— Кім керек (кто нужен)? Неғып жүрген адамсың?: — деп сұрайды (*почему ходящим человеком являешься = за чем пожаловал, — спрашивают; адам/адамсың — человек/человеком являешься*).

Сөйтіп келе жатса, табақшылар бір жерде: “Ерназардың сегізіне тарт, Ерназардың сегізіне тарт”, — деп шуылдасып жүр екен. “Ерназардың сегізін көрейін”, — деп үйге кірмек болса, табақшылар Төстікті кейін қарай сүйреп, қақпайлай береді. “Қайыршы, әлі етке тоймадың ба?” — деп жекіріп ұрсады. Төстік оған шыдамай, табақшының біреуін жұдырықпен қойып қалады. Жұрт жиналып қалады:

— Кім керек? Неғып жүрген адамсың?: — деп сұрайды.

Төстік:

— Маған Ерназардың сегізі керек, — дейді (мне Ерназара восьмеро нужны, — говорит). — Адасып кеткен сегіз ағамды іздеп жүрмін, — дейді (блуждая ушедших/потерявшихся восемь братьев моих ища хожу, — говорит; *адасу — сбиться /с пути/, блуждать*).

Сол арада Ерназардың сегізі жөн сұрасып (в тот промежуток/момент Ерназара восьмеро тщательно расспросив), Төстікпен жылап-сықтап табысады (с Гостиком плача-горюя находят друг друга; *жылап-сықтау — плакать-горевать; табу/табысу/табысады — находить/находить взаимно/находят друг друга*).

Ерназардың сегізі елден адасқаннан кейін (Ерназара восьмеро от народа/аула как потерялись после того; *адасу — плутать, блуждать; сбиваться с пути*) жұрттан қалған жалғыз күрең биені бағып (от аула оставшуюся единственную темно-рыжую кобылу выращивая; *жұрт — место стоянки, аула; люди; народ; бағу — воспитывать; ухаживать, заботиться: бала бағу — воспитывать детей; присматривать за детьми; выращивать; разводитъ: мал бағу — выращивать скот*), содан көп жылқы өсірген екен (от той/нее много лошадей вырастили оказывается; *өсіру — выращивать*). Бағанағы көп жылқы солардікі екен (недавние много лошадей их = *им принадлежащие* оказывается; *бағанағы — недавний; тот*). Төстіктен елінің жөнін білген соң (от Гостика аула/народа своего положение узнавши после = после того, как....; *соң — конец; после, затем*), олар да қайтпақ болады (они также вернуться с намерением являются; *қайту/қайтпақ — вернуться/с намерением вернуться*).

Төстік:

— Маған Ерназардың сегізі керек, — дейді. — Адасып кеткен сегіз ағамды іздеп жүрмін, — дейді.

Сол арада Ерназардың сегізі жөн сұрасып, Төстікпен жылап-сықтап табысады.

Ерназардың сегізі елден адасқаннан кейін жұрттан қалған жалғыз күрең биені бағып, содан көп жылқы өсірген екен. Бағанағы көп жылқы солардікі екен. Төстіктен елінің жөнін білген соң, олар да қайтпақ болады.

Тоғызы тоғыз жағынан шығып (девятеро с девяти сторон выйдя), қалың үйір жылқыны айдай бастайды (тучное стадо лошадей гоня = *гнать* начинают; айдау — *гнать*). Бірақ жылқы ұйлығып (однако лошади, скучившись; ұйлығу — *толпиться, собираться толпой; скучиваться /чаще о животных/*), бір жақты бетке алып жүре алмайды (в одном только направлении идти не могут; жақ — *щека; сторона; край; бет — лицо*). Қанша айдаса да серпіліп (сколько погнались бы = *ни знали бы, рассеиваясь*), алғашқы айдаған жеріне қайтып келеді де отырады (к изначальной земле/месту возвратясь идут и садятся; алғашқы айдаған жер — *изначальное отгоняемое место = место, с которого начали гнать; алғашқы — первоначальный*). Тоғызы жылқыны неше күн айдайды (девятером лошадей сколько дней гонят). Аяғында жүргізе алмай жалығады (в конце концов веда = *вести* не сумев, утомляются; аяқ — *нога; конец, низ; аяқ/аяғы/аяғында — конец/конец его/в конце, жүру/жүргізу/жүргізе — идти/заставлять идти/заставляя идти*).

Тоғызы тоғыз жағынан шығып, қалың жылқыны айдай бастайды. Бірақ жылқы ұйлығып, бір жақты бетке алып жүре алмайды. Қанша айдаса да серпіліп, алғашқы айдаған жеріне қайтып келеді де отырады. Тоғызы жылқыны неше күн айдайды. Аяғында жүргізе алмай жалығады.

Бір күні Төстік мынандай айла табады (однажды Тостик следующую хитрость находит; *мынандай — так; таковой*): барлық жылқының басы — күрең биені

ұстап алып (всех лошадей голову/вожака — маститую кобылу изловив: «поймав взяв»; *бие — кобыла*), жылқының ортасындағы бір дөңге шығады (лошадей посреди /находящуюся/ на одну возвышенность выходит; *орта/ортасы/ортасындағы — середина/его середина/находящийся в его середине*). Биені жығып (кобылу повалив; *жығу — свалить с ног, повалить*), төрт аяғын буады да (четыре ее ноги связывает и), қыл бұрау салып (на пучок гривы закрутку наложив = гриву крутя), тақымын бұрайды (внутреннюю сторону коленного сустава крутит). Тақымы бұралған соң (коленный сустав ее повернут поскольку = из-за того, что коленный сустав повернули; *бұру/бұрылу/бұралған — поворачивать/быть повернутым/повернутый; бұралған соң — так как был повернут*), бие қатты шыңғырады (кобыла сильно кричит пронзительно). Биенің шыңғырған даусына (на кобылы пронзительный голос; *шыңғыру/шыңғырған — пронзительно вопить/пронзительно закричавший; дауыс — голос*) шұрқырасып қалың жылқы жиналады (заржав, тучное /стадо/ лошадей собирается; *шұрқырау/шұрқырасу — ржать/ржать всем вместе; жинау/жиналу — собирать/собираться*).

Бір күні Төстік мынандай айла табады: барлық жылқының басы—күрең биені ұстап алып, жылқының ортасындағы бір дөңге шығады. Биені жығып, төрт аяғын буады да, қыл бұрау салып, тақымын бұрайды. Тақымы бұралған соң, бие қатты шыңғырады. Биенің шыңғырған даусына шұрқырасып қалың жылқы жиналады.

Жылқы әбден жиналып болды деген кезде (лошади окончательно/полностью собравшись были = *собрались* на сказанный момент = когда; *кез — момент; случай*), Төстік биені тұрғызып алады да, жетектей жөнеледі (Төстик кобылу

подняв берет и, ведя на поводу, отправляется; *тұру/тұрғызу* — *стоять/заставить встать*; *жетек/жетектеу/жетектей* — *поводок/тянуть за поводок/ведя за поводок*; *жөнелу* — *быть отправленным*). Сонда қалың жылқы (тогда тучное /стадо/ лошадей) өз беттерімен (своими лицами = самостоятельно; *бет/беті/беттер/беттері* — *лицо/его лицо/лица/их лица*; *бетімен/беттерімен* — *самостоятельно: «его лицом/их лицами»*) бұлардың соңынан шұбай жөнеледі (за этих/их концом/на ними вереницей трогается; *шұбау* — *ходить один за другим гуськом, вереницей*). Енді ешқайсы да жылқы айдап әлек болмайды (теперь никто лошадей гоня с хлопотами не бывает; *ешқайсы* — *никто из них*; *әлек* — *возня, хлопоты*), күрең биені жетектеп жүреді де отырады (темно-рыжую кобылу ведя за повод, идет и садится; *күрең* — *масть лошади, күрең ат* — *лошадь темно-рыжей масти*; *жүреді де отырады* — *используется для обозначения возможности чередовать действия*). Қалың жылқы шұбырып ереді де отырады (тучное /стадо/ лошадей тянувшись вереницей следует и садится = останавливается на отдых; *еру* — *следовать, идти вместе, следом*). Судың тұнығын іше-іше, шөптің сонысын жей-жей (воды чистоту/прозрачность отпивая, травы нетронутость поедая; *іш/ішу* — *внутри/вбирать вовнутрь = пить*; *жеу/жей-жей* — *кушать/поедая*), талай асқардан асып, шөлді басып (через довольно много высот перейдя/преодолев, по пустыням ступая; *асқар* — *неприступная, очень высокая гора*; *шөл* — *пустыня, голая степь*; *басу* — *давить; ступать, шагать*), Төстігі бастап, Ерназардың сегізі аман-есен елдеріне келеді (Тостик начало заложив, Ерназара восьмеро благополучно в свое поселение приходят = возвращаются).

Жылқы әбден жиналып болды деген кезде, Төстік биені тұрғызып алады да, жетектей жөнеледі. Сонда қалың жылқы өз беттерімен бұлардың соңынан шұбай жөнеледі. Енді ешқайсы да жылқы айдап әлек болмайды, күрең биені

жетектеп жүреді де отырады. Қалың жылқы шұбырып ереді де отырады. Судың тұнығын іше-іше, шөптің сонысын жей-жей, талай асқардан асып, шөлді басып, Төстігі бастап, Ерناзардың сегізі аман-есен елдеріне келеді.

Балалары аман-есен келген соң (дети благополучно вернулись поскольку), Ерназар ел жиып, той қылады (Ерназар, народ собрав, пир делает = устраивает). Түйеден бура, жылқыдан айғыр, ту бие, қойдан құнан қой сойып (из верблюда племенного, из лошадей /резвого/ жеребца, яловую кобылу, из овец трехлетнюю овцу зарезав; бура — верблюд-производитель), қымызын көлдей, етін таудай қылып қояды (кумыс свой подобно озеру, мясо свое подобно горе возделав кладет; көл/көлдей — озеро/подобно озеру, тау/таудай — гора/подобно горе). Ақсақалын, қарасақалын түгел разы қылады (белобородых, чернобородых/стариков/ всех довольными делает; сақал — борода).

Той тарқағаннан кейін (пира завершения после/после завершения пира) Ерназар тоғыз ұлын аяқтандыру қамына кіріседі (Ерназар девять сыновей своих поженить заботе/делу придается/предпринимает; аяқтандыру — поставит на ноги = женить). Тоғызына тоғыз келіншек іздейді (девятерым девять невест ищет). Келінінің тоғызын бір үйден таппақ болып (невесток девятерых из одного дома найти намереваясь; табу/таппақ болып — находит/найти с желанием будучи), ел қыдырады (страну обхаживает/по стране путешествует; қыдыру — шататься праздно, бродить; разъезжать; обходить; скитаться в поисках). Көп елді аралайды (много стран/поселений обходит; ара/аралау — между/ходить между). Бірақ Ерназар ойлағандай тоғыз қыз бір үйден табылмайды (но Ерназар как думал девять девушек из одного дома не находятся; ой — мысль; ойлау/ойлаған/ойлағандай — думать/думал/как думал).

Балалары аман-есен келген соң, Ерназар ел жиып, той қылады. Түйеден бура, жылқыдан айғыр, ту бие, қойдан құнан қой сойып, қымызын көлдей, етін таудай қылып қояды. Ақсақал, қарасақалын түгел разы қылады.

Той тарқағаннан кейін Ерназар тоғыз ұлын аяқтандыру қамына кіріседі. Тоғызына тоғыз келіншек іздейді. Келінінің тоғызын бір үйден таппақ болып, ел қыдырады. Көп елді аралайды. Бірақ Ерназар ойлағандай тоғыз қыз бір үйден табылмайды.

Сөйтіп, Ерназар күдер үзіп келе жатса, алдынан бір ауыл көрінеді (таким образом, Ерназар надежду теряя при путешествии, перед ним один аул показывается; күдер үзіп — надежду теряя, келе жатса — при передвижении: «идя лежит если» /«жату» используется для придачи продолжительности движению/, алдынан — перед ним). Ауылдың ортасындағы үлкен қоңыр үйдің тұсына келіп, мейман болатындығын білдіреді (аула посреди к большого коричневого дома порогу подойдя, гостем то что будет, сообщает; болу/болатын/болатындығы/болатындағын — быть/случавшийся/то, что будет/о том, что он будет: «о своем бытии»; білу/білдіру — знать/дать знать). Үйге кірсе (в дом войдет если/при входе в дом), керегенің басында сегіз сырға ілулі тұр екен (кереге /стены юрты/ наверху восемь сережек висевшими расположены оказываются), соны көрген соң, Ерназар еңкілдеп жылай бастайды (это увидев, Ерназар всхлипывая плача = плакать начинает; еңкілдеу — всхлипать; еңкілдеп жылау — плакать навзрыд; плакать всхлипывая).

Сөйтіп, Ерназар күдер үзіп келе жатса, алдынан бір ауыл көрінеді. Ауылдың ортасындағы үлкен қоңыр үйдің тұсына келіп, мейман болатындығын білдіреді.

Үйге кірсе, керегенің басында сегіз сырға ілулі тұр екен, соны көрген соң, Ерназар еңкілдеп жылай бастайды.

Үйдің бәйбішесі Ерназардан (дома старшая жена от = у Ерназара /спрашивает;/ бәйбіше — первая жена; старшая жена /при многоженстве;/ пожилая хозяйка /в доме;/ байбише /почтительное обращение к пожилой женщине, хозяйке дома/):

— Неге жыладың? — деп сұрайды (почему плачешь? — спрашивает).

— Жылаған себебім: тоғыз ұлым бар, соған тоғыз келіншек іздеп жүрген адаммын (заплакал, тому причиной моей является: девять сыновей моих есть, для них девять невест ища ходящим человеком являюсь; *себең* — причина), тоғыз ұлымның бір әке-шешеден туғаны сияқты (девяти сыновьям моим от одних родителей рожденным подобно; *туу* — родить), тоғыз келінімнің де бір әке-шешеден туған болуын іздеп жүрген адаммын (девять невесток моих тоже от одних родителей рожденных ища ходящим человеком являюсь). Керегенің басындағы көп сырғаны көргенде (кереге сверху много сережек когда увидел я), тілегіме жеттім ғой деп қуанып қалып едім (желания своего достиг ведь обрадованным остался я = обрадовался; *тілек* — желание; «*ғой*» используется для дополнительного подтверждения или отрицания чего-либо /ведь, же;/ *қуану* — радоваться), санасам, біреуі кем екен, соған жылап отырмын, — дейді Ерназар (посчитав, на одну меньше оказалось, из-за этого плача сижу = плачу, — молвит Ерназар; кем — меньше; менее; «*отыру*» используется для обозначения продолжительности действия /в настоящем продолженном времени/).

Үйдің бәйбішесі Ерназардан:

— Неге жыладың? — деп сұрайды.

— Жылаған себебім: тоғыз ұлым бар, соған тоғыз келіншек іздеп жүрген адаммын, тоғыз ұлымның бір әке-шешеден туғаны сияқты, тоғыз келінімнің де бір әке-шешеден туған болуын іздеп жүрген адаммын. Керегенің басындағы көп сырғаны көргенде, тілегіме жеттім ғой деп қуанып қалып едім, санасам, біреуі кем екен, соған жылап отырмын, — дейді Ерназар.

— Ендеше жылама (в таком случае не плачь), тағы біреуі бар, әне тұр (еще одна есть, вон там стоит = висит; тұру — стоять; находится), — деп бәйбіше тұсбақаннан тағы бір сырғаны алып келеді (сказав, старшая жена с шеста еще одни серьги взяв приходит = приносит). — Кенжекейімнің сырғасы еді (Кенжекей /младшенькой моей/ серьги были), мұны сегіз қызымның сырғасына араластырмаймын (их к восьмерых дочерей серьгам не примешиваю; араласу — смешиваться; примешиваться; араластыру — смешивать), ана қыздарым бір төбе, Кенжекейім бір төбе (те дочки мои — одна крыша, Кенжекей — одна крыша = они разные; төбе — холм; потолок; крыша). Сондықтан Кенжекейімнің сырғасы олардікінен бөлек тұрады (поэтому Кенжекей моей серьги от их /серег/ отдельно стоят = располагаются), — деп сырғаны қайтадан орнын іліп қояды (молвив, серьги снова на место вешает: «вешая кладет»; қайтадан — снова, заново, повторно /қайту — возвращаться/; орын — место).

— Ендеше жылама, тағы біреуі бар, әне тұр, — деп бәйбіше тұсбақаннан тағы бір сырғаны алып келеді. — Кенжекейімнің сырғасы еді, мұны сегіз қызымның сырғасына араластырмаймын, ана қыздарым бір төбе, Кенжекейім бір төбе. Сондықтан Кенжекейімнің сырғасы олардікінен бөлек тұрады, — деп сырғаны қайтадан орнына іліп қояды.

Ерназар оған (Ерназар ей):

— Сенің сегіз қызың бір төбе, Кенжекейің бір төбе болса (твои восемь дочек одного верха = *уровня*, Кенжекей твоя одного = *другого* уровня если являются; *төбе* — холм, сопка; *верх*, *верхушка*; *потолок*; *крыша*), менің сегіз ұлым бір төбе, Төстігім бір төбе еді (/то/ мои восемь сыновей одного уровня, Тостик мой одного/другого уровня являются). Кенжекейің Төстігімдікі болсын, — дейді (Кенжекей твоя Тостика моего пусть будет).

Сөйтіп, Ерназар тоғыз қызға құда түсіп қайтады (таким образом, Ерназар девятерым девушкам сватом став возвращается; *түсу* — *спускаться*; *падать*; *наступить* /*қыс түсті* — *наступила зима*;/ *остановиться*).

Ерназар оған: — Сенің сегіз қызың бір төбе, Кенжекейің бір төбе болса, менің сегіз ұлым бір төбе, Төстігім бір төбе еді. Кенжекейің Төстігімдікі болсын, — дейді. Сөйтіп, Ерназар тоғыз қызға құда түсіп қайтады.

Ерназар келіндерін алып қайтуға тоғыз ұлымен сапарға шығады (Ерназар невесток своих чтобы привезти, с девятью сыновьями в путь выходит; *алып қайтуға* — *чтобы взял вернуться* = *чтобы привезти*; *сапар* — *путь*; *путешествие*). Жолда бұларға перінің қызы Бекторы кездеседі (в дороге этим = *им* Бекторы, дочь пери, встречается; *пері* — *пери* /*фея*/), ол Төстікті көріп, ғашық болады (она Тостика завидев, влюбленной становится). Төстікті Кенжекейден айырып қалу қамына кіріседі (Тостика от Кенжекей чтобы отделив оставить = *разлучить* заботе предается: «в заботу входит»; *қам* — *забота*).

Ерназар келіндерін алып қайтуға тоғыз ұлымен сапарға шығады. Жолда бұларға перінің қызы Бекторы кездеседі, ол Тәстікті көріп, ғашық болады. Тәстікті Кенжекейден айырып қалу қамына кіріседі.

Ерназар тоғыз ұлымен Кенжекейдің ауылына барып, көп уақыт жатады (Ерназар с девятью сыновьями в Кенжекей аул прибыв, много времени лежат = пребывают). Отыз күн ойын, қырық күн тойын істетіп (тридцать дней игры, сорок дней праздника устроив; *істету* — *заставить работать; заставить делать*), келіндерін алып, еліне қайтпақшы болады (невесток своих взяв, в родные края свои возвратиться с намерением бывают = решают; *қайту/қайтпақшы* — *возвращаться/с намерением возвратиться*).

Ерназар тоғыз ұлымен Кенжекейдің ауылына барып, көп уақыт жатады. Отыз күн ойын, қырық күн тойын істетіп, келіндерін алып, еліне қайтпақшы болады.

Кенжекейдің әкесі қыздарына түгел енші беріп (Кенжекей отец, своим дочерям полную причитающуюся долю наследства выдал; *енші* — *причитающаяся доля наследства; енші беру* — *выделить /дочерей, сыновей/ в отдельную семью*), көп жасаумен ұзатады (со множеством приданого выдает замуж; *жасау* — *сделать; смастерить; приданое; ұзату* — *выдавать замуж*). Сонда Кенжекей әкесінің берген еншісіне (тогда Кенжекей отцом выданным наследством; *берген* — *давший/выданный*), мінгізген ат (оседланным конем; *міну/мінгізу/мінген/мінгізген* — *садиться верхом/сажать верхом/севиший/посаженный*), арттырған түйе (навьюченным верблюдом),

тарттырған жасауына разы болмайды (вытянутым = выданным приданым довольной не бывает = не довольствуется; тарту — тянуть, тащить): “Әкем маған жылқыдан Шалқұйрық атты берсін (отец мой мне из лошадей Шалкуйрыка коня пусть даст), жасаудан Ақсырмалы сауытты берсін (из приданого Белостеганую кольчугу пусть даст; сыру — стегать; шивать что-либо), түйеден Құба інгенді берсін”, — дейді (из верблюдов Кубу-верблюдицу пусть даст, — молвит).

Кенжекейдің әкесі қыздарына түгел енші беріп, көп жасаумен ұзатады. Сонда Кенжекей әкесінің берген еншісіне, мінгізген ат, арттырған түйе, тарттырған жасауына разы болмайды: “Әкем маған жылқыдан Шалқұйрық атты берсін, жасаудан Ақсырмалы сауытты берсін, түйеден Құба інгенді берсін”, — дейді.

Кенжекейдің әкесі қызына ашуланып (отец Кенжекей на дочь свою разгневавшись), кісісін қайта жібереді (человека своего снова отправляет):

— Қызыма айта бар (дочери моей говоря сходи = пойдн скажи): Ерназардың байлығы оған жетеді (Ерназара богатства ей хватит/достаточно; жету — догнать; достигнуть; быть достаточным, хватать). Шалқұйрық атты сұрағаны несі (Шалкуйрыка коня спрашивание ее что такое/зачем)? Шалқұйрық — жылқымның құты (Шалкуйрык — лошадей моих счастье/благодать; құт — счастье), құтқа қыз ие болған жер бар ма екен (счастью девушка владелицей являющаяся земля есть ли = где это видано, чтобы девушка распорядилась самой благодатью; ие — хозяин, владелец; обладатель: үйдің иесі — хозяин дома)? Құба інген — түйемнің басы (Куба-верблюдица — верблюдов моих голова; түйе — верблюд), түйемнің басын сұрағаны несі (верблюдов моих головы спрашивание зачем), қызда ондай түйе артқан бар ма екен (у девушки

такая верблюдица навьючиваемая есть ли = зачем ей нужна; *арту* — навьючивать: *ол түйеге жүк артты* — он навьючил верблюда /жүк — груз, вьюк, поклажа/? Ақсырмалы сауыт — атадан ұлға қалатын мұра (белостеганая кольчуга — от отца/деда сыну остающееся наследство), мені қызым қу бас дегені ме (меня моя дочь высохшей головой молвит ли = за дурака держит, что ли; *қу* — /о растении/ высохший; бледный; сухостой)? Қызым өйтіп жаулығын білдірмесін”, — дейді (дочь моя таким образом свою враждебность пусть не дает знать = не проявляет, — молвит; *жаулық* — вражда, враждебность; *жаулы* — вражеский; *жау* — враг, неприятель; *білу/білдіру/білдірмесін* — *знать/дать знать/пусть не дает знать, не проявляет*).

Кенжекейдің әкесі қызына ашуланып, кісісін қайта жібереді:

— Қызыма айта бар: Ерназардың байлығы оған жетеді. Шалқұйрық атты сұрағаны несі? Шалқұйрық — жылқымның құты, құтқа қыз ие болған жер бар ма екен? Құба інген — түйемнің басы, түйемнің басын сұрағаны несі, қызда ондай түйе артқан бар ма екен? Ақсырмалы сауыт — атадан ұлға қалатын мұра, мені қызым қу бас дегені ме? Қызым өйтіп жаулығын білдірмесін, — дейді.

Кенжекей әкесіне қайта кісі салыпты (Кенжекей к отцу своему снова человека *направила*): “Шалқұйрықты сұрағаным (Шалқуйрыка *попросила я*), ерге лайық ат еді, ер мінсін деп едім (*батыру/богатырю под стать конем является он, батыр пусть садится верхом на него, — сказала я; ер — мужчина; муж; молодец, удалец; лайық — подходящий; соответствующий*), Құба інгенді сұрағаным, ер қосын артсын деп едім (*Кубу-верблюдицу попросила я, батыра передвижную юрту пусть навьючивают, хотела я; қос — жилье, используемое в период сезонных, временных работ /скотоводов, охотников/: юрта, шалаи*), Ақсырмалы сауытты сұрағаным (белостеганую кольчугу *попросила я*), Ер

Төстік ер еді, сол ер кисін деп едім”, — депті (Ер Төстик батыром является, этот батыр пусть надевает, хотела я, — промолвила). Әкесі Кенжекейдің сөзінен жеңіліп (отец ее, от слов Кенжекей поражение потерпев; *жеңу/жеңілу — победить/быть побежденным, терпеть поражение*), сұрағандарын беріпті (испрошенное ею выдал). “Қызыма сәлем айт (дочери моей привет скажи/передай), Сорқудықтың басына көшін қондырмасын (у Соркудыка истока кочевку пусть в ночлег не разбивает; *көш — кочевка; перекочевка*), қондырса, кесір болады”, — депті (если разобьет, зло будет, — молвил; *кесір — вред; зло*).

Кенжекей әкесіне қайта кісі салыпты: “Шалқұйрықты сұрағаным, ерге лайық ат еді, ер мінсін деп едім, Құба інгенді сұрағаным, ер қосын артсын деп едім, Ақсырмалы сауытты сұрағаным, Ер Төстік ер еді, сол ер кисін деп едім”, — депті. Әкесі Кенжекейдің сөзінен жеңіліп, сұрағандарын беріпті. “Қызыма сәлем айт, Сорқудықтың басына көшін қондырмасын, қондырса, кесір болады”, — депті.

Көш бетімен тарта береді (*кочевка/караван своим путем продолжает тянуться; бетімен — как попало, өз бетімен — самостоятельно; тарту — тянуть, тащить; направляться; беру — давать /с деепричастием указывает на то, что действие совершается длительно, многократно, повторно/*). Бір күні Сорқудықтың басына келіп жетеді (в один день к Соркудыка истоку придя достигает). Кенжекей атасына кісі жіберіп (Кенжекей к деду = *свекру* своему человека направив): “Атам бұл құдыққа қонбасын (свекр мой к этому колодцу пусть ночлег не разбивает; *қону — спуститься; опуститься на землю /о птице/, сесть; приземлиться; остановиться на ночлег*), ырымы жаман жер”, — деп хабар айтқызады (по примете плохое место, — известие сказать поручает; *ырым*

— *примета, суеверие айтқызу — заставить говорить; принудить говорить*). “Келінім келмей жатып (*невестка моя, не успев доехать*), менің қонысымды билейін деген екен (*моей стоянкой распоряжаться чтобы оказывается; қоныс — место расположения /аула/; стоянка; стойбище /с пастбищем/; билеу — управлять, распоряжаться; билейін — давай распоряжусь, распоряжусь-ка я*)”, — деп Ерناзар болмастан әлгі жерге қонады (*молвив, Ерназар наперекор на то место кочевку разбивает; болу/болмас/болмастан — быть/не будет/дабы не было*). Көш қонысымен (*кочевки с остановкой = по мере того как кочевка на ночлег разбивается*), Кенжекей басқа келіндерінен (*Кенжекей, по сравнению с другими невестками: «от других невесток»*) үйді бұрын тігіп жібереді де (*дом раньше сшив отпускает = воздвигает и; тігу — шить; киіз үй тігу — ставить юрту /киіз — кошма; войлок; киіз үй — юрта/*), атасын қонақ қылады (*свекра своего гостем делает*). Кенжекейдің зерделі екенін Ерназар сол арада біледі (*Кенжекей умной то что является Ерназар в тот промежуток познает; зерде — ум, сознание*). “Келінім ақылды екен, тілін бекер алмаған екем”, — деп өкінеді (*невестка моя мудрая оказывается, ее язык зря не взявшим оказался я = к ее словам не прислушался, — молвив сожалеет; бекер — зря; напрасно; өкіну — сожалеть, раскаиваться*).

Көш бетімен тарта береді. Бір күні Сорқұдықтың басына келіп жетеді. Кенжекей атасына кісі жіберіп: “Атам бұл құдыққа қонбасын, ырымы жаман жер”, — деп хабар айтқызады. “Келінім келмей жатып, менің қонысымды билейін деген екен”, — деп Ерназар болмастан әлгі жерге қонады. Көш қонысымен, Кенжекей басқа келіндерінен үйді бұрын тігіп жібереді де, атасын қонақ қылады. Кенжекейдің зерделі екенін Ерназар сол арада біледі. “Келінім ақылды екен, тілін бекер алмаған екем”, — деп өкінеді.

Сол күні тұман болады (в тот день туман случается). Кенжекей өз әкесінің айтқаны ойына түсіп (Кенжекей своего отца сказанное в мысли понав), кірпігін ілмей жатады (ресницы свои не вешая = не смыкая лежит). Ерте тұрып қараса, Құба інген жоқ (рано встав взглянет если = при осмотре, Кубы-верблюдицы нет). “Құба інген жоқ (Кубы-верблюдицы нет)”, — деп атасына хабар береді (свекру своему известие передает). Ерназар ат ерттеп мініп (Ерназар коня оседлав сев верхом; ерттеу — седлать; міну — садиться), Құба інгенді айнала қарап жүрсе (Кубу-верблюдицу кружась/обходя окрестности смотря проезжает если = при проезде), бір жерде тұрған Құба інген көреді (в одном месте стоящую Кубу-верблюдицу видит). Қасына келсе (рядом придет если = при приближении), бұйдасы бір көкпекке оралып қалған екен (веревка ее в одну синюху голубую /растение/ завернувшись осталась = зацепилась оказывается; бұйда — веревка, служащая для вождения верблюда; оралу — запутаться /о веревке/). Жанында бір тал бар екен (около нее один тальник есть оказывается; тал — тальник), талдың түбінде жарбиған бір жаман кемпір отыр (у дерева основания = под деревом низенькая одна плохая старуха сидит; түп — дно; корень растения; основание, основа: под ағаштың түбінде — под деревом, возле дерева; жарбию — едва показываться, быть едва заметным /о ребенке, низкорослом человеке/; быть низким).

— Шеше, шеше (матушка, матушка)! Ана түйенің бұйдасына қол жалғап жіберші, — дейді Ерназар (к того верблюда веревке руку протяните, пожалуйста, — молвит Ерназар; жалғап жібер/жалғап жіберші — протяните/протяните, пожалуйста; жалғау — соединять; удлинять).

Сол күні тұман болады. Кенжекей өз әкесінің айтқаны ойына түсіп, кірпігін ілмей жатады. Ерте тұрып қараса, Құба інген жоқ. “Құба інген жоқ”, — деп

атасына хабар береді. Ерназар ат ерттеп мініп, Құба інгенді айнала қарап жүрсе, анадай жерде тұрған Құба інген көрінеді. Қасына келсе, бұйдасы бір көкпекке оралып қалған екен. Жанында бір тал бар екен, талдың түбінде жарбиған бір жаман кемпір отыр.

— Шеше, шеше! Ана түйенің бұйдасына қол жалғап жіберші, — дейді Ерназар.

Кемпір сонда (старуха тогда):

— Тұрсам, отыра алмаймын (если встану я, сесть не смогу), шырағым, отырсам, тұра алмаймын, шырағым (светоч мой, если я сяду, встать не смогу, светоч мой)! Әперуге әлім жоқ, нашар адаммын, — деп мүләйімсиді (подать чтобы сил моих нет, слабый человек я, — молвив прибедняется; әперу — подавать; нашар — слабый; плохой: нашар денсаулық — плохое здоровье, нашар тауар — плохой товар; мүләйімсу — притворяются кротким; мүләйім — благопристойный; внешне безгрешный; кроткий: мүләйім жан — кроткая душа; лицемер, неискренний человек).

Кемпірдің сөзіне нанып (старухи словам поверив), бұйданы іліп алайын деп еңкейе бергенде (веревку зацепив взять с намерением при нагибании; еңкею — наклоняться, пригибаться), Ерназарды кемпір шап беріп жағадан ала кетеді (Ерназара старуха, цапнув за воротник, захватила: «взяв уходит»; шап — /звукоподражание/ цап: шап беру — быстро ухватиться; жаға — воротник). Алдап отырған жалмауыз кемпір екенін Ерназар енді ғана біледі (то, что обманывая сидевшая прозорливой старухой /Бабой-ягой/ оказалась, Ерназар теперь только узнает/понимает; енді — теперь; в настоящее время; ғана — только, только что). Ерназарда тапжылуға шама жоқ (у Ерназара остаться в живых сил нет; тапжылу — находить тепло, не умирать; шама — величина; сила; мощь; возможность). Олай-бұлай жұлқынып байқап еді (так-сяк вырываясь попробовав был он = попробовал вырваться; жұлқыну — рваться /вперед/: ат жұлқынып тұр — конь рвется /горячится/; байқау — замечать,

*наблюдать; пробовать, пытаться*), болатын көрінбейді, кемпір қысып әкетіп барады (*произойти этому не предвидится = не получается*, старуха сдавливая забирая/унося его идет; *көріну — показаться; являться; әкету — унести; увести; қысу — жать, сжимать*).

Кемпір сонда:

— Тұрсам, отыра алмаймын, шырағым, отырсам, тұра алмаймын, шырағым! Әперуге әлім жоқ, нашар адаммын, — деп мүләйімсиді.

Кемпірдің сөзіне нанып, бұйданы іліп алайын деп еңкейе бергенде, Ерназарды кемпірекең шап беріп жағадан ала кетеді. Алдап отырған жалмауыз кемпір екенін Ерназар енді ғана біледі. Ерназарда тапжылуға шама жоқ. Олай-бұлай жұлқынып байқап еді, болатын көрінбейді, кемпір қысып әкетіп барады.

Ерназардың мойны үзіліп (*Ерназара шея обрываясь; мойын — шея; үзу — обрывать, рвать*), буынып барады (*удушаясь идет = задыхается*), шыбын жаны шығып барады (*подобно мухе, душа его выходя идет = выходит; шыбын — муха*). Ерназардың “қоя бер” дегеніне (*Ерназара «оставив дай/оставь в покое» молвлению*) кемпірдің босататын түрі жоқ (*старухи высвобождению вида нет = не похоже, что получится высвободиться; бос/босау/босату/босататын — свободный/освободиться /освободить/то что освободит*). Өлетін болған соң, Ерназар жалына бастайды (*то что умрет будучи поскольку = понимая, что может так умереть*, Ерназар умолять начинает; *өлу — умереть; жалыну — умолять*):

— Ағарған сақал, шашым бар (*побелевшая борода, волосы мои есть*)! Қартайып келген жасым бар (*состарившись пришедший возраст мой есть; қартаю — стареть, стариться*)! Тоғыз келінімді жаңа ғана түсіріп, жаңа ғана қызығын көрейін деп отырмын (*девять снох своих ново = вот только /в дом/ пустив = сосватав, вот только отраду этого повидать чтобы сижу; түсіру — ронять*;

*спускать; пускать /в дом/, принимать гостей /помогать гостям слезать с коней/; қызық — забава, интерес; радость, отрада; көрейін — давай погляжу, погляжу-ка я; көрейін деп — чтобы поглядеть, увидеть).* Қоя бер мені, шешежан, — дейді (оставь меня, мать душа, — молвит).

— Жоқ, — деп кемпір қысып қояды (нет, — молвив, старуха /еще больше/ сдавливают; қысу — жать; сжимать; давить; қою — ставит, класть /как вспомогательный глагол придает выражению оттенок усиления или неожиданности/). Ерназардың жаны шығып барады (Ерназара душа выходит продолжает).

Ерназардың мойны үзіліп, буынып барады, шыбын жаны шығып барады. Ерназардың “қоя бер” дегеніне кемпірдің босататын түрі жоқ. Өлетін болған соң, Ерназар жалына бастайды:

— Ағарған сақал, шашым бар! Қартайып келген жасым бар! Тоғыз келінімді жаңа ғана түсіріп, жаңа ғана қызығын көрейін деп отырмын. Қоя бер мені, шешежан, — дейді.

— Жоқ, — деп кемпір қысып қояды. Ерназардың жаны шығып барады.

Тоғыз келін түсіріп (девять невесток сосватав),

Елдей көшіп келемін (подобно целому поселению/аулу кочуя иду).

Толып жатқан жасаудан (из наполненным/сполна лежащего приданого; жасау — делать, изготавливать, мастерить; изготовление; подготовка; приданое: қалыңдықтың жасауы — приданое невесты)

Тойғаныңша беремін (до насыщения твоего отдам; тою/тойган/тойғаның/тойғаныңша — насытится/насытившийся/твое насыщение/вплоть до твоего насыщения).

Босат мені, шешетай! — дейді (освободи меня, матушка! — молвит).

— Жоқ, — деп кемпір қысып қояды (нет, — молвив, старуха еще сильнее сдавливают). Ерназардың жаны шығып барады (Ерназара душа выходит продолжает).

— Оған разы болмасаң (этому довольной не будучи ты если),

Тоғай толған қойым бар (лесом наполненные/лес наполнить способные/ овцы мои есть; тоғай — лес, лесные заросли; заросли кустарника). Қанша алатын ойың бар (сколько взять для того чтобы, мысль твоя есть = сколько думаешь взять; ой — мысль, дума)?

Босат мені, шешетай! — дейді (освободи меня, матушка! — молвит).

— Жоқ, — деп кемпір онан сайын қысады, Ерназардың жаны шығып барады (нет, — молвив, старуха из того еще пуще сдавливает, Ерназара душа выходит продолжает; сайын — каждый; по мере, каждый раз, как: жыл сайын — ежегодно, каждый год; мен тауда болған сайын... — каждый раз, как я побываю в горах...).

Тоғыз келін түсіріп,

Елдей көшіп келемін.

Толып жатқан жасаудан

Тойғаныңша беремін.

Босат мені, шешетай! — дейді.

— Жоқ, — деп кемпір қысып қояды. Ерназардың жаны шығып барады.

Оған разы болмасаң,

Тоғай толған қойым бар.

Қанша алатын ойың бар?

Босат мені, шешетай! — дейді.

— Жоқ, — деп кемпір онан сайын қысады, Ерназардың жаны шығып барады.

Оған разы болмасаң (этому = этим довольной не будучи ты если),

Желі толған түйем бар (ветер наполнившие = ветер наполнить способные верблюды мои есть).

Соған бер мені, шешетай (за них /в обмен/ отдай меня, матушка)!

Қоя бер мені, шешетай! — дейді (оставь меня, матушка! — молвит).

— Жоқ, — деп кемпір қысып қояды (нет, — молвив, старуха еще больше сдавливает). Ерназардың жаны шығып барады (Ерназара душа выходит продолжает).

Оған разы болмасаң (этому довольной не будучи ты если),

Өріс толған жылқым бар (пастбище заполнившие лошади мои есть),

Не аяйтын сиқым бар (что пожалеющее = которое позволит тебе сжалиться надо мной добро мое есть; аяу — щадить; сжалиться),

о да болсын сенікі (оно также пусть твоим)!

Бір әділ жан менікі (одна праведная душа моей является),

Жіберші мені, шешеке! — дейді (отпусти меня, матушка! — молвит; жіберу — посылать, отсылать; отпускать).

— Жоқ, — деп кемпір онан сайын қысады (нет, — молвив, старуха еще пуще того сдавливает). Ерназардың жаны шығып барады (Ерназара душа выходит продолжает).

Оған разы болмасаң,

Желі толған түйем бар.

Соған бер мені, шешетай!

Қоя бер мені, шешетай! — дейді.

— Жоқ,— деп кемпір қысып қояды. Ерназардың жаны шығып барады.

Оған разы болмасаң,

Өріс толған жылқым бар,

Не аяйтын сиқым бар,

О да болсын сенікі!

Бір әділ жан менікі,

Жіберші мені, шешеке! — дейді.

— Жоқ, — деп кемпір онан сайын қысады. Ерназардың жаны шығып барады.

Оған разы болмасаң (этому довольной не будучи ты если),

Сойылдай сегіз ұлым бар (подобно дубине/статные/ восемь сыновей моих есть;  
*сойыл — дубина*),

Менде қандай құның бар (*у = на* меня какая цена твоя есть; *құн — стоимость*;  
*плата за убийство, за увечье*)?

О да болсын сенікі (она также пусть будет твоей).

Бір әділ жан менікі (одна праведная душа моей является).

Жібере көр, шешеке! — дейді (отпустив посмотри = *отпустить попробуй*,  
*матушка!* — молвит).

— Жоқ, — деп кемпір қысыңқырап жібергенде (нет, — молвив старуха  
*придавливает пуще когда*), Ерназардың жаны мұрнының ұшына келеді, өлуге  
аз-ақ қалады (Ерназара душа к носа его кончику доходит, чтобы умереть —  
*немного совсем остается; ұш — кончик, конец; острие; -ақ — же /частица*  
*эмоционального усиления*).

Оған разы болмасаң (этому довольной не будучи ты если),

Атамасым атайын (не называемое свое = самое сокровенное назову в таком  
случае; *атау — называть по имени; упоминать*),

Сегізінен бір бөлек (от восьми одного отдельного/особого),

Жалғызымда қуат боп (у единственного моего мощи подобного),

Жіберші мені, шешеке (отпусти меня, матушка)! — дегенде, кемпірдің қолы  
босанып сала береді (при молвлении, старухи рука освобождая накладываясь  
*продолжает = ослабляется; салу — класть; положить*).

Оған разы болмасаң,

Сойылдай сегіз ұлым бар,

Менде қандай құның бар?

О да болсын сенікі.

Бір әділ жан менікі.

Жібере көр, шешеке! — дейді.

— Жоқ, — деп кемпір қысыңқырап жібергенде, Ерназардың жаны мұрнының ұшына келеді, өлуге аз-ақ қалады.

Оған разы болмасаң,

Атамасым атайын,

Сегізінен бір бөлек,

Жалғызымда қуат боп,

Жіберші мені, шешеке! — дегенде, кемпірдің қолы босанып сала береді.

— Төстікті маған қалай бересің (Тостика мне как дашь ты)? — деп сұрайды кемпір (спрашивает старуха).

Оған Ерназар айтады (ей Ерназар говорит):

— Менің қалтамда Төстіктің садағының ұшын шығаратын егеуі бар (в моем кармане Тостика лука острие/наконечник выводящее = *натачивающее* точило есть; *қалта* — карман; *егеу* — *пилить*; *точить*; *напильник*). Төстік онсыз жүре алмайды (Тостик без него ходить не сможет). Мен бұны осы араға тастап кетейін (я его в этом промежутке оставив пойду). Төстік іздеп келеді, сонда өзің ұстап ал,—дейді (Тостик ища = *в поисках* придет, тогда сама схватив возьми = его схвати, — молвит; *іздеу* — *искать*; *ұстау* — *держать, задержать*).

Кенжекей мұның бәрін көріп тұрады (Кенжекей этого все видя стоит = все это видит).

— Төстікті маған қалай бересің? — деп сұрайды кемпір.

Оған Ерназар айтады:

— Менің қалтамда Төстіктің садағының ұшын шығаратын егеуі бар. Төстік онсыз жүре алмайды. Мен бұны осы араға тастап кетейін. Төстік іздеп келеді, сонда өзің ұстап ал,—дейді.

Кенжекей мұның бәрін көріп тұрады.

Ерназар Құба інгенді алып қайтып келеді (Ерназар Кубу-верблюдицу взяв, возвращаясь идет = возвращается; қайту — возвратиться), көш жөнеледі (кочевка трогается), бірнеше күн көшеді (несколько дней кочуют/пребывают в пути). Төстік түнде отауына кірейін десе (Тостик ночью в свою отдельную юрту войти с намерением мол если = всякий раз, как пытаются войти; кірейін — давай войду, войду-ка я), отауы ылғи берік болады (юрта его постоянно крепкая = неприступная бывает; берік — крепкий; прочный). Бір күні Төстік жеңгелерін алып отауына кіреді (в один день Тостик своих женгешек /жен старших братьев/ взяв, в свою юрту заходит). Төсегіне жатып еді (в постель свою расположившись было), Кенжекей болат кездіктің сабын Төстіктің жүрегіне тіреп (Кенжекей стального ножа рукоятку к Тостика сердцу подперев/приставив; кездік — острый небольшой нож, ножик, кездик; сап — черенок; рукоятка; ручка), үш жағын өз жүрегіне қояды (острия сторону к своему сердцу подставляет):

— Қозғалмай жат (не двигаясь лежи; қозғалу — двигаться; шевелиться), қозғалсаң екеуміз де жарыламыз (если двинешься, мы оба поранимся/порежемся; жару — расколоть; рассечь), — дейді (молвит).

Төстік мұның себебін сұрайды. (Тостик этого причину спрашивает).

Ерназар Құба інгенді алып қайтып келеді, көш жөнеледі, бірнеше күн көшеді. Төстік түнде отауына кірейін десе, отауы ылғи берік болады. Бір күні Төстік жеңгелерін алып отауына кіреді. Төсегіне жатып еді, Кенжекей болат кездіктің сабын Төстіктің жүрегіне тіреп, үш жағын өз жүрегіне қояды:

— Қозғалмай жат, қозғалсаң екеуміз де жарыламыз, — дейді.

Төстік мұның себебін сұрайды.

Кенжекей:

— Әкең сені Бекторының жалмауызына беріп кеткен (отец твой тебя Бекторы /Бекторы, дочери пери, принадлежащей/ прожорливой /Баба-яге/ отдав ушел; жалмауыз — обжора; прожорливый: жалмауыз кемпір — Баба-яга), сен менікі емессің (ты моим не являешься), жалмауыздан біржола құтылып кел, — дейді (от прожорливой окончательно избавившись приди, — молвит; біржола — заодно; все сразу, одним разом; совсем, окончательно; құтылу — избавиться, спастись).

— Әкем мені жалмауызға неге береді? — дейді ол (отец меня Баба-яге зачем отдает? — молвит он).

Кенжекей:

— Нанбасаң, әкеңнен егеуіңді сұрап көрші? — дейді (если не веришь, у отца своего точно свое спросив посмотри/попробуй? — молвит; нану — верить).

Ертең ертемен тұрып, Төстік (завтрашним ранним утром = на следующий день, ранним утром встав, Тостик):

— Әкелші, әке (подай, пожалуйста, отец; әкелу — принести; привести)! Мына жақта киік жүр екен (на этой стороне сайгак ходит/водится оказывается), садағымның ұшын шығарайын деп едім (лука моего наконецник чтобы наточить; шығару — выводить, высовывать; шығарайын — давай высуну, высуну-ка я; шығарайын деп — чтобы высунуть), егеуімді берші, — дейді (точно мое дай, пожалуйста, — молвит).

Кенжекей:

— Әкең сені Бекторының жалмауызына беріп кеткен, сен менікі емессің, жалмауыздан біржола құтылып кел, — дейді.

— Әкем мені жалмауызға неге береді? — дейді ол.

Кенжекей:

— Нанбасаң, әкеңнен егеуінді сұрап көрші? — дейді.

Ертең ертемен тұрып, Төстік:

— Әкелші, әке! Мына жақта киік жүр екен, садағымның ұшын шығарайын деп едім, егеуімді берші, — дейді.

Ерназар сасыңқырап қалып (Ерназар бледнее становясь/побледнев; қалу — *остаться*), қорбандап (неуклюже), өп-өтірік кісесін қараған болады да (весьма притворно пояс /с карманами/ осмотрев было и; өтірік — *ложь; ложный; кісе — кожанный пояс /украшенный металлическими бляшками, с навешанными мешочками, кармашками для огнива, кремня и т. д./*): “Қап, әттеген-ай, қалып қойған екен (ой-ой-ой, осталось оказывается; қап! — *межд. /возглас, выражающий сожаление, порицание, угрозу/*: қап, сені ме — я тебе покажу!; вот я тебе!; әттеген-ай! — *межд. ах, как жаль!; досадно, что; увы! /выражает сожаление, досаду/*: әттеген-ай, кешігіп қалдық қой! — *эх жаль, что мы опоздали!*; -ай — *частица эмоционального усиления /жаль же, как же жаль/*). Түнеугі Сорқудықтың басында Құба інгенді іздеп барғанда (давеча у Соркудыка истока Кубу-верблюдицу ища когда пошел я = когда пошел искать; түнеу — *ночевать, проводить ночь; түнеугі — прежний, недавний*), бір талдың түбіне түсіп қалған екен ғой”, — дейді (у одного дерева основания = *возле одного дерева/под деревом* упав осталось оно оказывается ведь, — *молвит; зой — ведь, то, уж*). Сонымен, Төстік егеуін іздемек болады (итак, Тостик точило свое искать с намерением пребывает = собирается искать), егеуінің қалған жері бірнеше күндік алыс жол екен (его точила оставшееся место несколько дней далекий путь оказывается = *путь к месту, где осталось его точило, занимает несколько дней/*; күндік — *поденный: күндік жұмыс — поденная работа; на один день: күндік жер — расстояние в один день езды*). Ерназардың айтуымен

(Ерназара по наставлению; *айту — сказать; говорить; рассказывать*) Төстік егеуін іздеуге алты аяқты ала атты (Тостик точило свое найти чтобы, шестилетку пестрого/пегого коня), жеті аяқты жирен атты мінбек болады (семилетку рыжего коня оседлать намеревается; *міну — садиться /на коня/*).

Ерназар сасыңқырап қалып, қорбандап, өп-өтірік кісесін қараған болады да: “Қап, әттеген-ай, қалып қойған екен. Түнеугі Сорқұдықтың басында Құба інгенді іздеп барғанда, бір талдың түбіне түсіп қалған екен ғой”, — дейді. Сонымен, Төстік егеуін іздемек болады, егеуінің қалған жері неше күндік алыс жол екен. Ерназардың айтуымен Төстік егеуін іздеуге алты аяқты ала атты, жеті аяқты жирен атты мінбек болады.

Төстік жылқыдан алты аяқты ала атты мініп (Тостик из лошадей шестилетку пегого коня оседлав; *ат = жылқы — лошадь; конь*), жеті аяқты жирен атты жетегіне алып келе жатқанда (семилетку рыжего коня за повод взял во время движения/двигаясь когда), алдынан Кенжекей шығып, мынаны айтады (перед ним Кенжекей выйдя, следующее говорит):

Сорқұдықтың басына (у Соркудыка головы = истока)

Сорға бола қонды атам (к бедствию/неудаче будучи ночлег разбил свекр мой; *сор — соленое озеро; мука, бедствие, неудача; бола — из-за; қону — спуститься; опуститься на землю; /о птице/ сесть, приземлиться; остановиться на ночлег*).

Жалмауызға жалғызын (Бабе-яге единственного своего; *жалғыз — один; одинокий*)

Жанынан қорқып берді атам (за душу = за жизнь свою испугавшись отдал свекр мой).

Жүретұғын жолында (в предстоящем пройти пути твоём)  
Құлан өтпес шөлі бар (кулан /*дикое непарнокопытное животное рода лошадей/*  
не могущий пройти пустыня есть = такая, что кулан не может пройти, ...; *өту —*  
*проходить; переходить; шөл — пустыня, голая степь*),  
Оны да басып өтесің (ее также ступая пройдешь ты),  
Қыран өтпес кия бар (ястреб не могущий пройти косогор есть),  
Оны да басып өтесің (его также ступая пройдешь ты).  
Алты аяқты ала атың (шестилетка пегий конь твой)  
Қулық бие құлыны (резвой/молодой кобылицы жеребенком является),  
Табанына тас батса (его копытам камень/каменистая местность повязнет если =  
если его копыта увязнут...; *бату — погружаться; утонуть*),  
Мандайынан күн өтсе (через лоб его солнце будет проходить если),  
Алты күнге жарамас (на шесть дней он не подойдет = его не хватит; *жарау —*  
*подходить, соответствовать; быть к лицу; быть годным*).  
Жеті аяқты жиренің (семилетка рыжий твой)  
Табанына тас батса (его копытам камень/каменистая местность повязнет если),  
Мандайынан күн өтсе (через лоб его солнце будет проходить если),  
Жеті күнге жарамас (на семь дней он не подойдет/его не хватит).  
Сан жорғаны алмадым (/несметное/ число скакунов не взяла; *сан — число;*  
*количество*).  
Ер аты деп таңдадым (батыра коня выбрала).  
Айыл-тұрманы, әбзелін (подпругу, упряжь его)  
Төстік, саған арнадым (Тостик, для тебя предназначила; *арнау —*  
*предназначать; посвящать*).  
Жабы емес, қазақы ат (простым/непородистым не являющийся, казахский конь;  
*жабы — одна из казахских простых пород лошадей; непородистая лошадь*),  
Ер серігі қолғанат — (батыра спутник подручный; *серік — спутник; қолғанат*  
*— помощник, тот, кто начал помогать родителям /букв. рука-крыло/*)

Шалқұйрықты мін, Төстік (Шалқуйрыка седлай, Тостик)!

Сан жасауын алмадым (/несметное/ число приданого не взяла),

Саған бола таңдадым (тебе под стать выбрала я; таңдау — выбирать, избирать),

Ақсырмалдай сауытты (белостеганую кольчугу)

Осы жолға ки, Төстік! — деп зарлайды (в этот путь надень, Тостик! — горько плачет/причитает; зарлау — рыдать; горько плакать /с причитанием/).

Төстік жылқыдан алты аяқты ала атты мініп, жеті аяқты жирен атты жетегіне алып келе жатқанда, алдынан Кенжекей шығып, мынаны айтады:

Сорқудықтың басына

Сорға бола қонды атам.

Жалмауызға жалғызын

Жанынан қорқып берді атам.

Жүретұғын жолында

Құлан өтпес шөлі бар,

Оны да басып өтесің,

Қыран өтпес қия бар,

Оны да басып өтесің.

Алты аяқты ала атың

Құлық бие құлыны,

Табанына тас батса,

Маңдайынан күн өтсе,

Алты күнге жарамас.

Жеті аяқты жиренің

Табанына тас батса,

Маңдайынан күн өтсе,

Жеті күнге жарамас.

Сан жорғаны алмадым.  
Ер аты деп таңдадым.  
Айыл-тұрманы, әбзелін  
Төстік, саған арнадым.  
Жабы емес, қазақы ат,  
Ер серігі қолғанат —  
Шалқұйрықты мін, Төстік!  
Сан жасауын алмадым,  
Саған бола таңдадым,  
Ақсырмалдай сауытты  
Осы жолға ки, Төстік! — деп зарлайды.

Төстік Кенжекейдің тілін алып (Тостик Кенежекей язык взял = сказанному вняв), Шалқұйрық атты мінетін болады (коня седлать с намерением пребывает = решает). Жылқыдан Шалқұйрықты ұстап әкелуге кісі жіберсе (из лошадей Шалкуйрыка поймав привести чтобы человека отправляет если = при отправке), барған кісіге Шалқұйрық ат ұстатпайды (пошедшему человеку Шалкуйрык конь не дается быть пойманным; ұстау/ұстамау/ұстату/ұстатпау — ловить/не ловить/даваться быть пойманным/не даваться быть пойманным). Алдына келгенін тістеп (спереди пришедшего кусая; тістеу — кусать), артына келгенін теуіп (сзади подошедшего пиная/лягая; тебу — /о лошади/ лягать), маңайына жан жуытпайды (в окрестности свои душу = никого не пускает).

Шалқұйрықты ұстауға Төстіктің өзі келеді (Шалкуйрыка поймать чтобы, Тостик сам приходит/идет). Шалқұйрық Төстіктен қашпайды (Шалкуйрык от Тостика не убегает; қашу — убегать). Қолын созса (руку свою протянет если = при протягивании руки; созу — протягивать; растягивать), тырп етпей тұрып (шевеления/движения не делая стоя), жүгенге басын өзі ұсынады (в уздечку голову свою сам предлагает).

Төстік жүрерде (*Тостик при отправлении*), Кенжекей Құба інгенге бура шөгереді (*Кенжекей с Кубой-верблюдицей верблюда случает; бура — верблюдо-производитель; шөгеру — /о верблюде/ заставит ложиться; опуститься на колени*): “Не Төстік өлді деген күні ботала, не Төстік келді деген күні ботала шешіл”, — деп серт қылады (*или Тостик умер сказанным днем верблюжонка роди, или Тостик пришел/вернулся сказанным днем верблюжонка роди, — клятву делает = дает; бота/боталау — верблюжонок/родит верблюжонка*). Өзі белін он екі құлаш торғын орамалмен тартады (*сама талию свою в двенадцать обхватов шелковым платком обтягивает; орамал — платок: жібек орамал — шелковый платок*). “Не Төстік өлді деген күні, не Төстік келді деген күні шешіл”, — деп серт қылады (*или Тостик умер сказанным днем, или Тостик пришел/вернулся сказанным днем снимись/разрешись, — клятву делает = дает*).

Төстік Кенжекейдің тілін алып, Шалқұйрық атты мінетін болады. Жылқыдан Шалқұйрықты ұстап әкелуге кісі жіберсе, барған кісіге Шалқұйрық ат ұстатпайды. Алдына келгенін тістеп, артына келгенін теуіп, маңайына жан жуытпайды. Шалқұйрықты ұстауға Төстіктің өзі келеді. Шалқұйрық Төстіктен қашпайды. Қолын созса, тырп етпей тұрып, жүгенге басын өзі ұсынады. Төстік жүрерде, Кенжекей Құба інгенге бура шөгереді: “Не Төстік өлді деген күні ботала, не Төстік келді деген күні ботала шешіл”, — деп серт қылады. Өзі белін он екі құлаш торғын орамалмен тартады. “Не Төстік өлді деген күні, не Төстік келді деген күні шешіл”, — деп серт қылады.

Төстік жолға шығады (*Тостик в путь выходит*). Төстік ауылынан ұзап шыққан соң (*Тостик от своего аула удалившись вышедши как только*), Шалқұйрық атқа тіл бітеді (*Шалкуйрык коню язык заканчивается = речь прорезывается*):

— Төстік батыр, енді екеуміздің жанымыз бір (Тостик батыр/богатырь, теперь у нас обоих наша душа едина), қандай пәле болса да (какая беда случись если), бірдей көреміз (одинаково видеть будем). Менің мына айтқан сөздерім есінде болсын (мои эти сказанные слова в памяти твоей пусть будут). Егеуіңнің қасында жалмауыз кемпір сені күтіп отыр (точила твоего подле прожорливая старуха тебя ожидая сидит), сен егеуіңді ала бергенде, ұстап алмақ (ты точило свое когда брать будешь, поймав взять с намерением/собираясь она). Егеуге жақындаған кезде (к точилу приблизившись в момент) кемпірді алдайтын бір ақыл тап (старуху обмануть способное разумное решение/трюк найди; *ақыл — ум; разум; рассудок*). Кемпір алдана бергенде (старуха обманутой будет когда; *алдану — обманываться, заблуждаться; быть обманутым; алдау — обманывать*), мен бетегеден биік (я ковыля выше; *бетеге — ковыль*), жусаннан аласа бола берейін (попыни ниже стану пусть = позволь мне стать; *жусан — полынь*), сол кезде сен егеуді іліп ал да жөнел (в этот момент ты точило подцепив возьми/ухвати и отправляйся = беги; *ілу — вешать; повесить; зацепить, подцепить; жөнелу — тронуться, отправиться в путь, уйти, уехать*), артыңа қараушы болма, — дейді (назад себя смотрящим не будь = не смотри назад, — молвит).

Төстік жолға шығады. Төстік ауылынан ұзап шыққан соң, Шалқұйрық атқа тіл бітеді.

— Төстік батыр, енді екеуміздің жанымыз бір, қандай пәле болса да, бірдей көреміз. Менің мына айтқан сөздерім есінде болсын. Егеуіңнің қасында жалмауыз кемпір сені күтіп отыр, сен егеуіңді ала бергенде, ұстап алмақ. Егеуге жақындаған кезде кемпірді алдайтын бір ақыл тап. Кемпір алдана бергенде, мен бетегеден биік, жусаннан аласа бола берейін, сол кезде сен егеуді іліп ал да жөнел, артыңа қараушы болма, — дейді.

Көп уақыт жол жүргеннен кейін (много времени путь прохождения после), Төстік егеу жатқан жерге келеді (Тостик к точила расположенному месту приходит = к месту, где лежит точило). Келсе, егеудің қасында кемпір отыр (когда пришел, точила возле старуха сидит). Ер Төстік жақындай түсіп (Ер Тостик приближаясь спустившись/подойдя): “Шеше, шеше, артындағы қыздардың бәрі өзіндікі ме?” — дейді (матушка, матушка, позади вас девушек все ваши ли = все эти девушки ваши? — молвит). Сонда кемпір артына жалт карайды (тогда старуха назад резко смотрит/оборачивается; *жалт — подр. /слово выражающее быстрое движение, моментальное действие/: жалт беру — моментально скрыться; броситься в сторону, шарахнуться: ат үркіп жалт берді — лошадь, испугавшись, шарахнулась в сторону*). Сол мезгілде Шалқұйрық бетегеден биік (в этот момент Шалкуйрык ковыля выше), жусаннан аласа бола береді (полыни ниже становится). Төстік те егеуді іліп алып жөнеледі (Тостик также точило свое ухватив, отправляется).

Сонда кемпір (тогда старуха): “Сен бе едің, Төстік, алдаған (ты ли был, Тостик, обманувший; *алдау — обманывать*)? Сені ме, Төстік, қап, бәлем (тебя ли, Тостик, черт, несчастье мое; *қап — межд. возглас, выражающий сожаление, порицание, угрозу*)!” — деп, тамағы қырылдап (молвив, горло ее захрипел; *қырылдау — хрипеть; хрипло говорить*), өкпесі сырылдап (легкие ее, засвистев; *өкпе — легкие*), қатты сасып (сильно завоняв; *сасу — испускать зловоние, смердеть; дурно пахнуть*), етегін басып, Төстікті қуа жөнеледі (на подол свой наступив, Тостика догонять отправляется/принимается; *етек — подол; пола: қөйлектің етегі — подол платья*).

Көп уақыт жол жүргеннен кейін, Төстік егеу жатқан жерге келеді. Келсе, егеудің қасында кемпір отыр. Ер Төстік жақындай түсіп: “Шеше, шеше артындағы қыздардың бәрі өзіндікі ме?” — дейді. Сонда кемпір артына жалт

карайды. Сол мезгілде Шалқұйрық бетегеден биік, жусаннан аласа бола береді. Төстік те егеуді іліп алып жөнеледі.

Сонда кемпір: “Сен бе едің, Төстік, алдаған? Сені ме, Төстік, қап, бәлем!” — деп, тамағы қырылдап, өкпесі сырылдап, қатты сасып, етегін басып, Төстікті қуа жөнеледі.

Төстік қашып келеді (*Тостик убегает*). Кемпір қуып келеді (*старуха преследует*). Бір мезгілде тау қаңбақтай ұшады (*в один момент гора перекасти-полю подобно взлетает; қаңбақ — перекасти-поле*), тас бұршақтай жауады (*камни гороху/граду подобно падают; бұршақ — град; горох*). Шалқұйрықтың құйрығына қазандай тас орала кетеді (*на Шалкуйрыка хвост казану подобный камень возвращаясь идет = направляется; құйрық — хвост; оралу — запутаться /о веревке/; возвращаться*). Шалқұйрықтың шапқан салмағына шыдамай (*Шалкуйрыка помчавшийся вес не вытерпев; шабу — рубить; скакать; произвести набег, налет; салмақ — вес; тяжесть; шыдау — терпеть, переносить*), қара жер қак айырылады (*черная земля надвое разделяется*). Шалқұйрық пен Ер Төстік жер астына түсіп кетеді (*Шалкуйрык и Ер Тостик в земли под землю падая уходят = проваливаются*).

Төстік қашып келеді. Кемпір қуып келеді. Бір мезгілде тау қаңбақтай ұшады, тас бұршақтай жауады. Шалқұйрықтың құйрығына қазандай тас орала кетеді. Шалқұйрықтың шапқан салмағына шыдамай, қара жер қак айырылады. Шалқұйрық пен Ер Төстік жер астына түсіп кетеді.

Сол кезде Шалқұйрыққа тіл бітіп (в этот момент Шалқуйрыку речь прорезавшись):

— Біз енді жер астына түстік (мы теперь под землю опустились), бізге бұдан былай жер астының елі жолығады (нам с этих пор/теперь подземное царство/поселение повстречается; *былай — так, этак, бұдан былай — после этого; в дальнейшем; жолығу — встречаться; видеться, повидаться*). Біраз жүрген соң (значительное расстояние пройдем после того как) жылан Бапы ханның ордасына келгенімізде (в змеи Бапы-хана ставку = *в ставку змеиного Бапы-хана во время прихода нашего; орда — центр; очаг; ханская ставка*), мені алысқа қалдырып, өзің ордаға кіресің (меня в дали оставив, сам в орду/ставку войдешь; *алысқа — вдаль, далеко*). Ордаға кіргенінде, есінде болсын (в орду/ставку при вхождении твоём, в памяти твоей = *в сознании твоём пусть будет*): екі босағадан, екі қара шұбар жылан ысылдап тұра келеді (с двух /дверных/ косяков две черные = *ужасные* рябые змеи шипя приползут: «стоя придут»); *босаға — боковая стойка дверной рамы; шұбар — /о масти животных/ чубарый, пятнистый; рябой*), олардан сескенуші болма (от них испугавшимся не будь = не смей пугаться), олар — жылан Бапы ханның есігін күзеткен құлдары (они — змеи = *змеиного Бапы-хана дверь сторожащие слуги; есік — дверь; күзету — караулить; сторожить; охранять*). Төр алдына бара бергеніңде (к почетному месту при направлении; *төр алдына — к почетного места фасаду, бара бергеніңде — когда будешь идти/направляться*), екі сұр жылан ысылдап келеді де (две серые змеи шипя придут = *приползут и*), екеуі де жеңіңнен кіреді (обе же через твой рукав войдут), қойныңнан шығады (из пазухи твоей выйдут), қойныңнан кіреді (через пазуху твою войдут), қонышыңнан шығады (из голенища твоего выйдут). Бұлар — жылан Бапы ханның ұлы мен қызы болады (эти змеиного Бапы-хана сын и дочь будут).

Сол кезде Шалқұйрыққа тіл бітіп:

— Біз енді жер астына түстік, бізге бұдан былай жер астының елі жолығады. Біраз жүрген соң жылан Бапы ханның ордасына келгенімізде, мені алысқа қалдырып, өзің ордаға кіресің. Ордаға кіргенінде, есінде болсын: екі босағадан, екі қара шұбар жылан ысылдап тұра келеді, олардан сескенуші болма, олар — жылан Бапы ханның есігін күзеткен құлдары. Төр алдына бара бергенінде, екі сұр жылан ысылдап келеді де, екеуі де жеңіңнен кіреді, қойныңнан шығады, қойныңнан кіреді, қонышыңнан шығады. Бұлар — жылан Бапы ханның ұлы мен қызы болады.

Төрге отыра бергенінде (на почетное место когда будешь садиться), дәу екі сары жылан ысылдап тұра келеді (огромные две желтые змеи шипя выползут/появятся; дәу — великан, гигант; ысылдау — /о змее/ шипеть), одан да сескенбе (их: «от них» также не страшись; сескену — опасаться; страшиться; испугаться; вздрогнуть). Бұлар — жылан Бапы ханның өзі мен әйелі (эти — змеиный Бапы-хан сам и жена его). Егер де бұлардан сескенсең (если же их испугаешься), сені Ер Төстік демейді (тебя Ер Тостиком не назовут), жер астының еліне қадіріміз болмайды (подземному царству уважения/почета нашего не будет = в подземном царстве нас не уважают; ел — страна; қадір — уважение; достоинство; почет), жер үстіне жол тауып шыға алмай қаламыз,— дейді (земли навверх путь найдя выйти не сумев, останемся, — говорит; табу — находить).

Төрге отыра бергенінде, дәу екі сары жылан ысылдап тұра келеді, одан да сескенбе. Бұлар — жылан Бапы ханның өзі мен әйелі. Егер де бұлардан сескенсең, сені Ер Төстік демейді, жер астының еліне қадіріміз болмайды, жер үстіне жол тауып шыға алмай қаламыз,— дейді.

Біраз жер жүрген соң (значительно земли пройдя после), Шалқұйрық айтқандай (Шалқуйрык как и сказал), жылан Бапы ханның ордасы көрінеді (змеиною Бапы-хана орда видится/появляется). Төстік Шалқұйрықты анадай жерге қалдырып (Тостик Шалқуйрыка на такое место = на условленном месте оставив), сәлем беріп (привет дав = поздоровавшись), үйге кіреді (в дом входит). Екі босағадағы екі қара шұбар жылан ысылдап тұра келеді (на двух косяках /расположившиеся/ две страшные рябые змеи шипя, встав приходят). Төстік одан сескенбейді (Тостик их не страшится). Төр алдына бара бергенде (к почетному месту при продвижении), екі сұр жылан ысылдап келіп (две серые змеи шипя придя), Төстіктің жеңінен кіріп (Тостика через рукав войдя), қойнынан шығады (из пазухи его выходят; қойын — пазуха), қойнынан кіріп (через пазуху его войдя), қонышынан шығады (из голенища его выходят; қоныш — голенище). Төстік олардан да сескенбейді (Тостик их также не страшится), төрге шығып отыра береді (на почетное место взойдя/поднявшись садится).

Біраз жер жүрген соң, Шалқұйрық айтқандай, жылан Бапы ханның ордасы көрінеді. Төстік Шалқұйрықты анадай жерге қалдырып, сәлем беріп, үйге кіреді. Екі босағадағы екі қара шұбар жылан ысылдап тұра келеді. Төстік одан сескенбейді. Төр алдына бара бергенде, екі сұр жылан ысылдап келіп, Төстіктің жеңінен кіріп, қойнынан шығады, қойнынан кіріп, қонышынан шығады. Төстік олардан да сескенбейді, төрге шығып отыра береді.

Бір мезгілде төсектегі екі сары жыланның бірі үлкен кісі болады да (в один момент на перине /восседавших/ двух желтых змей одна большим/в преклонном

возрасте человеком становится и; *төсек — постель; перина*), бірі соның бәйбішесі болады (*одна/другая того старшей женой становится*).

— Жақсы келдің, Ер Төстік (*хорошо что пришел ты, Ер Тостик*)! Жер астындағы ел де сені ренжітпейді, — дейді (*подземное ханство также тебя не огорчит/обидит, — молвит; ренжіту — обидеть; огорчить; ренжу — обижаться; огорчатся*).

Сұр жыланның бірі жігіт (*серых змей одна джигитом/парнем*), бірі әдемі қыз болып кетеді (*одна прекрасной девушкой став походит/превращается*). Олар да (*они также*):

— Жер үстінің Ер Төстігі, жер астына жақсы келдіңіз (*земли поверхности Ер Тостик, под землю хорошо что вы пришли*). Жер астының алыптары, өнерпаздары сенің шылауыңда болады, — дейді (*подземные великаны, мастера в твоём подчинении будут, — молвит; алып — великан, исполин; өнерпаз — искусный, умелый; умелец, искусник; шылау — уздцы, поводья: біреудің шылауыңда болу — быть на поводу; подчиняться влиянию*).

Босағадағы екі қара шұбар жылан екі құл болып кетеді (*у порога расположившиеся две страшные рябые змеи двумя слугами становятся; босаға — боковая стойка дверной рамы; место около двери; порог*). Төстіктің алдына келіп (*Тостика впереди подойдя = пред Тостиком встав*), қол қусырып тұрады (*руки сжав = скрестив встают; қусыру — скручивать; сжимать*).

Бір мезгілде төсектегі екі сары жыланның бірі үлкен кісі болады да, бірі соның бәйбішесі болады.

— Жақсы келдің, Ер Төстік! Жер астындағы ел де сені ренжітпейді, — дейді.

Сұр жыланның бірі жігіт, бірі әдемі қыз болып кетеді. Олар да:

— Жер үстінің Ер Төстігі, жер астына жақсы келдіңіз. Жер астының алыптары, өнерпаздары сенің шылауыңда болады, — дейді.

Босағадағы екі қара шұбар жылан екі құл болып кетеді. Төстіктің алдына келіп, қол қусырып тұрады.

Төстік жылан Бапы ханның елінде ұзақ уақыт тұрады (*Гостик змеиноного Бапы-хана в стране долгое время пребывает*). Жылан Бапы ханның Темір хан деген ара ханы бар екен (*змеиноного Бапы-хана Темир-хан /Железный хан/ по имени поблизости хан есть оказывается*). Темір ханның қызын жылан Бапы хан сұрап (*Темир-хана дочь змеиный Бапы-хан прося*), неше рет кісі жіберсе де (*сколько раз людей направляет если даже; кісі — человек*), Темір хан қызын бермей қойған екен (*Темир-хан дочь свою не давая оставлял оказывается*). Жылан Бапы хан Төстікті соған жұмсайды (*змеиный Бапы-хан Тостика на это использует = это ему поручает; жұмсау — послать за чем-нибудь, поручить что-либо сделать*). Темір ханның қызын әкеліп берсе (*Темир-хана дочь приведя отдаст если*), Төстікке өз қызын беретін болып уәде қылады (*Тостикку свою дочь отдать с намерением будучи обещание делает/дает = обещает, что собирается отдать; беру — давать, выдавать*). Төстік жылан Бапы ханға Темір қызын әкеп бермек болып жолға шығады (*Гостик зметному Бапы-хану Темира дочь приведя отдать с намерением будучи = собираясь отдать, в путь отправляется*).

Төстік жылан Бапы ханның елінде ұзақ уақыт тұрады. Жылан Бапы ханның Темір хан деген ара ханы бар екен. Темір ханның қызын жылан Бапы хан сұрап, неше рет кісі жіберсе де, Темір хан қызын бермей қойған екен. Жылан Бапы хан Төстікті соған жұмсайды. Темір ханның қызын әкеліп берсе, Төстікке өз қызын беретін болып уәде қылады Төстік жылан Бапы ханға Темір қызын әкеп бермек болып жолға шығады.

Темір ханның елі жеті айлық жер екен (Темира-хана страна в семь месяцев землей является/оказывается; *айлық — месячный*). Төстік елсізбен келе жатса (Тостик незаселенной тропой при прохождении/когда проходил; *елсіз — ненаселенный; необжитый: елсіз жер — необжитая местность*), алдынан бір адам көрінеді (впереди него один человек видится/показывается). “Бұл не қылған адам?” — деп абайласа (это что сделавший/что за человек? — молвив насторожившись если = когда насторожился; *абайлау — быть осторожным, осмотрительным; остерегаться: сен абайла! — ты смотри, будь осторожен!*), әлгі адам ағаштың басында отырған екі сауысқанның құйрығын білдірмей жұлып алады да (тот человек на дерева верхушке сидевших двух сорок хвосты тайком вырвав: «выдернув берет» и; *сауысқан — сорока; білдірмей — исподтишка, потихоньку, тайком, украдкой; білдіру — дать знать, сообщить; жұлу — рвать; жұлып алу — вырвать*), білдірмеген бойымен бірінің құйрығын біріне қондырып қояды (тайным образом одной хвост другой насадив оставляет = меняет у сорок хвосты).

Темір ханның елі жеті айлық жер екен. Төстік елсізбен келе жатса, алдынан бір адам көрінеді. “Бұл не қылған адам?” — деп абайласа, әлгі адам ағаштың басында отырған екі сауысқанның құйрығын білдірмей жұлып алады да, білдірмеген бойымен бірінің құйрығын біріне қондырып қояды.

— О, неғып жүрген жансың (эй, что делая ходящей душой являешься ты = что ты за человек; *неғып — сокращение от «не қылып» — что делая; жүру — ходить, идти; находится, пребывать в состоянии*)? — деп Төстік қасына жетіп келеді (молвив Тостик близости его достигнув подходит = приближается; *жету — догнать; достигнуть; дойти, добраться, доехать*).

— Жердің үстіндегі Төстік жердің астына түсті дегенге (наземный Тостик под землю спустился молве = услышав молву что...; *жердің үстіндегі — земли на поверхности /находящийся/; жердің астына — земли вниз/в подземелье*), соған жолдас болайын деп (ему попутчиком/товарищем стать с намерением мол; *болу/болайын — быть/стать с намерением чего-либо; болайын деп — чтобы стать*), жолын тосып жүрген адам едім (пути его = его прихода ожидающим человеком являюсь я; *тосу — ждать, ожидать*), — дейді әлгі кісі (молвит тот человек).

— Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді (Тостику товарищем быть чтобы, какое ремесло твое имеется было = что умеешь делать; *бар — есть/имеется; өнер — искусство; ремесло*)? — дейді Төстік (молвит Тостик).

— Алғанда адамға сездірмейтін асқан епті едім (при изъятии человеку не дающий ошутить превосходным ловкачом являюсь я; *сезу/сезбеу/сездіру/сездірмеу/сездірмейтін — чувствовать/не чувствовать/давать почувствовать/не давать почувствовать/не дающий почувствовать*). Жан-жануарлардың сағы сауысқан болса (животных наосторожнейшей сорока является если; *жануар — животное*), құйрықтарын ұрлап алып (хвосты их похитив взяв; *ұрлау — воровать; похитить*), бірінің құйрығын біріне кигізгенімді сезбей қалады (одной хвост другой то что надел я, не почувствуют: «не почувствовав останутся» они; *кию/кимеу/кигізу/кигізбеу/кигізген/кигізгенім/кигізгенімді — надевать/не надевать/надевать кому-то/не давать надеть кому-либо/надетый на кого-либо/то что я надел на кого-либо — им. п./то что я надел на кого-либо /вин. п./*), — дейді кісі (молвит человек).

— О, неғып жүрген жансың? — деп Төстік қасына жетіп келеді.

— Жердің үстіндегі Төстік жердің астына түсті дегенге, соған жолдас болайын деп, жолын тосып жүрген адам едім, — дейді әлгі кісі.

— Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? — дейді Төстік.

— Алғанда адамға сездірмейтін асқан епті едім. Жан-жануарлардың сағы сауысқан болса, құйрықтарын ұрлап алып, бірінің құйрығын біріне кигізгенімді сезбей қалады, — дейді кісі.

— Жарайды (подходит/хорошо; жарау — подходит, соответствовать; быть к лицу; быть годным). Ендеше, сол іздеген Төстігің мен боламын (в таком случае, тем искомым Тостиком твоим я буду), — дейді Төстік (молвит Тостик). Екеуі жүріп келеді (оба идут). Тағы елсізбен келе жатса (снова незаселенной тропой двигаясь), жолдарында бір адам көрінеді (на пути их один человек видится). “Неғып жүрген адам (что ты за человек)?” — деп, байқаса (молвив, замечают если; байқау — следит, наблюдать; замечать), киіктерді матап жүрген адам екен (сайгаков связывая ходящий человек оказывается; киік — сайгак; матау — привязывать; связывать). Екі аяғына байлап жүрген қазандай қара тасы бар (на обе ноги свои завязывая двигающийся казану подобные черные камни есть). Сол тастарымен жүріп (с теми камнями двигаясь), қашқан киіктерді құтқармайды (убегающих сайгаков не спасает = не щадит он; құтқару — спасать, избавлять).

— Жарайды. Ендеше, сол іздеген Төстігің мен боламын, — дейді Төстік.

Екеуі жүріп келеді. Тағы елсізбен келе жатса, жолдарында бір адам көрінеді. “Неғып жүрген адам?” — деп, байқаса, киіктерді матап жүрген адам екен. Екі аяғына байлап жүрген қазандай қара тасы бар. Сол тастарымен жүріп, қашқан киіктерді құтқармайды.

— О, неғып жүрген адамсың (эй, что ты за человек)? — деп екеуі қасына жетіп келеді (молвив, оба близости его достигая подходят/приближаются).

— Жердің үстіндегі Төстік жердің астына түсті деп естіп (то, что наземный Тостик в Подземелье спустился прослышав), соған жолдас болайын деп (ему спутником стать чтобы; *болайын — давай я стуну, стану-ка я; болайын деп — чтобы стать*), жолын тосып жүрген адаммын (пути его = *его прихода ожидающим человеком являюсь*), — дейді кісі (молвит человек).

— Жолдас боларлықтай қандай өнерің бар адамсың (спутником быть чтобы, каким искусством обладающим человеком являешься ты)? — дейді Төстік (молвит Тостик).

— Мен аяғыма шаң жұқпас жүйрікпін (я к ногам моим /что даже/ пыль не прилипнет, /настолько/ быстрым являюсь; *жүйрік — быстрый, скорый*), ұшқан құс (летающей птице), жүгірген аңның (бегущему зверю) менен құтылатыны жоқ (от меня избавления/спасения нет). Киіктерді қуғанда (сайгаков когда преследую; *куу — гнать; преследовать*), өз екпініммен ағып өтіп (собственным темпом опережая: «перетекая проходя»; *екпін — порыв, пыл; темп; ағу — течь, протекать; өту — проходить; переходить*), киікті ұстай алмайтын болған соң (сайгаков поймать не способным являясь поскольку) аяғыма қазандай қара тас байлап алып қуамын (на ноги свои казану подобные черные/большие камни привязав преследую; *байлап алу — привязать, где «алу» придает значение завершенности действия*), сонда екпінім басылыңқырап (тогда темп мой снизившись; *басыңқырау — понижать*), киіктерден ағып өтіп кетпей (сайгаков не опережая; *ағып өту — перетечь, ағып өтіп кету — утечь*), дәл жетіп ұстаймын (точно достигая ловлю; *дәл — как раз, точно, точь-в-точь*). Желаяқ деген жүйрікпін (скороходом названным = *которого называют бегуном являюсь я; желаяқ — ветряные ноги*), — дейді кісі (молвит человек).

— Жарайды. Ендеше сол іздеген Төстігің мен боламын, — дейді Төстік.

— О, неғып жүрген адамсың? — деп екеуі қасына жетіп келеді.

— Жердің үстіндегі Төстік жердің астына түсті деп естіп, соған жолдас болайын деп, жолын тосып жүрген адаммын, — дейді кісі.

— Жолдас боларлықтай қандай өнерің бар адамсың? — дейді Төстік.

— Мен аяғыма шаң жұқпас жүйрікпін, ұшқан құс, жүгірген аңның менен құтылатыны жоқ. Киіктерді қуғанда, өз екпініммен ағып өтіп, киікті ұстай алмайтын болған соң аяғыма қазандай қара тас байлап алып қуамын, сонда екпінім басылыңқырап, киіктерден ағып өтіп кетпей, дәл жетіп ұстаймын. Желаяқ деген жүйрікпін, — дейді кісі.

— Жарайды. Ендеше сол іздеген Төстігің мен боламын, — дейді Төстік.

Сөйтіп, үшеу болып жүріп келеді (таким образом, трое став/будучи идут). Бұлар келе жатса (эти идут если = когда), бірталай күннен кейін (значительно дней спустя; бірталай — значительно, изрядно) елсізде тағы бір адам көрінеді (на пустынной тропе еще один человек видится/показывается; тағы — дикий: тағы адам — дикарь, тағы аңдар — дикие звери; нелюдимый; безлюдный). “Не қылған адам екен (что сделавшим человеком является/оказывается он)?” — деп байқаса (молвив если заметят = когда заметили; байқау — следить; наблюдать; замечать), әлгі кісі біресе жерге оң құлағын төсейді (тот человек то к земле правое ухо свое стелит = прикладывает), біресе сол құлағын төсейді (то левое ухо свое стелит), жер астынан бір нәрсе тыңдаған сияқты болады (земли снизу одну вещь/что-то слышащим подобно является; тыңдау — слушать; подслушивать; сияқты — подобный; наподобие; будто).

— О, неғып жүрген адамсың (эй, что ты за человек)? — деп, үшеуі қасына жетіп келеді (молвив, трое к близости его достигая идут = к нему приближаются).

— Жердің үстіндегі Ер Төстік жердің астына түсті дегенге (наземный Ер Төстик в Подземелье спустился /по/ молве = прослышав), соның жолдасы болайын деп (его спутником стать чтобы), жолын тосып жүрген адаммын (дорогу его ожидая ходящим человеком являюсь я; тосу — ждать), — дейді кісі (молвит человек).

— Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді (*Тостику спутником быть чтобы, каким искусством обладаешь ты*)? — дейді Төстік (*молвит Тостик*).

— Жер астының атақты тыңшысымын (*Подземелья выдающимся/известным разведчиком/шпионом являюсь; жер — земля; асты — низ, нижняя часть; атақты — прославленный, знаменитый; атақ — слава, известность: жақсы атақ — доброе имя; тыңшы — подслушивающий; лазутчик*). Қандай жасырын әңгіме болса да тындап біліп аламын (*какой спрятанный = тайный разговор имеется если, и слушая узнаю; жасыру — прятать, скрывать, утаивать: жасырып қою — спрятать*), менде жасырын сыр болмайды (*у меня = от меня спрятанных секретов не бывает*). Алыстағыны (*то что вдали; алыстағы — находящийся далеко; алыста — вдали; алыс — дальний, далекий; далеко*), жақындағыны (*то что вблизи; жақын — близкий; близко*) түгел есітетін (*полностью слышащим*) Саққұлақ деген ер боламын, — дейді (*Осторожным ухом/Чутким ухом названным батыром буду, — молвит*).

— Жарайды (*хорошо*). Ендеше сол іздеген Төстігің мен боламын (*в таком случае тем искомым Тостиком твоим я буду; іздеу — искать*), — дейді Төстік (*молвит Тостик*).

Сөйтіп, үшеу болып жүріп келеді. Бұлар келе жатса, бірталай күннен кейін елсізде тағы бір адам көрінеді. “Не қылған адам екен?” — деп байқаса, әлгі кісі біресе жерге оң құлағын төсейді, біресе сол құлағын төсейді, жер астынан бір нәрсе тыңдаған сияқты болады.

— О, неғып жүрген адамсың? — деп, үшеуі қасына жетіп келеді.

— Жердің үстіндегі Ер Төстік жердің астына түсті дегенге, соның жолдасы болайын деп, жолын тосып жүрген адаммын, — дейді кісі.

— Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? — дейді Төстік.

— Жер астының атақты тыңшысымын. Қандай жасырын әңгіме болса да тыңдап біліп аламын, менде жасырын сыр болмайды. Алыстағыны, жақындағыны түгел есітетін Саққұлақ деген ер боламын, — дейді.

— Жарайды. Ендеше сол іздеген Төстігің мен боламын, — дейді Төстік.

Сөйтіп, төртеу болып жүріп кетеді (таким образом, четверо став/будучи идут). Бұлар елсіз түзде келе жатса (эти безлюдной степью идут если = когда; *түз — степь*), алыста бір тау көрінеді (вдали одна гора виднеется = показывается), ол таудың үстіне тағы бір тау шыққандай болады (той горы наверху еще одна гора вышедшей подобно есть = как будто еще одна гора вылезла; *шығу — выйти; взбираться*). Жақындап келіп қараса (приблизившись придя = подойдя, смотрят если = когда), бір адам тауды олай да көтеріп қояды (один человек гору и так подняв ставит; *көтеру — поднять, повысить*), бұлай да көтеріп қояды (и сяк подняв ставит). Бір тауды көтеріп, бір таудың үстіне қояды (одну гору подняв, одной/другой горы поверх кладет).

— О, неғып жүрген адамсың (эй, что ты за человек)? — деп, Төстік қасына жетіп келеді (молвив, Тостик близости его достигаая идет = подходит).

— Жер үстіндегі Төстік жердің астына түсті дегенге соған жолдас болайын деп (наземный Тостик в Подземелье спустился /по/ молве ему спутником стать чтобы), жолын тосып жүрген адаммын, — дейді кісі (пути его = его прихода ожидающим человеком являюсь я, — молвит человек).

— Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді (Тостику путником быть чтобы, какое искусство у тебя имеется)? — дейді Төстік (молвит Тостик).

— Жұрттан асқан алыппын (людей превзошедшим гигантом являюсь я; *жұрт — место стоянки аула; общественность, публика; асу — перевалить; пройти, проехать; превзойти; добиться первенства; алып — гигант; великан*). Жердің үстінде де (земли поверху и), астында да маған шақ келетін адам жоқ (снизу и мне впору подходящего человека нет; *шақ — соответствующий, подходящий*

*впору*), қайратым ішіме сыймаған соң (сила моя внутрь меня не помещается поскольку; *қайрат* — сила, мощь; *сыю* — вмещаться, уместиться), тауларды көтеріп ермек қыламын (горы поднимая забаву/развлечение делаю я). Таусоғар деген ермін (Гороукладчиком названный батыр я; *соғу* — бить, ударять; *строить*; *класть /глинобитную стену/*), — дейді кісі (молвит человек).

— Жарайды (хорошо). Издеген Төстігің мен боламын (искомым Тостиком твоим я являюсь), — дейді Төстік (молвит Тостик).

Сөйтіп, төртеу болып жүріп кетеді. Бұлар елсіз түзде келе жатса, алыста бір тау көрінеді, ол таудың үстіне тағы бір тау шыққандай болады. Жақындап келіп қараса, бір адам тауды олай да көтеріп қояды, бұлай да көтеріп қояды. Бір тауды көтеріп, бір таудың үстіне қояды.

— О, неғып жүрген адамсың? — деп, Төстік қасына жетіп келеді.

— Жер үстіндегі Төстік жердің астына түсті дегенге соған жолдас болайын деп, жолын тосып жүрген адаммын, — дейді кісі.

— Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? — дейді Төстік.

— Жұрттан асқан алыппын. Жердің үстінде де, астында да маған шақ келетін адам жоқ, қайратым ішіме сыймаған соң, тауларды көтеріп ермек қыламын. Таусоғар деген ермін, — дейді кісі.

— Жарайды. Издеген Төстігің мен боламын, — дейді Төстік.

Бесеу болып жүріп кетеді (*пятеро став/будучи идут*). Бұлар жапан далада жүріп келе жатса (*эти по бескрайней степи идут если = при прохождении; дала — степь; поле*), бір үлкен көл көрінеді (*одно большое озеро видеется/показывается*). Көлдің суы (*озера вода*) қас пен көздің арасында суалып (*брови и глаза в промежутке = молниеносно высасываясь; көз — глаз; суалу — перестать доиться; /о реке/ высыхать*), жоқ болып кетеді де (*не став*

уходит и = *исчезает и*), қас пен көздің арасында шарасынан асып (молниеносно из берегов выходя; *шара — большая деревянная чашка; уровень /воды/; асу — /о реке/ выходит из берегов*), ернеуі толып кетеді (края его наполнясь уходят). Ер Төстік жолдастарымен мұның мәнісіне түсіне алмайды (Ер Төстик со спутниками своими этого значению понять не могут = не могут понять смысл происходящего; *мән — значение; смысл; түсіну — понять; усвоить; осмыслить*).

“Бұл су қайдан келіп (эта вода откуда приходя), қайда кетіп жатыр (куда уходя = *уходит* продолжает)?” — деп, айнала іздейді (молвив, кружась/осматриваясь ищет). Сөйтсе, қамыстың арасында біреу отыр екен (поступая так если = *пока так поступает*, камыша посреди один/кто-то сидит оказывается; *сөйту — так делать, так поступать*), көлдің суын ұрттап қалса (озера воду глотнув остается если/при глотании; *ұрттау — набрать в рот глоток /воды, кумыса/*), жоқ болады (нет становится = */вода озера/ исчезает*), аузынан төгіп жіберсе (из рта своего выливая выпускает если = при выпуске изо рта; *ауыз — рот*), су қайта кетеді (вода снова идет).

— О, неғып отырған адамсың (эй, что делая сидячим человеком являешься ты = что ты за человек)? — деп, Төстік жанына жетіп келеді (молвив, Төстик к душе = *к человеку* достигая подходит = приближается).

— Жердің үстіндегі Төстік жердің астына түсті дегенге (земной Төстик в Подземелье спустился молве), жолдас болып ерейін деп (спутником став присоединиться чтобы; *еру — последовать за кем-либо; ерейін — давай я присоединюсь, присоединюсь-ка я; ерейін деп — чтобы мне присоединиться*), жолын тосып жүрген адаммын (пути = *прихода* его ожидая человеком являюсь я), — дейді әлгі кісі (молвит тот человек). Көлдің суы қарныма жұқ болмайды (озера вода желудку/животу моему достаточным не бывает; *қарын — живот; желудок; жұқ болмау — не довольствоваться*), канша үлкен дария болса да (сколько бы большой рекой была и; *дария — большая река*), бір-ақ ұрттайтын

Көлтауысар деген ер боламын (раз всего/за раз глотающим Озеропоглотителем названным батыром являюсь я; тауысу — кончатъ; исчерпывать), — дейді кісі (молвит человек).

— Жарайды (хорошо). Іздеген Төстігің мен боламын (искомым Тостиком твоим я являюсь), — дейді Төстік (молвит Тостик).

Бесеу болып жүріп кетеді. Бұлар жаһан далада жүріп келе жатса, бір үлкен көл көрінеді. Көлдің суы қас пен көздің арасында суалып, жоқ болып кетеді де, қас пен көздің арасында шарасынан асып, ернеуі толып кетеді. Ер Төстік жолдастарымен мұның мәнісіне түсіне алмайды.

“Бұл су қайдан келіп, қайда кетіп жатыр?” — деп, айнала іздейді. Сөйтсе, қамыстың арасында біреу отыр, көлдің суын ұрттап қалса, жоқ болады, аузынан төгіп жіберсе, су қайта кетеді.

— О, неғып отырған адамсың? — деп, Төстік жанына жетіп келеді.

— Жердің үстіндегі Төстік жердің астына түсті дегенге, жолдас болып ерейін деп, жолын тосып жүрген адаммын, — дейді әлгі кісі. Көлдің суы қарныма жүк болмайды, қанша үлкен дария болса да, бір-ақ ұрттайтын Көлтауысар деген ер боламын, — дейді кісі.

— Жарайды. Ендеше сол іздеген Төстігің мен боламын, — дейді Төстік.

Алтау болып жүріп кетеді (шестеро став/будучи идут = продолжают путь). Көп уақыт жол жүргеннен кейін (много времени путь прохождения после), бұларға бір оба көрінеді (этим/им один курган видится). Жақындаса обаның басында жалпиған бір адам отыр (приблизятся если = при приближении /видят/, на кургана верху приплюснутый один человек сидит; жалпию — сплющиваться; становится широким, раздаваться/в ширину/).

— О, неғып жүрген адамсың (эй, что ты за человек)? — дейді оған Төстік (молвит ему Тостик).

— Жердің үстіндегі Төстік жердің астына түскенін (наземный Тостик в Подземелье то что спустился), жылан Бапы ханға келіп (к змеиному Бапы-хану придя), оның қорқытқанынан қорықпай төріне шыққанын (от его запугиваний не пугаясь на почетное место его то что взошел; қорқыту — пугать, устрашать; қорқу — бояться, страшиться, пугаться), одан Темір ханның елін іздеп шыққан жолында (после Темир-хана страну искать вышедший на пути своем) жер астының өнерпаздарын жинап (Подземелья искусников собрав; жинау — собирать) келе жатқанын көрген соң (то что идет он увидевши поскольку), соған жолдас болайын деп (ему спутником стать с намерением мол), жолын тосып отырмын (пути = прихода его ожидая сию), — дейді кісі (молвит человек).

— Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді (Тостику спутником чтобы быть, каким искусством обладаешь ты/какое искусство у тебя имеется)? — дейді Төстік (молвит Тостик).

— Жер астының қырағысы мын (Подземелья самой зоркостью являюсь я; қырағы — бдительный; зоркий). Төстік, сенің не күйге ұшырағаныңның бәрін көріп отырмын (Тостик, ты какому положению подвергся, все видя сию я = вижу; ұшырау — встретиться; натолкнуться: бәлеге ұшырау — попасть в беду). Бар өнерім — қырағылық (имеющееся у меня/все искусство — зоркость; қырағы — зоркий), жердің асты-үстінде менің көзіме қағыс жер жоқ (на земле и под землей моему глазу = взору неподдающего места нет; қағысу — вколачивать; сталкиваться, ударяться друг о друга; ссориться, браниться), қандай нәрсе болса да (какая вещь будет если и = какая вещь ни была бы), анықтап қарасам (выяснив посмотрю если; анықтау — выяснять; анық — ясный, четкий; достоверный, очевидный), бәрін де көремін (все и вижу я), — дейді кісі (молвит человек).

— Жарайды (хорошо). Ендеше менің жолдасым бол (в таком случае моим спутником будь; ендеше — если так; в таком случае; итак), — дейді Төстік (молвит Тостик).

Алтау болып жүріп кетеді. Көп уақыт жол жүргеннен кейін, бұларға бір оба көрінеді. Жақындаса обаның басында жалпиған бір адам отыр.

— О, неғып жүрген адамсың? — дейді оған Төстік.

— Жердің үстіндегі Төстік жердің астына түскенін, жылан Бапы ханға келіп, оның қорқытқанынан қорықпай төріне шыққанын, одан Темір ханның елін іздеп шыққан жолында жер астының өнерпаздарын жинап келе жатқанын көрген соң, соған жолдас болайын деп, жолын тосып отырмын, — дейді кісі. —

Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? — дейді Төстік.

— Жер астының қырағысымын. Төстік, сенің не күйге ұшырағаныңның бәрін көріп отырмын. Бар өнерім — қырағылық, жердің асты-үстінде менің көзіме қағыс жер жоқ, қандай нәрсе болса да, анықтап қарасам, бәрін де көремін, — дейді кісі.

— Жарайды. Ендеше менің жолдасым бол, — дейді Төстік.

Жетеу болып жүріп кетеді (семеро став/будучи путь держат). Бұлар жеті ай жол жүріпті (эти = они семь месяцев пути проходят), Темір хан елінің отырған жеріне келсе (Темир-хана страны к находившемуся месту приходят если = при подходе; отыру — сидеть; стоять на стоянке, стоять на стойбище), Темір хан елінің жұрты жатыр (Темир-хана страны место стоянки лежит = находится). Төстіктің келе жатқанын естіп (Тостика приближение услышав), көшіп кетіп қалған екен (кочуя уйдя остались = откочевали оказывается). Саққұлақ тыңдап көрсе (Чуткое ухо послушав видит если = когда пробует послушать), Адам баспас деген жерге қонып жатқан хабар естіледі (Человек не ступит в молвимое = задуманное место, спустившаяся новость слышится). Қырағы көз жіберіп еді

(Зоркоглаз глаз опустил было), алты таудың ар жағында (шесть гор по ту сторону), жеті көлдің желкесіндегі (за семи озерами; *желке — затылок, загривок; задняя, внешняя сторона: ауыл желкесінде — на задворках аула*) жалпақ жартастың астына (под плоским утесом; *жартаc — утес, скала*) барып тығылған екен (пойдя спрятались оказывается; *тығылу — втыкаться, быть воткнутым; всовываться; прятаться; тығу — совать; прятать*). Таусоғар жолдағы тауларды алып (Гороукладчик на пути /расположившиеся/ горы беря), көшіріп қоя салады (перемещая ставя кладет). Көлтауысар көлдерді ұрттап суалта салады (Озеропоглотитель озёра заглатывая осушая ставит = осушает; *салу — класть, помещать /в качестве вспомогательного глагола выражает завершенность, внезапность или неожиданность действия/*). Ер Төстік жолдастарымен (Ер Тостик со спутниками) көзді ашып жұмғанша (глаза открыв прежде чем закрыть = не моргнув и глазом; *жұму — закрывать, зажмуривать /глаза/*) Темір ханның аулына жетіп келеді (Темир-хана в аул достигнув приходит = приходит в аул).

Жетеу болып жүріп кетеді. Бұлар жеті ай жол жүріпті, Темір хан елінің отырған жеріне келсе, Темір хан елінің жұрты жатыр. Төстіктің келе жатқанын естіп, көшіп кетіп қалған екен. Саққұлақ тыңдап көрсе, Адам баспас деген жерге қонып жатқан хабар естіледі. Қырағы көз жіберіп еді, алты таудың ар жағында, жеті көлдің желкесіндегі жалпақ жартастың астына барып тығылған екен. Таусоғар жолдағы тауларды алып, көшіріп қоя салады. Көлтауысар көлдерді ұрттап суалта салады. Ер Төстік жолдастарымен көзді ашып жұмғанша Темір ханның аулына жетіп келеді.

Бұлар келсе (эти придут если = при прибытии), Темір ханның қызын Кеще хан алмақ болып жатыр екен (Темир-хана дочь Кеще-хан взять с намерением будучи находится оказывается). Ер Төстік келген соң (Ер Тостик пришедши поскольку), Темір хан екі жағына да кісі салып (Темир-хан обоим сторонам также человека положив/направив; жақ — щека; сторона; край): “Қызымды қайсысының өнері асса (дочь свою, кого из вас искусство/мастерство превзойдет если; қайсы/қайсысының — который/который из вас, из них), соған беремін (тому отдам)”, — деп хабар айтқызады (весть передает; айту/айтқызу/айтқызады — говорить/заставить говорить кого-то/заставляет сказать). Той қылып (пир устраивая), ел жиналады (народ/страна собирается; жинау/жиналу — собирать/собираться). Екі жақтың өнерін көруге (обоих сторон искусство посмотреть чтобы) жер астының қарайған халқының бәрі жиналады (Подземелья /из/ почерневшего/простого народа все собрались). Кеще ханның малға әкелген қора-қора қойының (Кеще-хана на скот принесенных отары овец; мал — скот; домашние животные; қора — двор, хлев; загон; стадо, отара), келе-келе түйесінің (стада верблюдов), үйір-үйір жылқысының (табуны лошадей) бәрі де тойға сойылады (всё на пир режется; сойылу — быть зарезанным, заколотым: қой сойылды — баран зарезан; мал сою — резать скот). Ер Төстік жолдастарымен бір үйде отырады (Ер Тостик со спутниками своими в одном доме сидят). Бұларды тойғызамын деп (этих/их наполню/накормлю мол; тою/тойғызу/тойғызамын — насытиться/накормить досыта/накормлю), қанша ет әкелсе де жетпейді (сколько мяса принесет если = сколько бы ни принес, не хватает; жету/жетпеу/жетпейді — хватать/не хватать/не хватает).

Бұлар келсе, Темір ханның қызын Кеще хан алмақ болып жатыр екен. Ер Төстік келген соң, Темір хан екі жағына да кісі салып: “Қызымды қайсысының өнері

асса, соған беремін”, — деп хабар айтқызады. Той қылып, ел жиналады. Екі жақтың өнерін көруге жер астының қарайған халқының бәрі жиналады. Кеще ханның малға әкелген қора-қора қойының, келе-келе түйесінің, үйір-үйір жылқысының бәрі де тойға сойылады. Ер Төстік жолдастарымен бір үйде отырады. Бұларды тойғызамын деп, қанша ет әкелсе де жетпейді.

Тойға арналған тамақтың бәрін (на пир предназначенной еды всё; *той — пир*) Көлтауысар жеп қояды (Озеропоглотитель съев оставляет = съедает). Тіпті тойғыза алмайтын болған соң (вообще накормив/накормить не могущий будучи поскольку = то что не сможет накормить; *тіпті — даже, вовсе, очень, совсем*), Темір хан мен Кеще хан бірігіп (Темир-хан и Кеще-хан, объединившись), бір амал табады (одно действие/одну хитрость находят; *амал — дело, действие, поступок; способ, хитрость*). Төстіктердің тамағына (Гостика в еду; *тамақ — пища*) у салып бермек болады (яду положив, дать с намерением являются; *у — яд, отрав*). Сакқұлақ мұны естіп отырады да (Чуткое ухо это слышит: «услышав сидит» и), Төстікке айтады (Гостику рассказывает), Төстік ұрсып тамақты қайтарып жібереді (Гостик, поругавшись, еду возвращая отпускает = возвращает; *ұрсу — бранить, ругать*). Епті Төстіктердің табағына салған улы білдірместен (ловкач в Гостика блюдо положенный яд тайком; *білу/білдіру/білдірмеу/білдірмес/білдірместен — знать/дать знать/не дать знать/не даст знать/так как не дал узнать; еп — ловкость; ловкий прием; удобный момент*) Кеще ханның нөкерінің табағына салып жібереді (Кеще-хана в свиты блюдо положив отпускает = кладет; *нөкер — придворный слуга; свита*). Кеще ханның нөкері қырылып қалады (Кеще-хана свита истребленной остается = уничтожается/погибает; *қыру — скоблить, соскабливать; брить: сақал қыру — брить бороду; уничтожить, истребить*).

Тойға арналған тамақтың бәрін Көлтауысар жеп қояды. Тіпті тойғыза алмайтын болған соң, Темір хан мен Кеңе хан бірігіп, бір амал табады. Төстіктердің тамағына у салып бермек болады. Саққұлақ мұны естіп отырады да, Төстікке айтады, Төстік ұрсып тамақты қайтарып жібереді. Епті Төстіктердің табағына салған улы білдірместен Кеңе ханның нөкерінің табағына салып жібереді. Кеңе ханның нөкері қырылып қалады.

Бұдан жеңілген соң (этим: «от этого» побежденным поскольку; *жеңілу — терпеть поражение, быть побежденным; жеңу — побеждать*) Темір хан ат шабысына шығады (Темир-хан к конным скачкам переходит; *шабыс — аллюр, бег лошади; скачки*). Өзінің бар жүйрігін бәйгеге қосады (своих имеющихся = всех быстрых скакунов на скачки добавляет; *бәйге — скачки; бега; состязание в бега; қосу — прибавлять, добавлять, присоединять*). Ер Төстік Шалқұйрықты даярлайды (Ер Тостик Шалкуйрыка готовит; *даярлау — подготавливать; снаряжать; даяр — готовый*). Қарақшының түбіне келген соң (к чучела низу пришедши после = когда пришли под чучело /т. е. к месту начала скачек/; *түп — дно, низ; корень; қарақшының түбі — место, откуда начинаются скачки; қарақшы — финиш /конечный пункт на скачках/; знак финиша /высокое копьё или жердь с флагом, или верблюды с прикрепленным флагом, знаменем; мимо знака должны пройти беговые лошади/; чучело, пугало*), Шалқұйрыққа тіл бітеді (Шалкуйрыку язык = голос прорезается):

— Егер атты өте алысқа айдаса (если лошадей на очень далекую /дистанцию/ погонят; *айдау — гнать*), менің шабысым өте жылдам болады (мой бег очень скорым будет). Үш күн шапсам (три дня бежать буду если; *шабу — рубить; скакать*), бүйірім қызып (бока мои покраснев), өзімді тоқтатуға шамам келмей (себя остановить чтобы, мощи моей не придя = не хватит), кетіп қалуым мүмкін

(уйды останусь возможно = продолжу скакать). Мен келе жатқанда (я когда буду пробегать; *жату — лежать; находится /в роли вспомогательного глагола выражает продолжающееся, незаконченное действие/*) алдымнан арқан керіп қой (передо мной арқан/канат растянув установи; *керу — расправлять, растягивать*). Арқан үш қабат болсын (арқан в три слоя пусть будет), бір қабаты кендірден болсын (один слой из конопли пусть будет). Үш қабат арқанның үшеуі де үзілсе (трех слоев аркана все три порвутся если; *үзілу — рваться, обрываться; үзу — рвать, обрывать*), мен саған жоқпын (меня тебе нет = я умру), ағынымды тоқтата алмай кеткенім (ход свой остановя = *остановить* не сумев, уйду я; *агын — течение; сток; поток; ход, скорость; агу — течь, протекать; стремительно бежать; кеткен/кеткенім — ушедший/это мой уход*), үшеуі де үзілмесе (все трое не порвутся если; *үзу — обрывать, рвать*), мен жығылып өлемін (я, свалившись с ног, умру; *жығылу — упасть; быть побежденным; жығу — валить, опрокидывать*), онда да саған жоқпын (в таком случае тоже тебе нет меня). Егер арқан жартылай үзілсе (если арқан наполовину порвется; *жарты — половина; жартылай — наполовину, вполовину*), мен тоқтаймын (я остановлюсь; *тоқтау — останавливаться*), жығылып қалсам да (свалившись с ног останусь я хоть), жаным қайтадан кіреді (душа моя снова войдет), күдер үзбе (надежду не рви = не теряй), — дейді (молвит).

Бұдан жеңілген соң Темір хан ат шабысына шығады. Өзінің бар жүйрігін бәйгеге қосады. Ер Төстік Шалқұйрықты даярлайды. Қарақшының түбіне келген соң:

— Егер атты өте алысқа айдаса, менің шабысым өте жылдам болады. Үш күн шапсам, бүйірім қызып, өзімді тоқтатуға шамам келмей, кетіп қалуым мүмкін. Мен келе жатқанда алдымнан арқан керіп қой. Арқан үш қабат болсын, бір қабаты кендірден болсын. Үш қабат арқанның үшеуі де үзілсе, мен саған

жоқпын, ағынымды тоқтата алмай кеткенім, үшеуі де үзілмесе, мен жығылып өлемін, онда да саған жоқпын. Егер арқан жартылай үзілсе, мен тоқтаймын, жығылып қалсам да, жаным қайтадан кіреді, күдер үзбе, — дейді.

“Ер Төстіктің жалғыз шолағы (Ер Тостика единственный куций /*пренебрежительно о коне*/; *шолақ* — *короткий*; *куций*) бір жерде зарығып өліп қалсын (в одном месте = *где-нибудь* тоскуя, умерев останется пусть; *зарығу* — *томиться, скучать, изнывать*)!” — деп, Темір хан атты бір жұмалық жерге айдатады (молвив, Темир-хан лошадей в однедельное место пути гонит = в место, до которого неделя пути; *жұма* — *пятница*; *неделя*).

Балуан күресі басталады (борцов борьба начинается; *күрес* — *борьба*). Таусоғарға балуан шақ келмейді (Гороукладчику борец подходящий не приходит = никто не может сравняться с ним). Жер астының алыптарының бәрі жығылып бітеді (Подземелья гигантов все сваливаясь с ног заканчиваются = все оказываются поверженными). Күресуге кісі шықпаған соң (бороться чтобы, человек не выходит поскольку), Таусоғар бір тауды көтеріп алып (Гороукладчик одну гору подняв взяв = подняв), жұртқа күшін көрсетеді (народу силу свою показывает; *күш* — *сила*). Темір хан мен Кеңе хан қатты сасып (Темир-хан и Кеңе-хан, сильно испугавшись; *сасу* — *теряться, опешить; прийти в замешательство, в смятение*):

— Тауды біз жаққа қоя көрмесін (гору на нашу сторону положив не пробует пусть; *көру* — *видеть; пробовать, пытаться: айтып көру* — *попытаться рассказать*)! — деп Төстікке жалынады (Тостику = *Тостика* умоляют; *жалыну* — *умолять, сильно упрашивать*). Төстік тауды орнына қойғызады (Тостик гору на место поставит заставляет; *орын* — *место*). Бір жеті өткен соң (одна семерка = *неделя* прошедши поскольку), бәйге аттары қайтып оралады (/в/ скачках /участвовавшие/ кони возвращаются).

“Ер Төстіктің жалғыз шолағы бір жерде зарығып өліп қалсын!” — деп, Темір хан атты бір жұмалық жерге айдатады.

Балуан күресі басталады. Таусоғарға балуан шақ келмейді. Жер астының алыптарының бәрі жығылып бітеді. Күресуге кісі шықпаған соң, Таусоғар бір тауды көтеріп алып, жұртқа күшін көрсетеді. Темір хан мен Кеңе хан қатты сасып:

— Тауды біз жаққа қоя көрмесін! — деп Төстікке жалынады. Төстік тауды орнына қойғызады. Бір жеті өткен соң, бәйге аттары қайтып оралады.

Жұрт қарақшының түбінен аттарын күтеді (*народ под чучелом коней своих ожидает*). Бір мезгілде алыстан бір шаң көрінеді (*в один момент издали одна пыль = одно облако пыли виднеется/показывается*), шаңның ішінен жақындай келе бір қара көрінеді (*пыли изнутри приблизившись, одно черное виднеется; иш — внутренность; нутро ішінде — внутри; ішіне — вовнутрь; жақындау — приближаться; подходит*). Шалқұйрық екенін танып (*Шалкуйрыком то что является, оно узнав*), Ер Төстік үш қабат арқан кереді (*Ер Тостик трехслойный аркан/канат натягивает*). Шалқұйрық құйынша заулаған бетімен (*Шалкуйрык подобно вихрю тут же примчавшись; құйын — вихрь; смерч; заулау — стремительно нестись, мчатся*) арқанға келіп жоқ болады (*до аркана дойдя нет становится = уничтожается/замертво падает*). Қараса, Шалқұйрық жығылған екен (*если = когда смотрит, Шалкуйрык свалился с ног оказывается*). Шалқұйрық талып түсіпті (*Шалкуйрык в обморок упал; талу — падать в обморок, терять сознание; түсу — падать*).

Жұрт қарақшының түбінен аттарын күтеді. Бір мезгілде алыстан бір шаң көрінеді, шаңның ішінен жақындай келе бір қара көрінеді. Шалқұйрық екенін танып, Ер Төстік үш қабат арқан кереді. Шалқұйрық құйынша заулаған бетімен

арқанға келіп жоқ болады. Қараса, Шалқұйрық жығылған екен. Шалқұйрық талып түсіпті.

Сонда Тәстік (тогда Тостик):

Сорқұдықтың басына (у Соркудыка истока)

Сорға бола қонды әкем (к бедствию/неудаче будучи ночлег разбил отец мой).

Жанынан қорқып кемпірге (души своей =за душу свою испугавшись старухе),

Егеуімді берді әкем (точило мое отдал отец мой).

Жүретұғын жолымда (на предстоящем пройти пути)

Құлан өтпес жол болды (кулан не могущий пройти путь предстоял).

Асқар-асқар тауменен (высокими горами)

Шексіз дария көл болды (бескрайняя большая река озером явилась; *шек — предел, граница*).

Құлық бие құлыны (молодой кобылы жеребенек) —

Алты аяқты аланы (шестилетка пестрый)

«Жарамайды, жабы» — деп (не подходит, кляча, — мол),

Міндірмеген Кенжекей (не дала мне оседлать Кенжекей).

Кәрі бие құлыны (старой кобылы жеребенек) —

Жеті аяқты жиренді (семилетку рыжего),

«Жарамайтын жабы» — деп (неподходящая кляча, — мол),

Міндірмеген Кенжекей (не дала мне оседлать Кенжекей).

Сан жорғаны алмаған (/несметное/ количество скакунов не взявшая),

Ер аты деп таңдаған (батыра конь выбравшая),

Айыл-тұрман әбзелін (подпругу и иные принадлежности седла; *әбзел — упряжь, сбруя*)

Ертеден қамдап сайлаған (издревле приготовив в порядок приведенные; *қамдау — готовить; сайлау — выбирать; подбирать соответственно надобности, готовить*),

Кенжекей сынды арудың (Кенжекей подобной красавицы твоей; *ару* — *красавица*)

Қалмасын деп көңілі (пусть не останется = *не испортится* настроение ее; *көңіл* — *желание; внимание; настроение*),

Міндім сені, Шалқұйрық (оседлал я тебя, Шалкуйрык)!

Жалғыз өзім қос артып (один сам я, походную юрту навьючив; *қос* — *маленькая походная временная юрта*),

Жапан түзге жол артып (в далекую чужбину путь держа),

Жалмауызға шыққанда (к Бабе-яге при выходе выходя),

Тіл бітті саған, Шалқұйрық (язык прорезался у тебя, Шалкуйрык)!

Жалмауызға келгенде (к Бабе-яге при подходе = подходя),

Егеуді ала бер генде (точило при давании),

Бетегеден биіктеп (ковыля выше расположившись; *бетеге* — *перистый ковыль; типчак; биіктеу* — *выситься; подниматься выше*),

Аласарып жусаннан (став ниже полыни; *аласару* — *понижаться; оседать*),

Ептейлендің, Шалқұйрық (ловко вывернулся ты, Шалкуйрык)!

Егеуді ала қашқанда (точило взяв при убегании),

Жалмауыздан сасқанда (от Бабы-яги при растерянности),

Таулар ұшып қанбақтай (горы перелетая, подобно перекасти-полю),

Тасы борап бұршақтай (камни их летя, подобно граду/гороху; *бұршақ* — *град; горох*),

Қазандай дәу қара тас (подобный казану огромный черный камень; *дәу* — *великан, гигант*),

Құйрығына оралып (в хвост твой завернувшись),

Жерге де кірдің, Шалқұйрық (и в землю ты вошел, Шалкуйрык)!

Жылан Бапы жеріне (змеи Бапы в землю),

Жер астының еліне (в Подземелья страну/ханство)

Шыға келген мезгілде (при выходе в момент)

Тіл бітіп саған, Шалқұйрық (язык прорезавшись у тебя, Шалкуйрык),

Жөн білдірдің еріңе (направление поведаль ты батыру своему).

Жаяуымда қанат болған Шалқұйрық (при пешем ходе моем крылом ставший Шалкуйрык)!

Жалғызымда жолдас болған Шалқұйрық (при одиночестве моем спутником ставший Шалкуйрык)!

Сасқанымда ақылым болған Шалқұйрық (при растерянности/страхе моей разумом моим бывший Шалкуйрык)!

Үш жаның бар еді (три души твои имелись было), екеуі шықса да (две если вышли и), бірі қалған шығар (одна осталась наверное; шығар — вероятно, наверное, пожалуй), тұр, Шалқұйрық (вставай, Шалкуйрык)! Тіріл, Шалқұйрық (оживи, Шалкуйрык)! — депті (промолвил). Сол уақытта Шалқұйрыққа жан кіріп (в тот момент в Шалкуйрыка душа войдя), оқыранып түрегеледі (с тихим ржанием вскакивает; оқырану — тихо ржать /о лошади/). Басқа аттар бірнеше күннен кейін келеді (другие кони несколько дней спустя приходят).

Сонда Төстік:

Сорқұдықтың басына  
Сорға бола қонды әкем.  
Жанынан қорқып кемпірге,  
Егеуімді берді әкем.  
Жүретұғын жолымда  
Құлан өтпес жол болды.  
Асқар-асқар тауменен  
Шексіз дария көл болды.  
Құлық бие құлыны —  
Алты аяқты аланы  
«Жарамайды, жабы» — деп,

Міндірмеген Кенжекей.  
Кәрі бие құлыны —  
Жеті аяқты жиренді,  
«Жарамайтын жабы» — деп,  
Міндірмеген Кенжекей.  
Сан жорғаны алмаған,  
Ер аты деп таңдаған,  
Айыл-тұрман әбзелін  
Ертеден қамдап сайлаған,  
Кенжекей сынды арудың  
Қалмасын деп көңілі,  
Міндім сені, Шалқұйрық!  
Жалғыз өзім қос артып,  
Жапан түзге жол артып,  
Жалмауызға шыққанда,  
Тіл бітті саған, Шалқұйрық!  
Жалмауызға келгенде,  
Егеуді ала бергенде,  
Бетегеден биіктеп,  
Аласарып жусаннан,  
Ептейлендің, Шалқұйрық!  
Егеуді ала қашқанда,  
Жалмауыздан сасқанда,  
Таулар ұшып қанбақтай,  
Тасы борап бұршақтай,  
Қазандай дәу қара тас,  
Құйрығына оралып,  
Жерге де кірдің, Шалқұйрық!

Жылан Бапы жеріне,  
Жер астының еліне  
Шыға келген мезгілде  
Тіл бітіп саған, Шалқұйрық,  
Жөн білдірдің еріңе.

Жаяуымда канат болған Шалқұйрық!  
Жалғызымда жолдас болған Шалқұйрық!  
Сасқанымда ақылым болған Шалқұйрық!

Үш жаның бар еді, екеуі шықса да, бірі қалған шығар, тұр, Шалқұйрық! Тіріл, Шалқұйрық! — депті. Сол уақытта Шалқұйрыққа жан кіріп, оқыранып түрегеледі. Басқа аттар бірнеше күннен кейін келеді.

Темір хан мен Кеще хан балуан және ат бәйгесінен жеңіліп (Темир-хан и Кеще-хан от борцов и конских скачек будучи побежденными), не қыларын білмей, сасады (что делать им не зная, пугаются). “Енді жаяу жарыс салып көрейік (теперь пешее соревнование устроить попробуем; жаяу — пеший; пешком; салу — класть; наладить)”, — дейді (молвят). Жаяу жарысты (пешее соревнование) бір күндік жерден (в один день пути с места) жібермек болады (запустить намереваются). Ер Төстік Желаяқты қосады (Ер Тостик Скорохода выставляет; қосу — добавлять, присоединять: ат қосу — выставлять коня для участия в скачках). Жүйріктер бір күн жүріп барып (бегуны один день идя дойдя = пройдя), барған жеріне қонып (к дошедшему месту привал устроив), ертеңіне ертемен жарысып қайтпақ болады (на следующий день с утра соревнуйсь возвратиться с намерением пребывают). Темір хан жүгіргіштердің ішіне (Темир-хан бегунов вовнутрь = в среду) бір мыстан кемпірді қоса жіберген екен (одну ведьму-старуху добавив направил оказывается; мыстан — ведьма; Баба-яга: мыстан кемпір — старуха-колдунья). Барып қонған жерінде сол мыстан Желаяққа (дойдя на месте привала та ведьма Скороходу):

— Шырағым, шаршадың ғой (светоч мой, устал ты ведь; шаршау — утомиться, устать; обессилеть). Демінді алып ұйықта (отдыхая спи; дем алу — отдыхать: «дыхание брать»), жарысарда өзім оятамын (при соревновании сама разбужу; жарыс/жарысу/жарысар/жарысарда — соревнование/соревноваться/будет соревноваться/когда будет соревнование), — деп оны алдап ұйықтатып тастайды (молвив, его обманув, усыпив покидает; ұйықтау — спать; засыпать; ұйықтату — усыплять; укладывать спать /напр., ребенка/; тастау — бросать; покидать, оставлять).

Темір хан мен Кеше хан балуан және ат бәйгесінен жеңіліп, не қыларын білмей, сасады. “Енді жаяу жарыс салып көрейік”, — дейді. Жаяу жарысты бір күндік жерден жібермек болады. Ер Төстік Желаяқты қосады. Жүйріктер бір күн жүріп барып, барған жеріне қонып, ертеңіне ертемен жарысып қайтпақ болады. Темір хан жүгіргіштердің ішіне бір мыстан кемпірді қоса жіберген екен. Барып қонған жерінде сол мыстан Желаяққа:

— Шырағым, шаршадың ғой. Демінді алып ұйықта, жарысарда өзім оятамын, — деп оны алдап ұйықтатып тастайды.

Желаяқ мыстан кемпірдің сөзіне нанып (Скорород, ведьмы-старухи словам поверив), қаннен-қаперсіз ұйықтап жата береді (беспечно уснув лежать продолжает; қаннен-қаперсіз — беспечно; қан — кровь; қапер — память; сознание; внимание; забота). Бір мезгілде оянса (в один момент просыпается если = когда; ояну — просыпаться; пробуждаться), шекесінен күн өтіп барады (через висок солнце проходя идет; шеке — висок). Түс болып қалған екен (обед будучи остался = настал оказывается), жүгіргіштер әлдеқашан кетіп қалыпты (бегуны давно уж уйдя остались = ушли; әлдеқашан — когда-то; давно, давным-давно: ол әлдеқашан көшіп кеткен — он давно переехал). Кемпірдің алдағанын біліп (старухи то что обманутым оказался узнав = поняв), Желаяқ

санын бір-ақ соғып (Скороход по бедру своему раз всего стегнув; *согу — ударять; бить, стучать*), тұра жөнеледі (встав отправляется; *жөнелу — тронуться, отправиться в путь*). Жерден бір уыс топырақты ала жөнеледі (с земли одну горсть почвы взяв направляется; *топырақ — земля; почва*). Құстай ұшып (птице подобно летая; *құс — птица*), құйындай ұйытқып келе жатса (вихрю подобно передвигается если; *құйын — вихрь; смерч; ұйытқу — трепетать*), жаяулар да қарақшыға жақындап қалған екен (пешие также к чучелу приблизившись остались оказывается = добрались), ең алдында мыстан кемпір бара жатыр екен (в самой передней части = *впереди всех* ведьма-старуха движется оказывается). Желаяқ өте беріп (Скороход пробегая) уысындағы топырақты (в горсти лежащую почву) мыстан кемпірдің көзіне шашып кетеді (ведьмы-старухи в глаза сыпя уходит; *шашу — брызгать, кропить; разбросать, рассыпать*).

“Алда ғана шешек-ай, мықтадың-ау (впереди лишь тьфу оспа /ругательство/, укрепился же ты; *мықтау — укрепить; -ай, -ау — частицы эмоционального усиления /же/!*”, — деп кемпір көзін уқалап қала береді (молвив, старуха глаза свои протирая, оставаясь продолжает = отстают; *уқалау — тереть /пальцами, ладонью/: өзді уқалау — тереть глаза*). Сөйтіп, жаяу бәйгесінде Ер Төстік жеңеді (таким образом, в пешем состязании Ер Тостик побеждает).

Желаяқ мыстан кемпірдің сөзіне нанып, қаннен-қаперсіз ұйықтап жата береді. Бір мезгілде оянса, шекесінен күн өтіп барады. Түс болып қалған екен, жүгіргіштер әлдеқашан кетіп қалыпты. Кемпірдің алдағанын біліп, Желаяқ санын бір-ақ соғып, тұра жөнеледі. Жерден бір уыс топырақты ала жөнеледі. Құстай ұшып, құйындай ұйытқып келе жатса, жаяулар да қарақшыға жақындап қалған екен, ең алдында мыстан кемпір бара жатыр екен. Желаяқ өте беріп уысындағы топырақты мыстан кемпірдің көзіне шашып кетеді.

“Алда ғана шешек-ай, мықтадың-ау”, — деп кемпір көзін уқалап қала береді. Сөйтіп, жаяу бәйгесінде Ер Төстік жеңеді.

Темір хан енді қайтадан той жасап (Темир-хан теперь снова пир устроив; *жасау — делать, изготавливать, мастерить; готовить: тамақ жасау — готовить кушанье; осуществлять, устраивать*), қызын жылан Бапы ханға ұзатпақ болады (дочь свою змеиную Бапы-хану выдать замуж с намеревается). Темір ханның ернеуі қырық құлаш үлкен қазаны (Темир-хана края в сорок обхватов большой казан) терең көлге түсіп кеткен екен (в глубокое озеро упав ушел = упал оказывается; *түсу — спускаться, опускаться; падать*). “Нағыз ер болса (настоящим батыром если является; *нағыз — действительный, настоящий, истинный: нағыз дос — настоящий друг*), соны алып берсін (его пусть взяв принесет = достанет)”, — деп ол Ер Төстікке кісі салады (молвив он к Ер Гостику человека пускает = направляет).

“Көлдің суын құрт (озера воду уничтожь; *құрту — уничтожить, искоренить*)!” — деп Төстік Көлтауысарды жұмсап еді (молвив, Тостик Озеропоглотителя использует = *порукает ему* было; *жұмсау — послать за чем-нибудь, поручить что-либо сделать*), қанша ұрттаса да (сколько глотает если и = сколько бы ни глотал; *-са да — хоть, хотя, пусть*), көлдің суы Көлтауысардың ұртына сыймайды (озера вода Озеропоглотителя в полость рта не помещается; *ұрт — полость рта*). Судың үштен бірі қалғанда (воды трети одна = *одна треть* когда остается) Көлтауысардың ұрты суға толып бітеді (Озеропоглотителя полость рта водой наполнившись заканчивается = *наполняется до конца*).

Сонда Шалқұйрыққа тіл бітіп (тогда к Шалкуйрыку язык = *речь* прорезавшись): “Қазанды мен сүңгіп алып шығамын (казан я нырнув взяв вынесу/достану; *сүңгу — нырять*)”, — деп рұқсат сұрайды (молвив, разрешения спрашивает). Ер Төстік рұқсат етеді (Ер Тостик разрешение дает).

Шалқұйрық:

— Мен суға сүңгігенде (я в воду когда нырну), ақ көбік шықса (белая пена выйдет если) — жақсы болғаны (хорошо стало значит), қуана бер (радуйся; қуану — радоваться), аман-есен қазанды алып шыққаным (благополучно казан взяв вынес я). Қызыл көбік көрінсе (красная пена появится если) — жаман болғаны (плохо стало значит), алып шыға алмай (взять вынести не сумев), су астында қалып қойғаным (под водой остался я значит), — дейді (молвит).

Темір хан енді қайтадан той жасап, қызын жылан Бапы ханға ұзатпақ болады. Темір ханның ернеуі қырық құлаш үлкен қазаны терең көлге түсіп кеткен екен. “Нағыз ер болса, соны алып берсін”, — деп ол Ер Төстікке кісі салады.

“Көлдің суын құрт!” — деп Төстік Көлтауысарды жұмсап еді, қанша ұрттаса да, көлдің суы Көлтауысардың ұртына сыймайды. Судың үштен бірі қалғанда Көлтауысардың ұрты суға толып бітеді.

Сонда Шалқұйрыққа тіл бітіп:

“Қазанды мен сүңгіп алып шығамын”, — деп рұқсат сұрайды. Ер Төстік рұқсат етеді.

Шалқұйрық:

— Мен суға сүңгігенде, ақ көбік шықса — жақсы болғаны, қуана бер, аман-есен қазанды алып шыққаным. Қызыл көбік көрінсе — жаман болғаны, алып шыға алмай, су астында қалып қойғаным, — дейді.

Шалқұйрық суға сүңгіп кетеді (Шалкуйрык в воду нырнув уходит). Көпке дейін ешнәрсе білінбейді (долгое время ничего не выявляется; көпке дейін — долгое время: «многого до»; біліну — познаваться; выявляться; обнаруживаться). Бір мезгілде ақ көбік көрінеді (в один = в какой-то момент белая пена показывается; мезгіл — время; пора; срок). Ер Төстік қуанады (Ер Тостик радуется). Оның артынан ұзамай қызыл көбік көрінеді (этого позади не медля = вскоре красная пена появляется; ұзау — удаляться; затянуться; ұзамай —

*вскоре; в недалеком будущем). Ер Төстік шошынып (Ер Тостик, испугавшись; шошыну — неожиданно, беспричинно испугаться), зарлана бастайды (плакать/причитать начинает; зарлану — рыдать; причитать; сетовать):*

*Сорқудықтың басына (у Соркудыка истока)*

*Сорға бола қонды әкем (к бедствию/неудаче будучи ночлег разбил отец мой).*

*Жанынан қорқып жалмауызға (за душу свою испугавшись, Бабе-яге),*

*Егеуімді берді әкем (точило мое отдал отец мой).*

*Жүретұғын жолымда (на предстоящем пройти пути)*

*Құлан өтпес жол болды (кулан не могущий пройти путь предстоял).*

*Асқар-асқар тауменен (высокими горами)*

*Шексіз дария, көл болды (бескрайние большие реки, озера были = встречались).*

*Құлық бие құлыны (молодой кобылы жеребенок) —*

*Алты аяқты аланы (шестилетка пестрый)*

*«Жарамайды, жабы» — деп (не подходит, кляча, мол),*

*Міндірмеген Кенжекей (не дала мне сесть/оседлать Кенжекей).*

*Кәрі бие құлыны (старой кобылы жеребенок) —*

*Жеті аяқты жиренді (семилетку рыжего),*

*«Жарамайтын жабы» — деп (неподходящая кляча, мол),*

*Міндірмеген Кенжекей (не дала мне сесть/оседлать Кенжекей).*

*Сан жорғаны алмаған (/несметное/ количество иноходцев не взявшая; жорға — иноходец),*

*Ер аты деп таңдаған (батыра конь, мол, выбравшая; таңдау — выбирать; отбирать),*

*Айыл-тұрман әбзелін (подпругу и иные принадлежности седла; айыл-тұрман — /собир./ принадлежности седла /подпруга и др./; айыл — подпруга, подбрюшник; тұрман — сбруя)*

Ертеден қамдап сайлаған (заранее приготовив в порядке содержимые; *ертеден — с раннего утра, спозаранку; заранее; сайлау — выбирать; избирать; оборудовать; приводит в порядок*),

Кенжекей сынды арудың (Кенжекей подобной красавицы)

Қалмасын деп көңілі (пусть не останется = *испортится*, мол, настроение ее),

Міндім сені, Шалқұйрық (оседлал я тебя, Шалкуйрык)!

Жалғыз өзім қос артып (один сам я походную юрту навьючив),

Жапан түзге жол артып (в далекую чужбину путь держа; *арту — грузить; навьючивать /на вьючное животное/; тоғыз нарға жүк артып, тоғыз белден асып біз келдік — /фольк./ навьючив груз на девять верблюдов, перевалив через девять перевалов, мы приехали*),

Жалмауызға шыққанда (к Бабе-яге при выходе),

Тіл бітті саған, Шалқұйрық (язык прорезался у тебя, Шалкуйрык)!

Жалмауызға келгенде (к Бабе-яге при подходе),

Егеуді ала бергенде (точила при взятии),

Бетегеден биіктеп (ковыля выше расположившись),

Аласарып жусаннан (став ниже полыни),

Ептейлендің, Шалқұйрық (ловко вывернулся ты, Шалкуйрык)!

Егеуді ала қашқанда (точило взяв при убегании),

Жалмауыздан сасқанда (от Бабы-яги при растерянности),

Таулар ұшып қанбақтай (горы летя подобно перекасти-полю),

Тасы борап бұршақтай (камни их летя подобно граду/гороху; *борау: боран борап тұр — поднялся снежный буран, топырақ боран кетті — поднялась пыль*),

Қазандай дәу қара тас (подобно kazanу черный камень = черные камни),

Құйрығына оралып (в хвост твой завернувшись),

Жерге де кірдің, Шалқұйрық (и в землю ты вошел, Шалкуйрык)!

Жылан Бапы жеріне (змеи Бапы в землю),

Жер астының еліне (в Подземелья страну/ханство)

Шыға келген мезгілде (при выходе в момент)

Тіл бітіп саған, Шалқұйрық (язык прорезавшись у тебя, Шалкуйрык),

Жөн білдірдің еріңе (направление поведаль ты батыру своему).

Жаяуымда қанат болған Шалқұйрық (при пешем ходе моем крылом ставший Шалкуйрык)!

Жалғызымда жолдас болған Шалқұйрық (при одиночестве моем спутником ставший Шалкуйрык)!

Сасқанымда ақылым болған Шалқұйрық (при растерянности моей разумом моим бывший Шалкуйрык; сасқан — растерянный)!

Үш жаныңның не бірі (из трех жизней твоих по крайней мере одна)

Аман шығар, Шалқұйрық (благополучна, наверное; аман — здоровый; благополучный; невредимый),

Су астынан шық, Шалқұйрық (из-под воды выходи, Шалкуйрык)!

Шалқұйрық суға сүңгіп кетеді. Көпке дейін ешнәрсе білінбейді. Бір мезгілде ақ көбік көрінеді. Ер Төстік қуанады. Оның артынан ұзамай қызыл көбік көрінеді. Ер Төстік шошынып, зарлана бастайды:

Сорқұдықтың басына

Сорға бола қонды әкем.

Жанынан қорқып жалмауызға,

Егеуімді берді әкем.

Жүретұғын жолымда

Құлан өтпес жол болды.

Асқар-асқар тауменен

Шексіз дария, көл болды.

Құлық бие құлыны —

Алты аяқты аланы

«Жарамайды, жабы» — деп,  
Міндірмеген Кенжекей.  
Кәрі бие құлыны —  
Жеті аяқты жиренді,  
«Жарамайтын жабы» — деп,  
Міндірмеген Кенжекей.  
Сан жорғаны алмаған,  
Ер аты деп таңдаған,  
Айыл-тұрман әбзелін  
Ертеден қамдап сайлаған,  
Кенжекей сынды арудың  
Қалмасын деп көңілі,  
Міндім сені, Шалқұйрық!  
Жалғыз өзім қос артып,  
Жапан түзге жол артып,  
Жалмауызға шыққанда,  
Тіл бітті саған, Шалқұйрық!  
Жалмауызға келгенде,  
Егеуді ала бергенде,  
Бетегеден биіктеп,  
Аласарып жусаннан,  
Ептейлендің, Шалқұйрық!  
Егеуді ала қашқанда,  
Жалмауыздан сасқанда,  
Таулар ұшып қанбақтай,  
Тасы борап бұршақтай,  
Қазандай дәу қара тас,  
Құйрығына оралып,

Жерге де кірдің, Шалқұйрық!

Жылан Бапы жеріне,

Жер астының еліне

Шыға келген мезгілде

Тіл бітіп саған, Шалқұйрық,

Жөн білдірдің еріңе.

Жаяуымда қанат болған Шалқұйрық!

Жалғызымда жолдас болған Шалқұйрық!

Сасқанымда ақылым болған Шалқұйрық!

Үш жаныңның не бірі

Аман шығар, Шалқұйрық,

Су астынан шық, Шалқұйрық!

Ер Төстік зарланып тұрғанда (Ер Төстик горюя когда стоял), Шалқұйрық дәу қара қазанды құйрығына орап (Шалкуйрык гигантский черный казан к хвосту своему привязав; дәу — див, сказочный великан; крупный; орау — завернуть; обернуть, обмотать), су үстіне шыға келеді (на воды поверхность выйдя приходит = выходит). Шалқұйрыққа тіл бітіп сөйлейді (Шалкуйрыку язык = речь прорезавшись заговаривает):

— Су өте терең екен (вода очень глубокая оказывается), түбіне зорға жеттім (на дно с трудом достиг/добрался), қазанды зорға таптым (казан с трудом нашел; түп — дно; зор — большой; трудности: басына зор түсті - ему встретились трудности; зорға — насилу; едва-едва; зор — огромный; большой; громадный). Сонда ақ көбік шықты (тогда белая пена вышла). Қазанды көтеріп шығу қиын болды (казан подняв выйти сложно было; қиын — трудный, сложный), тістеп едім (закусив = зубами ухватив было/пробовал; тістеу — кусать), шығара алмадым (вытащить не смог). Сонда қызыл көбік шықты (тогда красная пена пошла). Құйрығымды ұзартып қазанды орап алып (хвост свой удлинив =

*оттянув, казан обмотав/обвязав; ұзарту — удлинить, продлить*), зорға шықтым (еле-еле вышел я), — дейді (молвит).

Ер Төстік зарланып тұрғанда, Шалқұйрық дәу кара қазанды құйрығына орап, су үстіне шыға келеді. Шалқұйрыққа тіл бітіп сөйлейді:

— Су өте терең екен, түбіне зорға жеттім, қазанды зорға таптым. Сонда ақ көбік шықты. Қазанды көтеріп шығу қиын болды, тістеп едім, шығара алмадым. Сонда қызыл көбік шықты. Құйрығымды ұзартып қазанды орап алып, зорға шықтым, — дейді.

Шалқұйрықтың аман-есен шыққанына (на то, что Шалкуйрык благополучно вышел) Темір хан елі қатты сүйсінеді (Темир-хана народ громко дивится/радуется; *қатты — твердый; сильный; крепкий; қатты тас — твердый камень; громко; сүйсіну — любоваться, восхищаться*). Темір хан Ер Төстіктерге арнап үлкен сарай салдырып (Темир-хан Ер Гостику и его сподвижникам предназначив большой дворец кладет/строит; *арнау — предназначать; үлкен — большой; громадный*), құдаларды сонда кіргізеді (сватьев туда вводит). Құдалардың кіруі-ақ мұң екен (сватьев вход сам печалью оказывается), есік сарт етіп жабылып қалады (дверь с треском закрываясь остается = захлопывается; *сарт: сарт-сұрт — громкий звук; трескотня; жабылу — закрываться; жабу — закрывать*). Сарай тұтас темірден салынған екен (дворец полностью из железа построенным оказывается; *салыну — строиться, быть построенным; салу — класть; строить*). Аузын мықтап құлыптап тастап (рот = выход крепко заперев; *ауыз — рот; входное отверстие; мықтау — укрепить; құлыптау — запирает на замок; тастау — бросать; покидать, оставлять*), сыртынан тау-тау қылып отын үйеді де (снаружи гору-гору делая, хворост в кучи собирают и; *отын — дрова; топливо*), от жағып өртей бастайды (огонь разжигая, поджигать начинают; *от — огонь; жағу —*

*зажечь; өртеу — поджечь*). Сарай қызуға айналады (дворец в нагревание превращается = жарким становится; *қызу — нагреваться; айналу — вертеться; кружиться; вращаться; превращаться*). Сарайдың ішіндегі Төстік жолдастарымен күйетін болады (внутри дворца находящийся Тостик со спутниками обжигаться уделу подвергается; *іш — внутренность; нутро ішінде — внутри, ішіндегі — находящийся внутри; кую — обжигаться; обгорать*). Таусоғар орнынан тұрады да (Гороукладчик с места своего встает и), сарайдың есігін теуіп жібереді (дворца дверь пиная посылает = пинает; *жіберу — посылать; отпустить /как вспомогательный глагол придает действию оттенок завершенности/*). Есік шалқасынан түседі (дверь навзничь = плашмя падает). Көлтауысардың бір ұртында бір көлдің суы бар екен (у Озеропоглотителя в полости рта одного озера вода имеется оказывается), бүркіп жібергенде (сплюнув при выпускании), айналасындағы өрттің бәрін сөндіріп тастайды (в окружении своем весь огонь = пожар тушит /до конца/; *сөндіру — тушить; гасить: шамды сөндіре қойшы — погаси, пожалуйста, свет; тастау — бросать; покидать, оставлять /в роли вспомогательного глагола означает законченность действия/*).

Шалқұйрықтың аман-есен шыққанына Темір хан елі қатты сүйсінеді. Темір хан Ер Төстіктерге арнап үлкен сарай салдырып, құдаларды сонда кіргізеді. Құдалардың кіруі-ақ мұң екен, есік сарт етіп жабылып қалады. Сарай тұтас темірден салынған екен. Аузын мықтап құлыптап тастап, сыртынан тау-тау қылып отын үйеді де, от жағып өртей бастайды. Сарай қызуға айналады. Сарайдың ішіндегі Төстік жолдастарымен күйетін болады. Таусоғар орнынан тұрады да, сарайдың есігін теуіп жібереді. Есік шалқасынан түседі. Көлтауысардың бір ұртында бір көлдің суы бар екен, бүркіп жібергенде, айналасындағы өрттің бәрін сөндіріп тастайды.

Темір хан мен Кеше ханның айласы әбден құр иды (Темир-хана и Кеше-хана хитрость полностью становится напрасной = иссякает; *әбден — вполне, совершенно, окончательно; құр — сухой; высохший, засохший: құр өзек — высохшая долина; пустой; зря, напрасно*). Ер Төстікке қызын беріп (Ер Тостику свою дочь отдав), жылан Бапы ханның еліне қарай шығарып салады (змеиною Бапы-хана в страну по направлению выводя помещает = провожает; *салу — помещать /в качестве вспомогательного глагола и выражает завершенность, внезапность или неожиданность совершенного действия/*). Сөйтіп, Ер Төстік жылан Бапы ханға қайтады (таким образом, Ер Тостик к змеиному Бапы-хану возвращается). Қайтып келе жатқанда (возвращаясь при ходьбе), жолдан ерген алты жолдасының бәрі де (с пути присоединившихся шесть спутников все) баяғыда өздерінің кезіккен жерлерінен әрі жүрмейді (в прошлом сами повстречавшегося места далее не идут; *кезігу — повстречаться, натолкнуться*). “Бұдан әрі баруға біздерге жол жоқ (отсюда далее идти чтобы, нам пути нет)”, — деп, олар Ер Төстікпен қоштасып қала береді (молвив, они с Ер Тостиком прощаются и остаются: «прощаясь остаются продолжают»).

Темір хан мен Кеше ханның айласы әбден құриды. Ер Төстікке қызын беріп, жылан Бапы ханның еліне қарай шығарып салады. Сөйтіп, Ер Төстік жылан Бапы ханға қайтады. Қайтып келе жатқанда, жолдан ерген алты жолдасының бәрі де баяғыда өздерінің кезіккен жерлерінен әрі жүрмейді. “Бұдан әрі баруға біздерге жол жоқ”, — деп, олар Ер Төстікпен қоштасып қала береді.

Ұзақ жүріп (продолжительно пройдя = проделав долгий путь), Ер Төстік жылан Бапы ханның еліне келеді (Ер Тостик в змеинога Бапы-хана страну приходит). Айтқанын істеп келген соң (сказанное его сделав пришедший поскольку), ол Ер Төстікке өте разы болады (он Ер Тостику очень благодарен будет; *разы — согласный, довольный*), өзінің қызын береді (свою дочь дает), және (и): “Не қалайсың (что желаешь)?” — деп Төстіктен сұрайды (у Тостика спрашивает).

Төстік:

— Жер үстіне шығамын (на землю: «поверх земли» выйду), еліме қайтқым келеді (в страну возвращение мое приходит = возвратиться домой хочу), — дейді (молвит).

Жылан Бапы хан Төстіктің тілегін орындап (змеинный Бапы-хан Тостика пожелание выполнив), қызын беріп және қаншама жолдас қосып (дочь свою выдал и множество спутников добавив; *қаншама — несколько; изрядно, в большом количестве*), жер үстіне қарай шығатын есікке қарай шығарып салып (к земле наверх выходящей двери в сторону проводив; *қарай — по направлению, в сторону; үйіне қарай — по направлению к дому; қарау — смотреть*), қош айтысып қала береді (попрощавшись, остается).

Ұзақ жүріп, Ер Төстік жылан Бапы ханның еліне келеді. Айтқанын істеп келген соң, ол Ер Төстікке өте разы болады, өзінің қызын береді, және: “Не қалайсың?” — деп Төстіктен сұрайды.

Төстік:

— Жер үстіне шығамын, еліме қайтқым келеді, — дейді.

Жылан Бапы хан Төстіктің тілегін орындап, қызын беріп және қаншама жолдас қосып, жер үстіне қарай шығатын есікке қарай шығарып салып, қош айтысып қала береді.

Жер үстіне шығатын есікке дейін (на землю выходящей двери до) алты айлық жол екен (шестимесячный путь /пролегает/ оказывается; айлық — месячный: айлық жол — расстояние, которое можно преодолеть за месяц). Жолдың ауырлығына шыдамай (пути трудностей не выдержав; ауырлық — тяжесть, вес; тягость, трудность; ауыр — тяжелый; шыдау — терпеть, выдерживать, переносить /трудности, лишения/), жылан Бапы ханның қызы және жолдастарының бәрі қырылып қалады (змеиною Бапы-хана дочь и /из/ спутников все погибая остаются = погибают; қырылу — соскабливаться; стираться; быть перебитым, быть убитым, гибнуть /во множестве/: жұтта көп мал қырылды — во время джута пало много скота; қыру — скоблить, соскабливать; брить), жалғыз-ақ Күңке деген бір күңі мен Шалқұйрық (единственно Кунке называемая одна рабыня и Шалкуйрык), Ер Төстік үшеуі аман қалады (Ер Тостик втроем невредимыми/в живых остаются).

Жер үстіне шығатын есікке дейін алты айлық жол екен. Жолдың ауырлығына шыдамай, жылан Бапы ханның қызы және жолдастарының бәрі қырылып қалады, жалғыз-ақ Күңке деген бір күңі мен Шалқұйрық, Ер Төстік үшеуі аман қалады.

Үшеуі шаршап бір бұлақтың басына келіп жатады (трое, устав, одного родника к истоку: «голове» придя располагаются; шаршау — утомляться, уставать; бұлақ — ручей, родник). Бұлақтың басында бір үлкен бәйтерек тұрады (у истока родника один гигантский тополь стоит = растет). Бір мезгілде сол бәйтеректің басынан (в один момент того тополя с головы = кроны) шуылдаған зарлы дауыс естіледі (галдящий жалобный голос слышится; шуылдау — шуметь, кричать; галдеть; естілу — слышаться; есту — слышать). Қараса (если = когда смотрят), шуылдаған балапандар екен (галдящими птенцы /являются/ оказывается; балапан — птенец; цыпленок), бұларды жеуге бір айдаһар (этих/их

съестъ чтобы, один дракон; жеу — кушать, есть) жоғары өрмелеп бара жатыр екен (вверх взбираясь, ползет оказывается; өрмелеу — залезать; карабкаться, взбираться вверх).

Үшеуі шаршап бір бұлақтың басына келіп жатады. Бұлақтың басында бір үлкен бәйтерек тұрады. Бір мезгілде сол бәйтеректің басынан шуылдаған зарлы дауыс естіледі. Қараса, шуылдаған балапандар екен, бұларды жеуге бір айдаһар жоғары өрмелеп бара жатыр екен.

Ер Төстік садағын алады да (Ер Гостик лук свой берет и), өрмелеп бара жатқан айдаһардың (взбираясь ползущего дракона) екі көзінің арасынан дәлдеп тартып қалады (двух глаз между нацелив точно, натянув /тетиву, стрелу/ пускает; дәлдеу — уточняют; направлять точно /в цель/; дәлдеп ату — стрелять, точно целясь; дәл — точно; тарту — тянуть, тащить; натягивать /лук/), айдаһар жерге сылқ ете түседі (дракон на землю как подкошенный делая опускается = валится; сылқ-сылқ ету, сылқ түсу — упасть, грохнуться, плюхнуться; түсу — спускаться; падать). Айдаһардың жерге құлап қалғанын көрген соң (дракон на землю упав остался то что, увидев поскольку), балапандар шошуын тоқтатады (птенцы испуг свой прекращают; шошу — пугаться; испуг, боязнь). Ер Төстік жайланып ұйқыға кіріседі (Ер Гостик, расположившись, сну предается; жайлану — удобно устраиваться, размещаться; ұйқы — сон; кірісу — совместно войти; приниматься, начинать: іске кірісу — приступать к делу).

Ер Төстік садағын алады да, өрмелеп бара жатқан айдаһардың екі көзінің арасынан дәлдеп тартып қалады, айдаһар жерге сылқ ете түседі. Айдаһардың жерге құлап қалғанын көрген соң, балапандар шошуын тоқтатады. Ер Төстік жайланып ұйқыға кіріседі.

Ер Төстік бір дауыстан шошып оянса (Ер Тостик от одного голоса/звука испугавшись просыпается если = когда; *дауыс — голос; ояну — просыпаться, пробуждаться*), қатты дауыл тұрған екен (большая буря стояла = началась оказывается; *дауыл — сильный ветер, буря, ураган; шторм*), дауылдың артынан бұршақ аралас жаңбыр жауады (за бурей вслед с градом вперемежку дождь льет; *артынан — из-за; вслед; бұршақ — град; аралас — смешанный; араласу — смешиваться; перемешиваться*), жаңбырмен қабат суылдаған дауыс естіледі (с дождем слоев /деревя/ шуршавших голос = звук слышится; *жаңбыр — дождь; қабат — слой; пласт; ряд; суылдау — шуршать, шелестеть, шуметь; жапырақтар суылдады — листья шелестели, жел суылдайды — ветер шумит; летать с шумом/со свистом*), соның артынша ұзамай-ақ бір алып қара құс көрінеді (этого вслед = *вслед за этим* незамедлительно одна громадная черная птица показывается). Алып қара құс суылдаған бетімен (громадная черная птица с шумом: «прошумев» тут же; *бетімен — как попало*) бәйтерекке келіп қонғанда (к тополю прилетев когда садилась/при посадке) бәйтерек майысып, сынып қала жаздайды (тополь погнувшись, сломавшись остается чуть было не = чуть было не сломался; *майысу — гнуться; сыну — ломаться; разбиться, расколиться; жаздау — чуть было не...: құлап кете жаздадым — чуть было не упал*).

Ер Төстік бір дауыстан шошып оянса, қатты дауыл тұрған екен, дауылдың артынан бұршақ аралас жаңбыр жауады, жаңбырмен қабат суылдаған дауыс естіледі, соның артынша ұзамай-ақ бір алып қара құс көрінеді. Алып қара құс суылдаған бетімен бәйтерекке келіп қонғанда бәйтерек майысып, сынып қала жаздайды.

Бұл алып қара құс — самұрық екен (эта громадная черная птица — самрук оказывается; *самұрық — самрук /миф. гигантская птица, говорящая*

*человеческим голосом/*). Самұрықтың үлкендігі сондай (самрука величие такое/громадность такая), жайып жібергенде (когда раскинув отпуская = когда взмахивает /крыльями/; *жаю — разбрасывать, раскидывать*), бір қанатының өзі (одного крыла самость = само одно крыло) бір айлық жерді алып кетеді екен (одно месячную землю = *путь в один месяц* взяв уходит оказывается = покрывает).

Қонысымен самұрық бәйтеректің түбіндегі Ер Төстікті (с приземлением своим самрук тополя у подножья /расположившегося/ Ер Тостика) бүруге тап береді (схватить в качестве добычи чтобы, пытается было; *бұру — хватать и не давать возможности уйти /напр., о беркуте/*), бірақ балапандары шыр-шыр еткен соң тоқтайды (но птенцы ее чирикают/щебечат поскольку, останавливается = прекращает; *тоқтау — остановиться, стать*).

Бұл алып қара құс — самұрық екен. Самұрықтың үлкендігі сондай, жайып жібергенде, бір қанатының өзі бір айлық жерді алып кетеді екен.

Қонысымен самұрық бәйтеректің түбіндегі Ер Төстікті бүруге тап береді, бірақ балапандары шыр-шыр еткен соң тоқтайды.

Самұрықтың екі басы бар екен (у самрука две головы есть оказывается): бір басы адамдікіндей (одна голова — как у человека; *адамдікі — имеющий отношение к человеку, человеческий; адам — человек*), бір басы құстікіндей екен (одна голова — как у птицы; *құс — птица*). Самұрықтың адам басы Ер Төстікке тіл қатады (самрука человетья голова Ер Тостику с языком = *речью* обращается; *қату — замерзать, застывать, затвердевать; тіл қату — молвить, говорить*):

— Ей, адам, бұл жерге не жұмыспен келдің (эй, человек, в данную землю с каким делом пришел; *жұмыс — работа, дело, занятие*)? Менің балапандарымды аулай келдің бе (моих птенцов поймать пришел ты; *аулау —*

*ловить*)? Бұл жерді адам басқан емес (эти земли человек ступавшим не был; *басу — давить, нажимать; ступать*), бұл — менің мекенім (это — мое пристанище/удел; *мекен — местожительство; местонахождение; местопребывание*), — дейді (молвит).

Оған Ер Төстік (ей Ер Тостик):

— Мен жер үстінің Ер Төстігі едім (я земли верха Ер Тостиком являюсь), сенің мекеніңе адасып келдім (в твое пристанище заблудившись пришел я), балапандарыңа қастық ойлаған жоқпын (птенцам твоим злодеяние замыслив не был я = не замышлял; *қастық — вражда; враждебность; злой умысел; злодеяние; ойлау — думать; мыслить*), ана жатқан айдаһардан айырып алдым (от того лежащего дракона отделив/отняв взял я = у того дракона забрал; *айыру — отделять; отнимать: баланы емшектен айыру — отнимать ребенка от груди*). Нанбасаң (если не веришь; *нану — верить*), өздерінен сұра (у них самих спроси), — дейді (молвит).

Самұрықтың екі басы бар екен: бір басы адамдікіндей, бір басы құстікіндей екен. Самұрықтың адам басы Ер Төстікке тіл қатады:

— Ей, адам, бұл жерге не жұмыспен келдің? Менің балапандарымды аулай келдің бе? Бұл жерді адам басқан емес, бұл — менің мекенім, — дейді.

Оған Ер Төстік:

— Мен жер үстінің Ер Төстігі едім, сенің мекеніңе адасып келдім, балапандарыңа қастық ойлаған жоқпын, ана жатқан айдаһардан айырып алдым. Нанбасаң, өздерінен сұра, — дейді.

Балапандар Ер Төстіктің жасаған жақсылығын (птенцы Ер Тостика = *Ер Тостиком содеянное добро*) жасырмай айтып береді (не утаивая/без утайки рассказывают; *жасырмай — начистоту, не скрывая; жасыру — прятать*). Сол арада алып қара құс (в тот промежуток = *момент* громадная черная птица) Ер

Төстіктің аяғына жығылып (к Ер Тостика ногам припав; *жығылу — падать; припадать /к ногам/*), онымен айрылмас дос болады (с ним неразлучным другом становится; *айрылу — разлучаться, расставаться*).

Балапандар Ер Төстіктің жасаған жақсылығын жасырмай айтып береді. Сол арада алып қара құс Ер Төстіктің аяғына жығылып, онымен айрылмас дос болады.

Алып қара құс жылына бір-ақ рет балапандайды екен (*громадная черная птица в год один всего раз плодится оказывается; бір рет — один раз; балапан/балапандау/балапандайды — птенец/выводит птенцов/выводит птенцов*). Содан кейін балапандарына жем іздеп алысқа кетіп (*после этого птенцам своим корм ища далеко уходя*), бір айда бір-ақ қатынап (*в один месяц единожды направляясь*), қайтуға мұршасы келмей жүреді екен (*вернуться чтобы удобного случая не приходя = пока не будет возможности, передвигается оказывается; мұрша — возможность, удобный случай*). Алып қара құстың сол кеткенін аңдып жүріп (*громадной черной птицы этот уход поджидая ходя; аңду — подкарауливать; подстерегать*), сол маңдағы бір айдаһар жыл сайын балапандарын жеп кетеді екен (*тот близлежащий = близко живущий дракон ежегодно птенцов ее поедая уходит = поедает оказывается; маңдағы — близлежащий*). Алып қара құс содан запы болып қайтқанда (*громадная черная птица от этого уставшей будучи при возвращении*): “Балапандарым аман болса екен (*птенцы мои невредимыми если остались бы только*)”, — деп жылап қайтады екен (*молвив плача возвращается оказывается; жылау — плакать*).

Алып қара құс жылына бір-ақ рет балапандайды екен. Содан кейін балапандарына жем іздеп алысқа кетіп, бір айда бір-ақ қатынап, қайтуға мұршасы келмей жүреді екен. Алып қара құстың сол кеткенін аңдып жүріп, сол

мандағы бір айдаһар жыл сайын балапандарын жеп кетеді екен. Алып қара құс содан запы болып қайтқанда: “Балапандарым аман болса екен”, — деп жылап қайтады екен.

Бағанағы дауыл (недавняя буря) — асығып ұшқанда алып құстың қанатынан тұрған жел екен (торопясь при полете = при полете спешащей громадной птицы из-под крыльев вставший ветер оказывается; асығу — торопиться; спешить), жаңбыр — соның жылаған көзінің жасы екен (дождь — ее заплаканных глаз слёзы оказывается; жас — слеза). Өзі жем іздеген сапарынан қайтқанда (сама корм ищущего из путешествия при возвращении = по возвращении из путешествия за кормом; сапар — поездка; путешествие) балапандарын аман көргені осы жолы-ақ екен (птенцов своих невредимыми то что увидела, она в этот раз/впервые оказывается).

Бағанағы дауыл — асығып ұшқанда алып құстың қанатынан тұрған жел екен, жаңбыр — соның жылаған көзінің жасы екен. Өзі жем іздеген сапарынан қайтқанда балапандарын аман көргені осы жолы-ақ екен.

Алып қара құс Ер Төстікпен дос болған соң (громадная черная птица с Ер Тостиком другом стала поскольку): “Не қалайсың (чего желаешь; қалау — желать, выбирать)?” — деп сұрайды (спрашивает).

Ер Төстік басынан кешкен әңгімесінің бәрін айта келіп (Ер Тостик с головы его прошедшей истории/рассказа все поведав = все, что с ним приключилось; әңгіме — беседа; рассказ), адасып жүргенін (потерявшись блуждал то что; адасу — сбиться с пути), енді жер үстіне шыққысы келетінін айтады (теперь на земли верх выйти он хочет то что, рассказывает).

Алып қара құс Ер Төстікпен дос болған соң: “Не қалайсың?” — деп сұрайды.

Ер Төстік басынан кешкен әңгімесінің бәрін айта келіп, адасып жүргенін, енді жер үстіне шыққысы келетінін айтады.

Алып құс Ер Төстікті қанатына мінгізіп ұшып (громадная черная птица Ер Гостика на свое крыло посадив полетев; *мину — садиться /напр., на коня/*), тар тесіктен өткізіп жер үстіне шығарады (через узкую дырку/отверстие проведя, на земли верх вытаскивает; *тесік — дыра*). Қоштасарда Төстікке бір тал қауырсынын үзіп береді (при прощании Гостикку одну штуку своего пера оторвав дает; *қауырсын — перо птицы*): — Денемдегі ерекше қасиеті бар жалғыз тал қауырсыным осы еді (в теле моем особого свойства наделенным единственная штука перо это было; *ден — тело; қасиет — свойство, достоинство; прок*). Қысылған жерінде (в стесненном месте = попав в затруднительное положение), осы қауырсынды тұтатсаң (это перо подожжешь если; *тұтату = тұтандыру — разжигать; зажечь*), даяр боламын (готовой буду = появлюсь перед тобой), қандай қысымшылықта болсаң да (в каком затруднении будешь если и = ты бы ни был; *қысымшылық — зажим; стесненность; трудные обстоятельства; қысымшы — притеснитель, тиран; қысым — зажим; давление; қысу — жать; сжимать; давить*), құтқарып аламын (выручить возьму = смогу). Егер де оны жоғалтып алсаң (если же его потерять сумеешь = умудришься; *жоғалту — терять*), менен жәрдем күтпе (от меня помощи не жди; *күту — ждать, ожидать*), — дейді (молвит).

Алып құс Ер Төстікті қанатына мінгізіп ұшып, тар тесіктен өткізіп жер үстіне шығарады. Қоштасарда Төстікке бір тал қауырсынын үзіп береді. — Денемдегі ерекше қасиеті бар жалғыз тал қауырсыным осы еді. Қысылған жерінде, осы қауырсынды тұтатсаң, даяр боламын, қандай қысымшылықта болсаң да, құтқарып аламын. Егер де оны жоғалтып алсаң, менен жәрдем күтпе, — дейді.

Жер үстіне шыққан соң (на земли поверх вышедши поскольку), Ер Төстік күннің қызуына балқып (Ер Тостик солнца жаре расплавившись = размякнув; қызу — *нагреваться, накаляться*; балқу — *плавиться*), ауыр ұйқыға кетеді (в тяжелый/крепкий сон уходит = погружается в глубокий сон), еш нәрседен қауіпсіз жата береді (ничего: «ни от чего» не опасаясь, лежит: «лежать продолжает»); *қауіпсіз — безопасно; қауіп — опасность; угроза*).

Ер Төстікті жалмауыз кемпір ұстай алмай қалған соң (Ер Тостика прозорливая старуха поймать не сумев осталась поскольку), перінің қызы Бекторы ашуланып (Бекторы, пери/феи дочь, разгневавшись; *ашулану — возмущаться, разгневаться, сердиться*), кемпірді буындырып өлтірген екен (старуху задушив убивает оказывается; *өлтіру — убить; умертвить; өлу — умереть*). Кемпірден Шойынқұлақ деген бала қалған екен (от старухи Шойынкулак /Чугунное Ухо/ названный ребенок остался оказывается; *шойын — чугун*). Бекторы соған Ер Төстіктің шығатын жерін күзет тіріп қояды (Бекторы тому Ер Тостика выходимое место = *место, откуда должен выйти Ер Тостик* стеречь ставит; *күзет — караул; охрана; күзету — караулить; сторожить; охранять*).

— Ер Төстік жер астында қалмайды (Ер Тостик в Подземелье не останется), жердің бетіне қашан болса (на земли лицо/поверхность когда-нибудь), әйтеуір (все-таки; *әйтеуір — все же, как бы то ни было, все-таки; наконец-то*), бір күні шығады (в один день = *однажды* выйдет), сол шыққанын андып отырып (того выход подстерегая сидя), ұстап ал (поймав возьми/схвати; *ұстау — держать; подержать; задержать, арестовать*). Егер ұстай алмай қалсаң (если поймать не сумев останешься = не поймаешь), менен жақсылық күтпейсің (от меня добра не жди), — дейді (молвит).

Жер үстіне шыққан соң, Ер Төстік күннің қызуына балқып, ауыр ұйқыға кетеді, еш нәрседен қауіпсіз жата береді.

Ер Төстікті жалмауыз кемпір ұстай алмай қалған соң, перінің қызы Бекторы ашуланып, кемпірді буындырып өлтірген екен. Кемпірден Шойынқұлақ деген бала қалған екен. Бекторы соған Ер Төстіктің шығатын жерін күзеттіріп қояды. — Ер Төстік жер астында қалмайды, жердің бетіне қашан болса, әйтеуір, бір күні шығады, сол шыққанын андып отырып, ұстап ал. Егер ұстай алмай қалсаң, менен жақсылық күтпейсің, — дейді.

Шойынқұлақ содан бері (Шойынқулақ с тех пор) Ер Төстікті күзетумен болған екен (Ер Тостика караулить чтобы, пребывал оказывается). Жер үстіне шығып (на земли поверхность вышедшего), ұйықтап жатқан Төстікті ұстап (спящим лежащего Тостика поймав), қол-аяғын байлап алып (руки-ноги его связав взяв; байлау — связывать; привязывать), Бекторыға әкеліп береді (к Бекторы принесся отдает). Бекторы Ер Төстікті зынданға салып тастайды да (Бекторы Ер Тостика в тюрьму/темницу поместив оставляет = сажает и), Күңкені Шойынқұлаққа қосады (Кунке к Шойынқулаку прибавляет = отдает ему в жены; қосу — прибавлять; присоединять; выдавать замуж), Шалқұйрықты бекітіп ұстайды (Шалқуйрыка заперев держит; бекіту — укреплять, прочно закреплять; запирает).

Шойынқұлақ содан бері Ер Төстікті күзетумен болған екен. Жер үстіне шығып, ұйықтап жатқан Төстікті ұстап, қол-аяғын байлап алып, Бекторыға әкеліп береді. Бекторы Ер Төстікті зынданға салып тастайды да, Күңкені Шойынқұлаққа қосады, Шалқұйрықты бекітіп ұстайды.

Сонымен Ер Төстік ұзақ уақыт зынданда қалып қояды (таким образом Ер Тостик долгое время в темнице оставаясь содержится). Шойынқұлақтан жүкті болып (от Шойынқулака в положении будучи), Күңке бір бала туып алады (Кунке одного ребенка/мальчика родить успевает/рожает; табу — находить;

*приобрести; бала табу — родить ребенка*). Шойынқұлақ Шалқұйрықты мініп аң аулайды (Шойынқулақ Шалқуйрыка оседлав, зверя ловит = охотится).

Шалқұйрықты бекітуге тұсау шақ келмейді (Шалқуйрыка стреножить чтобы пут на ноги подходящих не находится; бекіту — закреплять; запирасть; тұсау — налагать пути на ноги коня; шақ — соответствующий, подходящий, впору).

Сонымен Ер Төстік ұзақ уақыт зынданда қалып қояды. Шойынқұлақтан жүкті болып, Күңке бір бала туып алады. Шойынқұлақ Шалқұйрықты мініп аң аулайды.

Шалқұйрықты бекітуге тұсау шақ келмейді.

Бір күні Шойынқұлақ аңнан қайтып (в один день Шойынқулақ со зверя = с охоты возвратясь), Шалқұйрыққа тұсау таба алмаған соң (Шалқуйрыку пути найти не сумев поскольку), оны өзінің қырық құлаш қайыс белбеуімен тұсайды (его своим в сорок обхватов ремненным поясом спутывает; құлаш — /устар. мера длины: расстояние между вытянутыми в сторону руками/ обхват; белбеу — кушак; пояс). Қайыс белбеудің бір жағы шешіліп кетеді (ременного пояса одна сторона = один конец снявшись уходит = развязывается). Аяғы босаған соң (ноги его освободившись поскольку; босау — пустеть, пустовать; освободиться), Шалқұйрық шауып отырып (Шалқуйрык помчавшись; шабу — рубить; скакать), Төстік жатқан зынданның басына келіп (Тостик лежавший = в которой находился к темнице придя), тұяғымен жер тарпып тұрады (копытом землю бьет; тұяқ — копыто: ат тұяғы — конское копыто; тарпу — брыкаться; бить передними ногами /о лошади, верблюде/). Сөйткенде (делая так; сөйту — так делать, так поступать), белбеу Ер Төстік жатқан құдыққа түсіп кетеді (пояс в Ер Тостик лежавший = в котором находился Ер Тостик колодец падает: «упав уходит»; құдық — колодец).

Бір күні Шойынқұлақ аңнан қайтып, Шалқұйрыққа тұсау таба алмаған соң, оны өзінің қырық құлаш қайыс белбеуімен тұсайды. Қайыс белбеудің бір жағы шешіліп кетеді. Аяғы босаған соң, Шалқұйрық шауып отырып, Төстік жатқан зынданның басына келіп, тұяғымен жер тарпып тұрады. Сөйткенде, белбеу Ер Төстік жатқан құдыққа түсіп кетеді.

Белбеуінде Шойынқұлақтың шақпағы бар екен (в поясе его Шойынкулака огниво/кремень имеется оказывается). Төстік сол шақпақпен алып қара құс берген қауырсынды тұтатады (Тостик тем огнем, взяв, черной птицей данное перо поджигает). Қауырсын тұтанысымен-ақ (пера с самого зажигания), алып қара құс жетіп келеді (громадная черная птица достигнув приходит = появляется); қанатына мінгізіп (на крыло свое усадив), құдықтан шығарады (из колодца вытаскивает), қол-аяғын шешіп береді (руки-ноги развязав дает = распутывает; *шешу — развязывать*).

Белбеуінде Шойынқұлақтың шақпағы бар екен. Төстік сол шақпақпен алып қара құс берген қауырсынды тұтатады. Қауырсын тұтанысымен-ақ, алып қара құс жетіп келеді; қанатына мінгізіп, құдықтан шығарады, қол-аяғын шешіп береді.

— Қолымнан келген жақсылығым осы (из рук моих пришедшее = все, что смогла сделать, добро мое это; *жақсылық — доброта; благо*), досым, Шойынқұлаққа әлім келмейді (мой друг, до Шойынкулака моей мощи не дойдет = не хватит; *әл — сила, мощь*). Себебі оның жаны өзінде болмайды (потому что его души при нем не бывает), жанын ол ешкімге білдірмей өзінен бөлек бір жерде сақтайды (душу свою он никому не ведая от себя в отдельном месте хранит/содержит; *ешкім — никто; сақтау — хранить, оберегать*). Қайтсең де (как бы там ни было; *қайту — что делать; как поступить; что предпринимать; возвратиться*) соның жанын тауып ал (его душу найти сумеи),

жанын таппасаң (*душу его не найдешь если*), құтыла алмайсың (*спастись не сумеешь; құтылу — избавляться, спасаться*), — дейді де (*молвит и*), қоштасып кетіп қалады (*попрощавшись, уйдя остается = уходит*).

— Қолымнан келген жақсылығым осы, досым, Шойынқұлаққа әлім келмейді. Себебі оның жаны өзінде болмайды, жанын ол ешкімге білдірмей өзінен бөлек бір жерде сақтайды. Қайтсең де соның жанын тауып ал, жанын таппасаң, құтыла алмайсың, — дейді де, қоштасып кетіп қалады.

Төстік Шалқұйрыққа мініп (*Тостик на Шалкуйрыка сев*), Шойынқұлақтың үйіне келеді (*в Шойынкулака дом приходит*). Келсе (*приходит если*), Шойынқұлақ Шалқұйрықты іздеп кеткен екен (*Шойынкулак Шалкуйрыка в поисках ушел оказывается; іздеу — искать*). Күңке Төстікке жылап көріседі (*Кунке Тостику плача встречается = с ним здороваается; көрісу — видаться; встречаться; здороваться друг с другом, подавая руку или обнимаясь*), көрген қорлықтарының бәрін шағып (*на увиденные унижения/мучения все пожаловавшись*): “Шойынқұлақтан құтқар (*от Шойынкулака избавь; құтқару — спасти; избавить; выручить*)”, — деп жалынады (*умоляет*).

Төстік Шалқұйрыққа мініп, Шойынқұлақтың үйіне келеді. Келсе, Шойынқұлақ Шалқұйрықты іздеп кеткен екен. Күңке Төстікке жылап көріседі, көрген қорлықтарының бәрін шағып: “Шойынқұлақтан құтқар”, — деп жалынады.

Ер Төстік Күңкеден (*Ер Тостик от Кунке*) Шойынқұлақтың сырын түгел сұрап біледі (*Шойынкулака тайну/секрет полностью спросив, узнает*). Шойынқұлақ баласын өте жақсы көреді екен (*Шойынкулак ребенка своего очень хорошо видит = любит оказывается; жақсы көру — любить: «хорошо видеть»*), баласынан аяйтыны болмайды екен (*ребенку своему: «от ребенка своего» того*

что жалеет, не бывает оказывается; *аяу — пощадить; сжалиться*). Соны білгеннен кейін (этого узнания после = узнав это) Төстік Күңкеге мынаны айтады (Тостик Кунке следующее говорит): — Кешке Шойыңқұлақ келеді (к вечеру Шойыңкулак придет), келгеннен кейін тамаққа әбден тойғызып жатқыз (приезда после = *после того как он придет* еде = *едой* вполне насытив, его уложи; *тойғызу — накормить досыта; тою — насыщаться, наедаться /вдоволь/*), көзі ұйқыға бара берген кезде (глаза его ко сну когду будут смыкаться), баланы қайта-қайта шымшып (ребенка снова и снова щипая; *шымшу — ущипнуть*), жылата бер (плакать заставлять продолжай; *жылау/жылату — плакать/заставлять плакать*). Шойыңқұлақ: “Бала неге жылайды (ребенок почему плачет)?” — десе (молвит если = когда), балаң (твой ребенок): “Мен Шойыңқұлақтың баласы емес (я Шойыңкулака ребенком не являюсь), Ер Төстіктің баласы болсам керек (Ер Тостика ребенком являюсь скорее всего). Егер Шойыңқұлақ менің нағыз әкем болатын болса (если Шойыңкулак моим настоящим отцом являлся бы), жанымды жанына қосқызып қоятын еді (душу мою к душе своей добавить позволил бы; *қосу — прибавлять; добавлять; присоединять; қосқызу — побудить/позволить добавить; қою — ставить; класть /в роли вспомогательного глагола придает выражению оттенок усиления, неожиданности или преднамеренности/*). Жанының қайда екенін маған әлі айтқан жоқ (души его где нахождение мне еще рассказавши нет = не рассказал), — деп жатыр (молвит). Жылата бер (плакать заставлять продолжай), жылаған сайын (каждый раз как будет плакать): «Неге жылайды (почему плачет)?» — деп сұраса (спросит если), осы сөзді айта бер басқа еш нәрсе айтпа (эти слова говорить продолжай, другого ничего не говори; *нәрсе вещь; предмет; штука, бір нәрсе — что-либо; еш нәрсе — ничего*), — дейді (молвит).

Ер Төстік Күңкеден Шойынқұлақтың сырын түгел сұрап біледі. Шойынқұлақ баласын өте жақсы көреді екен, баласынан аяйтыны болмайды екен. Соны білгеннен кейін Төстік Күңкеге мынаны айтады: — Кешке Шойынқұлақ келеді, келгеннен кейін тамаққа әбден тойғызып жатқыз, көзі ұйқыға бара берген кезде, баланы қайта-қайта шымшып, жылата бер. Шойынқұлақ: “Бала неге жылайды?” — десе, балаң: “Мен Шойынқұлақтың баласы емес, Ер Төстіктің баласы болсам керек. Егер Шойынқұлақ менің нағыз әкем болатын болса, жанымды жанына қосқызып қоятын еді. Жанының қайда екенін маған әлі айтқан жоқ, — деп жатыр. Жылата бер, жылаған сайын: «Неге жылайды?» — деп сұраса, осы сөзді айта бер басқа еш нәрсе айтпа, — дейді.

Сөйтеді де (таким образом поступает и), Ер Төстік баланың бесігінің астын қазып алып (Ер Төстик ребенка колыбели под низом выкопав), жасырынып жатады (спрятавшись лежит; жасырынып — тайком, тайно, украдкой; жасырыну — спрятаться, скрываются; жасыру — прятать, скрывать). Кешке Шойынқұлақ келеді (к вечеру Шойынқұлак приходит). Ер Төстік айтқандай (Ер Төстик как сказал), Күңке оны тамаққа тойғызып жатқызады (Кунке его, едой насытив, укладывает). Жатқан соң баланы жылата бастайды (после того как он лег, ребенка плакать заставлять начинает). Баланы әлдилеп уатқан болып отыра шымшып жылата береді (ребенка убаюкивая успокаивая будучи сидя, ущипнув, плакать заставляя продолжает = заставляет).

Сөйтеді де, Ер Төстік баланың бесігінің астын қазып алып, жасырынып жатады. Кешке Шойынқұлақ келеді. Ер Төстік айтқандай, Күңке оны тамаққа тойғызып жатқызады. Жатқан соң баланы жылата бастайды. Баланы әлдилеп уатқан болып отыра шымшып жылата береді.

Шойынқұлақ:

— Күңке баланы уат (Кунке ребенка успокой)! — деп ақырады (орет; ақыру — громко кричать; орать).

Күңке уатқан болып (Кунке успокоив будучи = якобы), баланы онан жаман жылатады (ребенка того хуже заставляет плакать).

Бала жылай берген соң (ребенок плакать продолжил поскольку), Шойынқұлақ:  
— Балам неге жылайды (ребенок мой почему плачет), сұрашы (спроси, пожалуйста)? — дейді (молвит).

Шойынқұлақ:

— Күңке баланы уат! — деп ақырады.

Күңке уатқан болып, баланы онан жаман жылатады.

Бала жылай берген соң, Шойынқұлақ:

— Балам неге жылайды, сұрашы? — дейді.

Күңке баланың жылағанын сұраған болып (Кунке ребенка плач = о плаче спросив будучи = якобы), Шойынқұлаққа жауап қайырады (Шойынқулаку ответ возвращает; қайыру — вернуть):

— Балаң (твой ребенок): “Мен Шойынқұлақтың баласы емес (я Шойынқулака ребенком не являюсь), Ер Тәстіктің баласы болсам керек (Ер Тостика ребенком являюсь скорее всего; керек — нужно, надо, надобно). Егер Шойынқұлақ менің шын әкем болса (если Шойынқулақ моим настоящим отцом является; шын — действительный, истинный), жанымды өз жанына қосқызып қояр еді (душу мою к своей душе добавить позволил бы). Қосу былай тұрсын (добавить этак стоит пусть = да что там добавление; былай — так, этак), жанының қайда екенін де осы күнге дейін маған айтпай жүр (души его где расположение, то до сего дня мне не говоря ходит = не рассказывает). Ер Тәстік болса жанының қайда екенін әлдеқашан айтып берер еді (Ер Тостик является если = если бы Ер Тостик, души своей где расположение давно сказав выдал бы), соған жылаймын

(этому плачу = из-за этого плачу)”, — дейді балаң (говорит твой ребенок), — деп Шойынқұлақты нандырады (Шойынқулака заверяет).

— Балам былшылдамасын (ребенок мой пусть не болтает чепуху; *былшылдау — болтать; пороть чушь*)! Оның әкесі — Тәстік емес (его отец — не Ер Тостик), мен (/а/ я), оған менің жаным керек болса (ему моя душа нужной является если), оңаша жерде айтып беремін (в отдельном/уединенном месте рассказав выдам), — дейді Шойынқұлақ (молвит Шойынқулака).

Күңке баланың жылағанын сұраған болып, Шойынқұлаққа жауап қайырады:

— Балаң: “Мен Шойынқұлақтың баласы емес, Ер Тәстіктің баласы болсам керек. Егер Шойынқұлақ менің шын әкем болса, жанымды өз жанына қосқызып қояр еді. Қосу былай тұрсын, жанының қайда екенін де осы күнге дейін маған айтпай жүр. Ер Тәстік болса жанының қайда екенін әлдеқашан айтып берер еді, соған жылаймын”, — дейді балаң, — деп Шойынқұлақты нандырады.

— Балам былшылдамасын! Оның әкесі — Тәстік емес, мен, оған менің жаным керек болса, оңаша жерде айтып беремін, — дейді Шойынқұлақ.

Сөйтеді де (таким образом действует и), Күңкені үйден шығарып жіберіп (Кунке из дому выведя отпустив = выпроводив), Шойынқұлақ баласының бесігіне келіп (Шойынқулака ребенка своего к колыбели подойдя; *бесік — люлька; колыбель*), құлағына сыбырлап жанының қайда екенін айтады (на ухо его шепча, души его где расположение рассказывает; *сыбырлау — шептать; нашептывать*):

— Жаным алыста (душа моя далеко), оны өзіммен бірге сақтаймын (это с собой вместе храню/берегу; *сақтау — хранить, оберегать*). Борықты бұлақтың басында қырық елік жүреді (у истока сладкокорневого родника сорок косуль ходит; *борық — корневище /сахарного тростника, камыша/*), соның ішінде қайқы қаракер елік бар (их внутри = среди них кривая = с изгибом/с седловиной

чернистая косуля имеется; *қайқы — погнутый; загнутый: қайқы бел ат — лошадь с седловиной*), қайқы қаракер еліктің ішінде тоғыз қара сандық бар (*изогнутой чернистой косули внутри девять черных сундуков имеется*), сол сандықтың ең кішісінің ішінде тоғыз балапан бар (*тех сундуков в самом маленьком внутри девять птенцов имеется*), сол тоғыз менің жаным болады (*те девять моей душой будут*). Осыны біліп қой (*это узнав оставь = это знай*). Жаның кеудеңе сыймай бара жатса (*душа твоя в грудь твою не помещаясь уходит если; кеуде — грудь*), соған апарып қоса сал (*туда доставив, добавив положи; апару — отнести; доставить /куда-нибудь/*), бірақ өзіңнен басқа жан сезуші болмасын (*но кроме самого другая душа чувствующей не будет пусть = чтобы никто не знал; сезу — чувствовать; чуют; догадываться*), сезуші болса (*чувствующей будет если*), сен де (*и ты*), мен де тірі қалмаймыз (*и я живыми не останемся*), — дейді (*молвит*). Содан кейін ол орнына барып жатып қалады (*после этого он на место свое пойдя, расположившись остается = ложится спать; жату — лежать; находится, пребывать*).

Сөйтеді де, Күңкені үйден шығарып жіберіп, Шойынкұлақ баласының бесігіне келіп, құлағына сыбырлап жанының қайда екенін айтады:

— Жаным алыста, оны өзіммен бірге сақтаймын. Борықты бұлақтың басында қырық елік жүреді, соның ішінде қайқы қаракер елік бар, қайқы қаракер еліктің ішінде тоғыз қара сандық бар, сол сандықтың ең кішісінің ішінде тоғыз балапан бар, сол тоғыз менің жаным болады. Осыны біліп қой. Жаның кеудеңе сыймай бара жатса, соған апарып қоса сал, бірақ өзіңнен басқа жан сезуші болмасын, сезуші болса, сен де, мен де тірі қалмаймыз, — дейді. Содан кейін ол орнына барып жатып қалады.

Шойынкұлақтың жанының қайда екенін (*Шойынкулака души где расположение*) біліп алғаннан кейін (*узнав взятия после = после того как узнал*)

Төстік Борықты бұлақтың басына келеді (Тостик сладкокорневого родника к истоку приходит). Еліктердің су ішетін суатын аңдып (косуль = *косулями* воду выпиваемый водопой выследив; *суат — водопой*), жасырынып жатады (прячась лежит). Күн шаңқай түс болған мезгілде қырық елік (солнце ярким: «ярким цветом» будучи во время/в пору, сорок косуль; *түс — полдень; цвет; выражение лица; вид*) Борықты бұлақ қайдасың деп салып келе жатады да (сладкокорневый исток, где ты, молвя, направляются и), суатқа жақындаған кезде оскырынып тұра қалып (к водопою приблизившись когда, фыркаая вставая = встают; *кез — аршин; длина; время, пора: сол кезде — в то время; оскыру — /о лошади/ фыркаать, хранеть*), қайта жөнеледі (обратно направляются). Күн ысыған сайын еліктер суға беттеп келеді де (день/солнце нагреваясь при каждом разе косули к воде направляясь идут и; *ысу — становится горячим; /о погоде/ становится жарким; сайын — /служебное слово, выражающее значения: каждый раз; из... в, еже... и др./*), жақындаған мезгілде оскырынып (приблизившись в момент фыркаая = фыркаая в момент приближения), тұра қалып (встав остановившись = замерев), жалт беріп (резко повернувшись; *жалт беру — неожиданно, быстро повернуть в сторону*), қайта жөнеледі (обратно направляются). Ұзап кетеді де (удаляясь уходят и), шөлге шыдамай (жажде = *жажды не вытерпев = перед жаждой не устояв; шыдау — терпеть, переносить*), суға қайта ойысады (к воде обратно/снова перемещаются; *ойысу — переместиться в сторону*) бірақ суатқа жақындамайды (однако к водопою не приближаются/близко не подходят; *жақындау — приближаться; подходит; жақын — близкий*), үркіп, оскырынып тұра қалады (пугаясь, фыркаая замирают).

Шойынкұлақтың жанының қайда екенін біліп алғаннан кейін Төстік Борықты бұлақтың басына келеді. Еліктердің су ішетін суатын аңдып, жасырынып жатады. Күн шаңқай түс болған мезгілде қырық елік Борықты бұлақ қайдасың деп салып келе жатады да, суатқа жақындаған кезде оскырынып тұра қалып,

кайта жөнеледі. Күн ысыған сайын еліктер суға беттеп келеді де, жақындаған мезгілде оскырынып, тұра қалып, жалт беріп, қайта жөнеледі. Ұзап кетеді де, шөлге шыдамай, суға қайта ойысады бірақ суатқа жақындамайды, үркіп, оскырынып тұра қалады.

Әлден уақытта еліктер бір-бірімен сөйлесе бастайды (*спустя долгое время косули друг с другом разговаривать начинают; әлден — с этих пор, с тех пор, әлден уақытта — после долгого времени*). Біреуі (одна): “Су басында бір бөтен иіс бар (*у истока воды один чуждый запах есть*)”, — дейді (молвит). Енді біреуі (вдруг одна/другая): “Адам иісі секілді (*человеческий запах вроде*)”, — дейді (молвит). “Шойынқұлаққа қастық ойлаған біреу шығар (*Шойынкулаку злодеяние задумавший один/кто-то наверное*)?” — дейді (молвит). Әсіресе қайқы қаракер елік (*особенно изогнутая чернистая косуля*), өзгесінен оқшау, артында жүреді (*от других обособленно, сзади передвигается; оқшау — одинокий; обособленный; отделившийся от остальных*). Еліктер әлгіде сөзге келгенде (*косули к тем словам когда пришли = когда те слова сказали*), ол қаша жөнеледі (*она убегать принимается = пускается в бег; жөнелу — тронуться, отправиться в путь*).

Әлден уақытта еліктер бір-бірімен сөйлесе бастайды. Біреуі: “Су басында бір бөтен иіс бар”, — дейді. Енді біреуі: “Адам иісі секілді”, — дейді. “Шойынқұлаққа қастық ойлаған біреу шығар?” — дейді. Әсіресе қайқы қаракер елік, өзгесінен оқшау, артында жүреді. Еліктер әлгіде сөзге келгенде, ол қаша жөнеледі.

Сонда Ер Тәстік үн беріп (*тогда Ер Тостик, голос подав*), мынаны айтады (*следующее говорит*):

Жан серігім, қырық елік (души спутницы мои, сорок косуль; *серік — спутник; друг: жан серік — супруг/супруга, жол серік — спутник*),  
Жан сақтаған қайқы қара (душу хранящая изогнутая черная),  
Шошытқан сені кім келіп (испугав тебя, кто придя = пришел)?  
Суың тұнық былғанбаған (вода твоя чиста не загрязнена),  
Қашасындар неден жеріп (мчитесь от чего с отвращением/пренебрежением; *қашу — убежать; жеру — чуждаться, не признавать своим; не подпускать к себе своего детеныша: қой қозысынан жеріп кетті — овцематка не подпустила к себе своего ягненка; /перен./ ощущать брезгливость, отвращение*)?  
Төстік ерді олжаладым (Тостика батыра я добыл = одолел; *олжалау — добыть; заработать; приобрести грабежом; олжа — добыча*),  
Қатынын құшып, атын мініп (женщину его обнимая, на коня его садясь).  
Шошытып алдым сендерді (напугать смог я вас),  
Адам иісі содан сіңіп (человеческий запах оттуда проникнув). Қайтуға көріп жанымды (чтобы вернуться увидев душу свою)  
Жаңа келдім қолым тиіп (заново/только что пришел я, освободившись /от дел/; *қол тию — освободиться от дел/быть незанятым; тию — касаться, трогать*).  
Жалғыз ұлым жаны да (единственного сына душа также),  
Кеудесіне тұрмай сиып (в груди его стоя не помещаясь),  
Қосқыза соны жіберді (чтобы добавить ее, отпустил).  
Жан сақтаған қайқы елік (душу стерегущая изогнутая косуля)  
Жасымнан болдың жан серік (с детства стала ты души спутником).  
Судың ішіп тұнығын (воды испивая чистоту),  
Шөптен таңдап соны же (из трав выбирая нетронутую вкушай; *шөп — трава; таңдау выбирать; отбирать*),  
Адам иісі шығады деп (человека запах исходит мол),

Менен үркіп жеріме (меня пугаясь, не проявляй брезгливости; жеру — проявлять брезгливость, испытывать отвращение).

Өзім аман тұрғанда (сам я невредимым когда стою)

Кім келмекші жеріме (кто захочет прийти на землю мою), —  
дейді (молвит).

Сонда Ер Төстік үн беріп, мынаны айтады:

Жан серігім, қырық елік,  
Жан сақтаған қайқы қара,  
Шошытқан сені кім келіп?  
Суың тұнық былғанбаған,  
Қашасыңдар неден жеріп?  
Төстік ерді олжаладым,  
Қатынын құшып, атын мініп.  
Шошытып алдым сендерді,  
Адам иісі содан сіңіп. Қайтуға көріп жанымды  
Жаңа келдім қолым тиіп.  
Жалғыз ұлым жаны да,  
Кеудесіне тұрмай сиып,  
Қосқыза соны жіберді.  
Жан сақтаған қайқы елік  
Жасымнан болдың жан серік.  
Судың ішіп тұнығын,  
Шөптен таңдап соны же,  
Адам иісі шығады деп,  
Менен үркіп жеріме.  
Өзім аман тұрғанда  
Кім келмекші жеріме, —

дейді.

Еліктер сонда да сенбей (косули, и на этот раз не поверив), оскырып (фыркая), одырайын тұрысады (злобно /глядя/ стоят; *одыраю — смотреть, выражая презрение, враждебность: ол маған одырайып қарады — он зло посмотрел на меня*). Сонда Төстік (тогда Тостик):

Осы айтқаным сенбестен (на это сказанное мое с неверия; *сену — доверять; верить*),

Қашасындар бермей жанымды (убегаете, не давая душу мою).

Айыра алмай дауысты (отделить/различить не сумею голос),

Сындырасындар сағымды (ломаете вы марево; *сындыру — ломать; разбивать; сағым — мираж; марево; дымка; ср.: сағым қуу — мечтать /о неисполнимом, недостижимом/*),

Жолдас болған сендермен (спутником ставший с вами),

Шойын атым құрысын (Шойын имя мое пусть пропадет),

Қара ала тұйғын келген соң (черный пестрый ястреб как только придет),

Жырттырмасам таңынды (не порву, натравив: «не заставлю рвать» если я ваш пах; *жырту — рвать, разрывать; пахать: жер жырту — пахать землю*),

Судай шашып қаныңды (воде подобно разбрызгивая вашу кровь; *қан — кровь*)!

—

дейді (молвит).

Еліктер сонда да сенбей, оскырып, одырайын тұрысады. Сонда Төстік:

Осы айтқаным сенбестен,

Қашасындар бермей жанымды.

Айыра алмай дауысты,

Сындырасындар сағымды,

Жолдас болған сендермен,

Шойын атым құрысын,  
Қара ала түйғын келген соң,  
Жырттырмасам таңынды,  
Судай шашып қаныңды! —

дейді.

Сонда еліктер қашпай (тогда косули, не убегая), суды жағалай бастайды (воду вокруг обходить начинают; жағалай — вокруг, вдоль). Шойынқұлақтың бойын көрмеген соң (Шойынқулака /всего/ тела не видели поскольку; бой — рост; стан; все тело), бұрынғыларындай етен болып (подобно раннему = как и до этого, близко будучи; бұрынғы — бывший, предыдущий, прежний, прошлый), жақындамайды (не приближаются). Төстік те оларға бойын көрсете алмайды (Төстик тоже им /все/ тело свое показать не может). Еліктер сенерін де білмей (косули, верить ли не зная), сенбесін де білмей (не верить ли не зная), байқай-байқай келіп (настороже придя), суаттан жапырласып су ішуге бас қояды (из водопоя скопом воду пить чтобы, головы кладут/помещают; жапыру — пригибать к земле; придавливать; жапырылу — быть поваленным; быть пригнутым к земле; жапырылысу — пригибаться вместе, совместно).

Сонда еліктер қашпай, суды жағалай бастайды. Шойынқұлақтың бойын көрмеген соң, бұрынғыларындай етен болып, жақындамайды. Төстік те оларға бойын көрсете алмайды. Еліктер сенерін де білмей, сенбесін де білмей, байқай-байқай келіп, суаттан жапырласып су ішуге бас қояды.

Арт жағынан қайқы қара елік те бас қояды (с задней стороны изогнутая черная косуля тоже голову кладет). Еліктер өте шөлдеп қалған екен (косули очень испытывают жажду оказывается; шөлдеу — жаждавать, испытывать жажду; шөл — пустыня, голая степь; жажда), суға тойып (водой напившись; тою —

*насыщаться: мен тойдым — я наелся*), қарындарын қампитып қайқайып шыға келеді (животы надувши выпячиваясь выходят; *қампаю — надуваться; раздуваться; қайқаю — откинуться назад; выгибаться назад; выпячиваться; принимать гордую позу*). Әсіресе қайқы қараның қарны жер сызып (особенно изогнутый черной живот землю чертя/огибая), суаттан шыға берген кезде (из водопоя при выходе), Төстік қарнын дәл көздеп (Тостик в живот ее точно прицелившись), садақты тартып қалады (лук натянув отпускает), қарны ақтарыла тоғыз қара сандық жерге сау ете түседі (живот выворачивая, девять черных сундуков на землю целыми/невредимыми выпадают; *ақтару — шарить, обшарить; ворошить; рыться; выливать; опрокидывать; ақтарылу — опрокинуться*). Ең кішісін ұстай алып (самый маленький поймать сумев), Төстік ашып жіберсе (Тостик как только открывает), іші толған балапан (внутри заполненные птенцы = птенцы, наполняющие его; *толған — полный, наполненный; толу — наполняться*), шүпір-шүпір етеді (в кучу собираются; *шүпірлеу — собираться в одном месте /о детях, цыплятах, рыбешках и т. п. живых существах/; шүпірлеген балалар — собравшиеся в кучу дети*). Санап жіберсе (посчитав отпускает если = когда посчитал), тоғыз екен (девятиро оказывается). Сегізінің мойнын жұлып алып (восьмерых шеи свернув; *жұлу — рвать, жұлып алу — вырвать*): “Шойынкұлақты шала-жансарында бір көрейін (Шойынкулака в плохом самочувствии увижу-ка...)”, — деп, соның үйіне тартады (молвив, в его дом направляется; *тарту — тянуть, тащить; двинуться, направиться*).

Арт жағынан қайқы қара елік те бас қояды. Еліктер өте шөлдеп қалған екен, суға тойып, қарындарын қампитып қайқайып шыға келеді. Әсіресе қайқы қараның қарны жер сызып, суаттан шыға берген кезде, Төстік қарнын дәл көздеп, садақты тартып қалады, қарны ақтарыла тоғыз қара сандық жерге сау ете түседі. Ең кішісін ұстай алып, Төстік ашып жіберсе, іші толған балапан,

шүпір-шүпір етеді. Санап жіберсе, тоғыз екен, Сегізінің мойнын жұлып алып: “Шойынқұлақты шала-жансарында бір көрейін”, — деп, соның үйіне тартады.

Шойынқұлақтың үйіне жақындағанда (Шойынқұлақ к дому когда приблизился), Күңке алдынан шығады (Кунке ему навстречу выходит).

— Шойынқұлақ қалай (Шойынқұлақ как)? — деп сұрайды Төстік (спрашивает Тостик).

— Шойынқұлақ әлсіреп жатыр (Шойынқұлақ ослабев лежит; *әлсіреу — слабость, лишаться сил, становится немощным*), — дейді Күңке (молвит Кунке). Келсе (при приходе), Шойынқұлақтың көзі зорға қимылдайды (Шойынқұлақ глаза с трудом шевелятся), болар-болмас қана демін алып жатыр екен (кое-как всего дыхание берет/дышит оказывается). “Ей, батыр, қалайсың, деп (эй, батыр, как ты, молвив), Ер Төстік мазақтап жақындай бергенде (Ер Тостик, насмехаясь при приближении), Шойынқұлақтың қолы Ер Төстіктің жағасына шап ете қалады (Шойынқұлақ рука Ер Тостика за воротник ухватив остается = хватает). Екеуі алыса кетеді (оба борются уходят; *алысу — драться; хватать друг друга*). Төстік: “Оп-оңай-ақ жерге шаншып тастаймын ғой (легко в землю воткнув брошу; *шаншу — втыкать*)”, — деп ойлап еді (подумал было). Шойынқұлақ әл бермейді (Шойынқұлақ мощи не дает = не показывает силы). Енді біраз алысқан Шойынқұлақтың (теперь у немного поборовшегося Шойынқұлака) күшейіп бара жатқандығы байқалады (то что силы прибавляются, замечается/ощущается). Төстік буынып қара терге түсіп (Тостик, задыхаясь в черный пот впав = сильно вспотев; *тер — пот; түсу — спускаться; падать*), әлі кетіп бара жатады (мощь его покидает). Төбесінен тау басқандай денесін (сверху горе подобно задавившей его тело; *төбе — холм*) темір тор шырмаған болып көрінеді (железная сеть опутала будучи видится/кажется; *шырмау — завязывать, запутывая концы веревки*).

Шойынқұлақтың үйіне жақындағанда, Күңке алдынан шығады.

— Шойынқұлақ қалай? — деп сұрайды Төстік.

— Шойынқұлақ әлсіреп жатыр, — дейді Күңке. Келсе, Шойынқұлақтың көзі зорға қимылдайды, болар-болмас қана демін алып жатыр екен. “Ей, батыр, қалайсың, деп, Ер Төстік мазақтап жақындай бергенде, Шойынқұлақтың қолы Ер Төстіктің жағасына шап ете қалады. Екеуі алыса кетеді. Төстік: “Оп-оңай-ақ жерге шаншып тастаймын ғой”, — деп ойлап еді. Шойынқұлақ әл бермейді. Енді біраз алысқан Шойынқұлақтың күшейіп бара жатқандығы байқалады. Төстік буынып қара терге түсіп, әлі кетіп бара жатады. Төбесінен тау басқандай денесін темір тор шырмаған болып көрінеді.

Сол мезгілде Төстік Күңкеге жалынады (в этот момент Тостик Кунке молит):

Жылан Бапы жерінен (со змеиною Бапы земли),

Жер астының елінен (Подземелья страны)

Жалғыз-ақ ерген, жолдасым Күңке (единственно последовавший, спутник мой Кунке).

Киюге киім, жеуге тамақ таппай (чтобы надеть одежды, поесть еды не находя; табу — найти; приобрести),

Өмірін қорлықпен өткізген Күңке (жизнь свою в унижении проведшая Кунке).

Төстігің жаман қысылып (Тостик твой дурно = сильно зажат; қысу — жать; сжимать; давить),

Жан шығуға ұсынды (душу испустить предложил = готов уже испустить душу; ұсыну — протягивать; гүл ұсыну - преподносит цветы; предлагать).

Жетсеңші жылдам, жетсеңші (приди, пожалуйста, поскорей, приди; жылдам — скоро, быстро)!

Қорқақтап қашып кетпеші (испугавшись не убегай, пожалуйста).

Қойныма қолың салсаңшы (за пазуху руку свою положи, пожалуйста),

Сандық бар, жылдам алсаңшы (сундук есть, скорей возьми, пожалуйста)!

Балапан басын жұлсаңшы (птенца голову оторви, пожалуйста),  
Сөйтіп, бір ерлік қылсаңшы (таким образом один подвиг сделай, пожалуйста;  
*ерлік — героический; мужественный; героизм; мужество; подвиг!*) —  
деп зарлайды (жалобно просит; зарлау — рыдать; горько плакать /с  
причитанием/).

Сол мезгілде Төстік Күңкеге жалынады:

Жылан Бапы жерінен,  
Жер астының елінен  
Жалғыз-ақ ерген, жолдасым Күңке.  
Киюге киім, жеуге тамақ таппай,  
Өмірін қорлықпен өткізген Күңке.  
Төстігің жаман қысылып,  
Жан шығуға ұсынды.  
Жетсеңші жылдам, жетсеңші!  
Қорқақтап қашып кетпеші.  
Қойныма қолың салсаңшы,  
Сандық бар, жылдам алсаңшы!  
Балапан басын жұлсаңшы,  
Сөйтіп, бір ерлік қылсаңшы! —

деп зарлайды.

Күңке жүгіріп келіп (Кунке, прибежав), Төстіктің қойнындағы сандықты жұлып  
алып (Тостика за пазухой /находящийся/ сундук выдернув; *жұлу — рвать,*  
*жұлып алу — вырвать*), ашып көреді (открыв, смотрит). Қараса (при просмотре:  
«смотрит если»), балапандар жыбырлап көбейіп қалған екен (птенцы шевелясь  
размножившись стали оказывается; *жыбырлау — шевелиться; көбею —*  
*делаться многочисленным, множиться /көп — много/*), мойындарын жұлып-

жұлып алғанда (шеи их оторвав-оторвав при взятии = как только оторвала), Шойынқұлақ сылқ етіп құлай кетеді (Шойынқулак подкошенным падая уходит = валиться с ног; *сылқ: су сылқ-сылқ ағып жатыр — вода журчит, сылқ ету — падать как подкошенный*).

Төстіктің сандықпен қойнына тығып әкелген бір балапаны (с сундуком Гостика за пазуху воткнув, принесенный один птенец = птенец, которого сунул за пазуху...) сегіз балапан болып қалған екен (восьмерыми птенцами будучи стал оказывается). Енді біреуі тірілсе (еще один если бы ожил), Шойынқұлақ мүлде әл бермей кетпек екен (Шойынқулак вовсе мощь не давая ушел бы оказывается = стал бы непобедимым; *мүлде — совершенно, совсем, вообще*). Балапандардың мойны түгел жұлынған соң (птенцов шеи полностью свернуты поскольку; *мойын — шея*), Шойынқұлақ та өліп қалған екен (Шойынқулак так умерев остался = так умер оказывается).

Күңке жүгіріп келіп, Төстіктің қойнындағы сандықты жұлып алып, ашып көреді. Қараса, балапандар жыбырлап көбейіп қалған екен, мойындарын жұлып-жұлып алғанда, Шойынқұлақ сылқ етіп құлай кетеді.

Төстіктің сандықпен қойнына тығып әкелген бір балапаны сегіз балапан болып қалған екен. Енді біреуі тірілсе, Шойынқұлақ мүлде әл бермей кетпек екен. Балапандардың мойны түгел жұлынған соң, Шойынқұлақ та өліп қалған екен.

Шойынқұлақты өлтіріп (Шойынқулака убив; *өлтіру — убивать, умертвлять; өлу — умереть*), демін алып отырса (дыхание беря = переводя сидит если = когда), Шойынқұлақтың баласы бесігін шықыр-шықыр еткізіп (Шойынқулака ребенок колыбель свою скрипеть заставляя), бірдеме деп сөйлеп жатады (что-то поговаривая лежит).

Төстік құлақ салып тыңдаса (Гостик, ухо приложив, слушает если = когда; *тыңдау — слушать; подслушивать*): — Қап (жаль), бәлем (беда моя), Төстік,

саған қылмасам (Тостик, тебе если не сделаю), әкем Шойынқұлақтың құнын алмасам (отца Шойынкулака цену не возьму если = не отомщу)! — деп шіреніп-шіреніп қояды (кичится). Сол арада Төстік оның қол-аяғын байлап (в этот промежуток = тем временем Тостик его руки-ноги связав), бесік-месігімен суға тастап жібереді (с колыбелью в воду бросив посылает = бросает). Сөйтіп (таким образом), Бекторының жалмауызынан әбден құтылып алады да (от Бекторы /дочери пери Бекторы принадлежащей/ ведьмы: «прожорливой» полностью избавляются и), Ер Төстік елін іздеп тарта береді (Ер Тостик страну свою искать направляется; *іздеу — искать; тарту — тянуть, тащить; двинуться, направиться*).

Шойынқұлақты өлтіріп, демін алып отырса, Шойынқұлақтың баласы бесігін шықыр-шықыр еткізіп, бірдеме деп сөйлеп жатады.

Төстік құлақ салып тыңдаса: — Қап, бәлем, Төстік, саған қылмасам, әкем Шойынқұлақтың құнын алмасам! — деп шіреніп-шіреніп қояды. Сол арада Төстік оның қол-аяғын байлап, бесік-месігімен суға тастап жібереді. Сөйтіп, Бекторының жалмауызынан әбден құтылып алады да, Ер Төстік елін іздеп тарта береді.

Ер Төстік жер астына түскеніне көп жыл болады (Ер Тостик в Подземелье с момента спуска его много лет проходит). Елде күдер үзіп қояды (в родном краю надежду утратив остаются = надежду утрачивают). Жалғыз ғана Кенжекей (одна только Кенжекей): “Ер Төстік бір күні келер (Ер Тостик в один день = *однажды придет*)”, — деп дәмелі болып жүреді (молвя, в надежде будучи ходит; *дәме — надежда, упование; дәмелі — надеющийся, исполненный надежды*). “Құба інген қашан боталар екен (Куба-верблюдица когда принесет верблюжонка окажется; *боталау — /о верблюдице/ принести верблюжонка, родить*)? Ер Төстіктің не өлген хабары (Ер Тостика или умер то что, новость;

*хабар — весть; известие*), не келген хабары қашан білінер екен (или пришел то что, новость когда выявится окажется = когда будет принесено это известие)?” — деп соны күтумен болады (молвя, его с ожиданием пребывает; *күту — ждать, ожидать; ожидание*).

Ер Төстік жер астына түскеніне көп жыл болады. Елде күдер үзіп қояды. Жалғыз ғана Кенжекей: “Ер Төстік бір келер”, — деп дәмелі болып жүреді. “Құба інген қашан боталар екен? Ер Төстіктің не өлген хабары, не келген хабары қашан білінер екен?” — деп соны күтумен болады.

Бір күні Кенжекей ертемен тұрса (в один день Кенжекей рано встает если = когда), Құба інген жоқ (Кубы-верблюдицы нет). “Боталап кетпесе игі еді (родив, не уйдет если, благо было бы = только бы не оверблюдилась; *игі — хороший; добрый; благо: игі жұмыс — доброе дело, игі ниет — благое намерение;*)!” — деп, Кенжекейдің жүрегі су ете қалады (молвив, /у/ Кенжекей сердце екает; *су ету — пролетать со свистом; /перен./ екнуть /с испугу/: жүрегі су ете түсті — у него сердце екнуло, оқ су етіп кетті — стрела/пуля пролетела со свистом*). Жан-жақтан жүгіріп Құба інгенді іздейді (с разных сторон бегая Кубу-верблюдицу ищет), іздеп жүріп (в поиске пребывая):

Желі толған түйеден (веревка наполненная из верблюдов; *желі — веревка, натянутая по земле на кольях /служит для привязывания жеребят и телят/*), Артайын деп ер қосын (навьючу, мол, батыра дорожную юрту),

Таңдап та алған, Құба інген (и выбрав взятая = *выбранная* Куба-верблюдица; *таңдау — выбирать; отбирать*),

Арнап та алған, Құба інген (и предназначенная Куба-верблюдица; *арнау — предназначать; посвящать*).

Алыс жолға Ер Төстік (в долгий путь Ер Тостик)

Шыққан күні, Құба інген (вышедший день = в день, когда вышел, Куба-верблюдица).

Не келгенде, не өлгенде (либо когда придет, либо когда умрет),

Боталауға серт қылып (оверблюдиться клятву сделав),

Сөз байлапсың менімен (слово скрепила ты со мной; байлау — связывать; привязывать).

Ерте тұрып желіден (рано встав от веревки)

Жүріп те кеттің, Құба інген (ушла ведь ты, Куба-верблюдица),

Әлде бір хабар Төстіктен (или же одну новость от Тостика)

Біліп кеттің, Құба інген (узнав, ушла ты, Куба-верблюдица).

Төстік ердің өлгенін (Тостика батыра кончину),

Өлмесе қайтып келгенін (не умер если, то возвращение)

Білдірші енді, Құба інген (дай знать, пожалуйста, теперь, Куба-верблюдица).

Дамыл көрмей қаншадан (передышку не видя сколько; дамыл — передышка; короткий отдых),

Қайғы басып шаршаған (скорбь задавив уставшая),

Қам көңілді тындыршы (печальную/озабоченную душу успокой, пожалуйста; қам — забота; страдание, печаль; көңіл — желание; внимание; настроение),

Енді міне, Құба інген (теперь вот, Куба-верблюдица)! —

деп зарлайды (причитает).

Бір күні Кенжекей ертемен тұрса, Құба інген жоқ. “Боталап кетпесе игі еді!” — деп, Кенжекейдің жүрегі су ете қалады. Жан-жақтан жүгіріп Құба інгенді іздейді, іздеп жүріп:

Желі толған түйеден,  
Артайын деп ер қосын,  
Таңдап та алған, Құба інген,  
Арнап та алған, Құба інген.

Алыс жолға Ер Төстік  
Шыққан күні, Құба інген.  
Не келгенде, не өлгенде,  
Боталауға серт қылып,  
Сөз байлапсың менімен.  
Ерте тұрып желіден  
Жүріп те кеттің, Құба інген,  
Әлде бір хабар Төстіктен  
Біліп кеттің, Құба інген.  
Төстік ердің өлгенін,  
Өлмесе қайтып келгенін  
Білдірші енді, Құба інген.  
Дамыл көрмей қаншадан,  
Қайғы басып шаршаған,  
Қам көңілді тындыршы,  
Енді міне, Құба інген! —  
деп зарлайды.

Сол мезгілде беліндегі орамалы шешіліп (в этот момент на талии/поясе ее /находящийся/ платок развязавшись; бел — поясница; талия; орамал — платок), аяғына оралып, әуре қылады (вокруг ног ее обвившись, хлопоты доставляет; әуре — возня, хлопоты).

Сертпен тартып ораған (с клятвой затянув обмотанный),  
Торғын, белден босайсың (тонкий шелк, от талии освобождаешься ты),  
Аяқты орап шаршаған (ноги обмотав уставшие),  
Жүргізбейсің, тұсайсың (не даешь им ходить, спутываешь).  
Әлде бір хабар Төстіктен (или же одну новость от Тостика)

Білгенге бүгін ұқсайсың (ты узнал сегодня, похоже; ұқсау — *походить; быть похожим*), —

деп зарлап жүреді (причитая ходит).

Құба інген бір сайда боталайын деп жатыр екен (Куба-верблюдица в одном овраге разродиться чтобы лежит оказывается). Ар жағынан ақсақ боз атқа мінген (с другой стороны на хромого гнедого коня севший) бір ақсақалды шал көрінеді (один белобородый старик показывается). Құба інген боталап жатқанда (Куба-верблюдица от бремени избавлялась когда) Кенжекейдің беліндегі торғын орамалы шыр айнала тарқатылып (на Кенжекей талии шелковый платок/повязка вращаясь расплетаясь), жазыла береді (разворачиваясь продолжает = продолжает разматываться; жазылу — *развернуться, быть развернутым*).

Сол мезгілде беліндегі орамалы шешіліп, аяғына оралып, әуре қылады.

Сертпен тартып ораған,  
Торғын, белден босайсың,  
Аяқты орап шаршаған,  
Жүргізбейсің, тұсайсың.  
Әлде бір хабар Төстіктен  
Білгенге бүгін ұқсайсың, —  
деп зарлап жүреді.

Құба інген бір сайда боталайын деп жатыр екен. Ар жағынан ақсақ боз атқа мінген бір ақсақалды шал көрінеді. Құба інген боталап жатқанда Кенжекейдің беліндегі торғын орамалы шыр айнала тарқатылып, жазыла береді.

Кенжекей: “Енді Төстік өлген екен (теперь Тостик умер оказывается). Тірі болса (жив был бы если), әлдеқашан бір хабар болар еді (давно одна новость была бы

*уже; алдеқашан — давно; давным-давно)*”, — деп ойлап, зарлана бастайды (молвив подумав, причитать/плакать начинает):

Ақшелек келгір (сибирская язва пусть снизойдет на тебя = чтоб ты пропала),

Құба інген (Куба-верблюдица),

Серттескен едің менімен (клятвой заручилась было ты со мной)

Төстік ер қайтып келген күн (Тостик батыр в возвращения день),

Немесе Төстік өлген күн (или Тостик в день кончины),

Белгі беріп бірінен (знак подав по одному),

Боталармын дегенсің (верблюжонком разрожусь я, молвила ты)...

Қаншама жыл өтсе де (сколько лет прошло если и = хотя; *-се де — пусть, пускай, хотя*),

Өмірім өтіп кетсе де (хотя жизнь моя пройдя ушла),

Үміт үзбей Төстіктен (надежду не теряя на Тостика),

Бір келер деп жүр едім (в один /день/ придет мол ходила было я).

Төрт аяқты көсіліп (четыре ноги протянув),

Тұла бойың есіліп (все тело твое извившись; *есу — вить, свивать*),

Боталапсың, Құба інген (разрешилась от бремени ты, Куба-верблюдица),

Нені біліп есіріп (что узнав кичась; *есіру — быть вздорным; быть взбалмошным; быть неуравновешенным: тентек бала есіріп кетті — шалун совсем разбаловался; кичиться; проявляют чванство*).

Келуінен хабар жоқ (о возвращении его вести нет),

Шамасы Төстік өлгені (возможно, Тостик умер; *шама — сила; мощь; возможность*).

Серттескен торғын орамал (клятвой скрепленный шелковый платок; *серттесу — давать клятву, клясться; серт — клятва*),

Орай будым белімді (обматывая, завязала я пояс/талию свой)

Келмесе Төстік кешігіп (не придет если Тостик, запоздав),

Шешілмеске бердің сертіңді (не к решению дал ты клятву свою).

Төстіктен әлі хабар жоқ (от Гостика еще вести нет),

Сусисың белден шешіліп (скользишь ты с талии моей, развязавшись; сусу — сползать, соскальзывать),

Туралғандай бырт-бырт кесіліп (за правду взять если с треском определяя; туралғандай — за правду взять если; туралау — идти прямо, держаться прямого направления; /перен./ прямо, откровенно: туралап айту — говорить прямо /в глаза/),

Шамасы, Төстік өлгені (возможно, Төстик мертв)! —

деп жылап отырады (молвив плача сидит).

Кенжекей: “Енді Төстік өлген екен. Тірі болса, әлдеқашан бір хабар болар еді”, — деп ойлап, зарлана бастайды:

Ақшелек келгір, Құба інген,

Серттескен едің менімен

Төстік ер қайтып келген күн,

Немесе Төстік өлген күн,

Белгі беріп бірінен,

Боталармын дегенсің...

Қаншама жыл өтсе де,

Өмірім өтіп кетсе де,

Үміт үзбей Төстіктен,

Бір келер деп жүр едім.

Төрт аяқты көсіліп,

Тұла бойың есіліп,

Боталапсың, Құба інген,

Нені біліп есіріп.

Келуінен хабар жоқ,

Шамасы Төстік өлгені.

Сертескен торғын орамал,  
Орай будым белімді  
Келмесе Төстік кешігіп,  
Шешілмеске бердің сертіңді.  
Төстіктен әлі хабар жоқ,  
Сусисың белден шешіліп,  
Туралғандай бырт-бырт кесіліп,  
Шамасы, Төстік өлгені! —

деп жылап отырады.

Ақсақал шалдың астындағы (белобородого старика под низом его = под белобородым стариком) боз ат кісінеп қоя береді (гнедой конь ржать продолжает; *кісінеу — ржать*). Кенжекей аттың кісінегенінен (Кенжекей от коня ржания = по ржанию коня) оның Шалқұйрық екенін таниды (то что он Шалкуйрыком оказывается, узнает; *тану — опознать; узнать*). Кенжекей мен Құба інген екеуін Ер Төстік те таниды (Кенжекей и Кубу-верблюдицу обеих Ер Тостик также узнает). Сол арада амандасып (в этот промежуток = миг поздоровавшись; *амандасу — здороваться; аман — здоровый; благополучный; невредимый: аман ба? / амансыз ба? — здравствуйте!*), маз болысып қалысады (обрадовавшись остаются = обрадовались; *маз — рад; доволен, маз болу — радоваться*). Бәрі де баяғыдағы айырылған күндегі қалыптарына келіп (все в былые времена в разлученный день состояния придя = возвратясь; *қалып — колодка; форма, модель; положение, состояние*), қайтадан жасарады (снова молодеют). Ер Төстік жас жігіт (Ер Тостик — молодого джигита), Кенжекей жаңа түскен келіншек (Кенжекей — только пришедшей невестки), Шалқұйрық бесті ат қалпына келеді (Шалкуйрык — пятилетки коня в состояние приходят). Одан кейін ұзақ жылдар өмір сүріп (этого после длинные годы/много лет жизнь проживая; *өмір — жизнь; өмір сүру — жить, существовать; поживать*),

мақсаттарына жетеді (целей своих достигают; мақсат — желание; намерение, цель).

Ақсақал шалдың астындағы боз ат кісінеп қоя береді. Кенжекей аттың кісінегенінен оның Шалқұйрық екенін таниды. Кенжекей мен Құба інген екеуін Ер Төстік те таниды. Сол арада амандасып, мәз болысып қалысады. Бәрі де баяғыдағы айырылған күндегі қалыптарына келіп, қайтадан жасарады. Ер Төстік жас жігіт, Кенжекей жаңа түскен келіншек, Шалқұйрық бесті ат қалпына келеді. Одан кейін ұзақ жылдар өмір сүріп, мақсаттарына жетеді.